

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы**

ОРМАНОВ ЖҮНІСБЕК АБДУАЛИЕВИЧ

**БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖАСЫРЫН ЖЫМҚЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

«6М030300-Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:

Арнайы заң пәндері кафедрасының
доценті Е.Е. Каженов,
заң ғылымдарының кандидаты,
әділет кеңесшісі

Қосшы, 2020

Түйіндеме

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі тараудан, алты бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздердің тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертацияның теориялық маңыздылығы зерттеудің негізгі тұжырымдамалары мен қорытындылары, бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерінің, күрделі қиындықтарын кешендік шешу жолдармен қарастырылған. Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік материалдарын қылмыстық заңнамада, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруде, сондай-ақ орта және жоғары мамандандырылған оқу орындарында пайдалануға болады. Диссертациялық жұмыс бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың теориялық негіздері, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру құрамын қылмыстық-құқықтық талдау және ұрлықтың квалификациялық мәселелеріне бағытталған. Зерттеу жұмысының тұжырымдамаларын құқықшығармашылық қызметте, ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалануға болады.

Резюме

Диссертационная работа состоит из введения, трех основных разделов, шести разделов, заключения, списка использованных источников и приложения. Теоретическая значимость диссертации заключается в том, что основные концепции и выводы исследования, актуальные теоретические и практические проблемы скрытого хищения чужого имущества, комплексном решении сложных проблем. Практические материалы диссертационного исследования могут быть использованы в уголовном законодательстве, совершенствовании нормативных правовых актов, а также в средних и высших специализированных учебных заведениях. Диссертационная работа направлена на теоретические основы тайного хищения чужого имущества, уголовно-правовой анализ состава тайного хищения чужого имущества и квалификационные проблемы хищения. Концепции исследовательской работы могут быть использованы в правотворческой деятельности, научно-исследовательской деятельности.

Summary

The dissertation work consists of an introduction, three main sections, six sections, a conclusion, a list of sources used and an Appendix. The theoretical significance of the thesis is that the main concepts and conclusions of the research, current theoretical and practical problems of hidden theft of other people's property, complex solutions to complex problems. Practical materials of the dissertation research can be used in criminal legislation, improvement of normative legal acts, as well as in secondary and higher specialized educational institutions. The dissertation work is aimed at the theoretical foundations of secret theft of other people's property, criminal law analysis of the composition of secret theft of other people's property and qualification problems of theft. Research concepts can be used in law-making and research activities.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1 БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖАСЫРЫН ЖЫМҚЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың түсінігі және қылмыстық құқықтық сипаттамасы.....	10
1.2 Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі, түрлері және оларды саралау.....	19
2 БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖАСЫРЫН ЖЫМҚЫРУ ҚҰРАМЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ	
2.1 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың объективтік белгілері.....	26
2.2 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың субъективтік белгілері.....	39
3 ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҰРЛЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
3.1 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруды ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажырату.....	49
3.2 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру бойынша отандық және шетелдік тәжірибе.....	61
ҚОРЫТЫНДЫ.....	86
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	90

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР:

ҚР	ҚР
ҚР К	ҚР Конституциясы
ҚР ҚК	ҚР Қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК	ҚР Қылмыстық-процестік кодексі
ҚР АК	ҚР Азаматтық кодексі
ІМ	Ішкі істер министрлігі
ҚР ЖС	ҚР Жоғарғы соты
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
РФ	Ресей Федерациясы
ГФР	Германия Федеративтік Республикасы
ҚКСР	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
т.	Нормативтік-құқықтық акт бабының тармағы
б.	Нормативтік-құқықтық акт бабы
б.	Әдебиет беті

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Кез-келген заң бұзушылық іс-әрекет қоршаған ортаға және қоғамға белгілі бір дәрежеде қауіп әкеледі. Ал, қылмыс – қоғамға қарсы ерекше қауіпті құбылыс болып табылады. Қылмыскердің жасаған қылмыс үшін ең алдымен қылмыскердің құрбаны зардап шегеді. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдары қарастырылған.

Қылмыс – ол заң арқылы тыйым салынған, заңсыз жасалынған әрекет немесе әрекетсіз өрескел қылықтар. Яғни, қоршаған орта және қоғам үшін ең қауіпті заң бұзылушылықтардың өрескел көрінісі. Қылмыс алуан түрлі болып келеді, сондықтан да саналы азаматтар құқық қорғау органдарына барынша көмек көрсетуі қажет.

Ата заңымыз бойынша ҚР-да мемлекеттік меншікпен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге қажет.

Меншік иесінің заңдық құқықтары азаматтық құқықтық нормасы арқылы қорғалады. Ал, меншік иесінің меншік құқығына қарсы қауіпті іс-әрекет жасалғанда, қылмыстық құқық нормасымен қорғалады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың қауіпті өсу тенденциясы құқық қорғау органдарының осы қылмыстық құқық бұзушылықпен терең және нақты күресуін талап етеді.

Диссертациялық жұмыс бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың теориялық негіздері, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру құрамын қылмыстық-құқықтық талдау және ұрлықтың квалификациялық мәселелеріне бағытталған. Зерттеу жұмысы бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерінің мазмұнын толық ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Осы тақырыпты таңдау себебім , қазіргі жағдайда халық нарықтық экономикаға бой үйретіп, өзіне қажет кезінде мүлікті қанша керек болса, сонша алады. Бұл мүлік біреулердің еңбектерімен келген деп есептейлік, басқалар оны бұрыс жолмен оларды өз меншіктеріне айналдыруға тырысып жатады.

. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің деректеріне сәйкес 2020 жылдың 1-тоқсанында 54990 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,9% -ға аздығын көрсетеді. ҚР-ғы қылмыс деңгейі 10000 тұрғынға шаққанда 118 тіркелген қылмысты құрады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде 10000 тұрғынға шаққандағы ең жоғары қылмыс деңгейі Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстарында, ең төменгі Түркістан облысында байқалады.

Ауыр және аса ауыр қылмыстар саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 119,8%-ға артты. Қылмыстар құрылымында олардың үлес салмағы 20,3% (2019 жылдың 1-тоқсанында - 9,3%), ауырлығы орташа және төмен 33,8% (66,5%) және 12,4% (14,0%) құрады.

2020 жылдың 1-тоқсанының нәтижелері бойынша тіркелген қылмыстардың ішіндегі ең үлкен үлесті меншікке қарсы қылмыстар алады - 72,7% (2019 жылдың 1-тоқсанында - 76,4%), олардың көпшілігі басқа біреудің мүлкін ұрлау - 23,7 мың оқиға (39,4 мың оқиға.) Айта кету керек, қылмыстың осы тобында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда алаяқтық жағдайлары 10,2% -ға өскені байқалады.

Республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 21,2 мың адамды анықтады (2019 жылдың 1-тоқсанымен салыстырғанда 17,5% -ға аз), 9,2 мың адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды (5,6% аз). Қылмыс жасаған барлық анықталған адамдардың көпшілігі жұмыссыздар - 83,8% (2019 жылдың 1-тоқсанында 84,2%) құрады. Орташа алғанда Қазақстанда қылмыс жасаған әрбір сегізінші адам мас күйінде, әр тоғызыншысы дерлік – топ құрамында болған. Қылмыс жасаған адамдардың жалпы санынан 510 адам немесе 2,4% -кәмелетке толмағандар, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,2% -ға аз. Олардың ішінде төмендегі жас аралығында жасалған қылмыстар: 14-15 жас - 89 (2019 жылдың 1-тоқсанында - 162) адам немесе кәмелетке толмаған құқық бұзушылар санының 17,5% (23,8%); 16-17 жас - 421 (520) адам немесе 82,5% (76,2%) [1].

Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерін саралау, әрине отандық сонымен қатар шетелдік зерттеушілер үшін өзекті әрі тың тақырыптардың бірі болып табылады. Дегенмен, бұл тақырыптың құқықтық-теориялық аспектілері аз зерттелген. Осы тұрғыдан қарастырғанда, бұл диссертациялық жұмыс тақырыбының арқау болып отырған, бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың маңызды теориялық және де тәжірибелік мәселелері өзінің өзектілігін айқын аңғартады. Жоғарыда айтылғандар диссертация тақырыбын таңдауға ықпал етіп, оның өзектілігі мен маңыздылығын анықтады.

Тақырыптың зерттеу деңгейі мен ғылыми зерттеулермен байланысы. Диссертация мәселесі бойынша заң әдебиетінің талдауы, бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы бойынша ғылыми жариялымдардың ғылыми зерттеу туралы жалпы жүйелік ұсынысты құрастыру үшін аздығын көрсетті.

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін жалпы ғылыми диалектикалық танымдық әдістерімен қатар, арнайы логикалық, нақты тарихи, салыстырмалы-құқықтық талдау, әлеуметтік зерттеу сияқты әдістерді құрайды. Зерттеудің теориялық негіздерін отандық және шетелдік заңгер ғалымдардың теориялық және тәжірибелік мәні бар ғылыми еңбектерді қалайды. Алайда пәнаралық сипаттағы еңбектер жеткіліксіз болып табылады.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру

мәселесі күн тәртібінен түспейтін мәселе ретінде қалып отыр. Осыған сәйкес, ҚР-ның қылмыстық заңнамасындағы бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруды жан жақты зерттеу, кешенді ғылыми талдау, тәжірибелік ұсыныстарды дайындау және қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған ғылыми - әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу жатады.

Қойылған талаптар шеңберінде диссертациялық жұмыстың төмендегідей міндеттері анықталды: бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу;

Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың ұғымы мен айрықша белгілерін ашып түсіндіру; бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың мазмұнын талдау;

ҚР-дағы бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға қатысты заңнамаларды бағалап, құқықтық реттеудегі кемшіліктері мен олқылықтарын анықтап, жетілдіру мақсатында ұсыныстар әзірлеу; бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мағынасын толық ашу.

Диссертацияны зерттеудің әдістемелік негізі ретінде әлеуметтік-құқықтық үдерістер мен құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке диалектикалық таным әдісі, сонымен қатар оған негізделген тарихи, әлеуметтік, тарихи-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, математикалық статистикалық, теоретикалық-эксперименталды, формальды-заңдық талдаудың жалпы ғылыми және жеке әдістері құрайды.

Диссертациялық зерттеудің объектісі. Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерімен байланысты, ҚР заңнамаларымен және заңға тәуелді нормативтік актілермен реттелетін процессуалдық қызмет.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы диссертация тақырыбының өзімен, ондағы мәселелерді талдаудың кешенді амалдарымен және осыған байланысты қол жеткен нәтижелермен анықталады. Ұсынылып отырған жұмыста бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелері кешенді түрде зерттелген. Диссертация айтарлықтай теориялық және тәжірибелік қажеттіліктен туындап отырған бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерін көтеріп отқан қазақ тіліндегі алғаш рет қарастырылып отқан еңбек болып табылады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қоғамдық көліктер, базарлар жәнеде халық көп шоғырланған орталықтарда ұрлықшылар көп. Ұрылардың құрығына ілігіп, ұялы телефонынан, ақшасынан айырылған зардап шегушілер өте көп. Ұсталмай, қоғамда үйреншікті ісін жалғастырып жүрген ұрлықшылар қаншама. Полиция ұрлықтың алдын алуға қанша тырысқанымен, оларға тосқауыл бола алмай отыр. Қоғамдағы қауіпті ескере отырып, жәбірленушінің киімінен және де жәбірленушінің жанында болған сөмкелері немесе басқа да қол жүгінен алынған қалта ұрлығы бойынша ҚР ҚК 188-2 бабымен толықтыруды ұсынамын.

ҚР ҚК 188-2 бабы келесі мазмұнда жазылуын ұсынамын:

Қалта ұрлығы, яғни бөтеннің киімінен, жанында болған сөмкелері немесе басқа да қол жүгінен мүлкін жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленуі немесе онсыз, бір мың АЕК-ке дейінгі мөлшермен айыппұл салуға не осы көлемде түзеу жұмыстарына тарту не жеті жүз уақытқа дейінгі мерзімдерге қоғамдық жұмысқа тартуға не үш жылға дейінгі мерзімдерге бас бостандығын айыруға, немесе осы уақыттарға бас бостандығынан шектеуге тартылады.

Мынандай:

1) тұлғалардың тобы алдын ала келісуі арқылы.

меншігі тәркілену, үш мың АЕК-ке дейінгі мөлшерлемеде айыппұл салуға не осы өлшемге түзетуге тарту не бір мың екі жүз уақытқа дейінгі көлемде қоғамның жұмысына тарту не бес жылға дейінгі мерзім көлемінде бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бостандықтан шектеу жазаланады.

Мынандай:

1) бірнеше рет:

мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандықтарың шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығына айыруға жазаланады.

Мынандай:

қылмыстық топтар жасаған;

мүліктері тәркіленіп, бес жыл мен он жылға арасындағы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Елімізде төтенше жағдай кезінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өткізілді. Мемлекет басшысы өз сөзінде індеттің таралуын ауыздықтау үшін Төтенше жағдай және карантин режимін бұзғандарға қатысты шараларды қатаңдату қажеттігін айтты.

Осыған сәйкес, төтенше жағдай, табиғи зілзала, техногендік және өзге де апаттар, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі қауіптілігі жоғары ұрлық жасауды, ҚР ҚК-нің 188-бабының 4-тармағының 4 бөлігіне қосуды ұсынамын.

ҚР ҚК 188 бабының 4-тармағының 4 бөлігі келесі мазмұнда жазылуын ұсынамын.

Мынадай: төтенше жағдай, табиғи зілзала, техногендік және өзге де апаттар, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі жасалған ұрлық.

3. Ұрлық көбінесе жастармен көп жасалады, сондықтан да бұл қылмысты алдын алу қажет. Ұрлықты болғызбау, ұрлықты алдын алу мақсатында оның ауыр қылмыс ретінде қаралатынының және осы қылмысқа барған жағдайда үлкен жаза тағайындалатынын жастарға, қылмыскерлерге ашық, нақты айту қажет. Осындай жұмыстарды, яғни ұрлық қылмысын алдын- алу шараларын мектептерде, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында жүргізу қажет болып табылады. Ұрлықты болғызбау, алдын-алу шараларын жүргізуде құқық қорғау органдары қызметкерлері белсенділік танытуы тиіс.

4. Заңнамадағы болмашы мөлшер деген сөздердің пайдалануы дұрыс емес,

себебі болмашы сөз тіркесі басқаша мағынаны келтіреді болмашы сөзі болымсыз, құнарсыз, мардымсыз деген сөздерге келеді сондықтан ҚР ҚК 3-бап 10 бөліміндегі болмашы деген сөзін, аз сөзіне ауыстырған дұрыс.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік құқықтық негізі. Зерттеудің нормативтік құқықтық базасы ҚР Конституциясы, ҚР-ның қылмыстық заңнамасы, ҚР-ның Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары және сот органдарының тәжірибелік материалдары құрайды.

Диссертацияның теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу нәтижесі осы саладағы одан әрі зерттеулер үшін негіз бола алады. Диссертацияның теориялық маңыздылығы зерттеудің негізгі тұжырымдамалары мен қорытындылары, бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерінің, күрделі қиындықтарын кешендік шешу жолдармен қарастыруға және негіздеуге мүмкіндік ашады. Диссертациялық зерттеудің тәжірибелік материалдарын қылмыстық заңнамада, нормативтік құқықтық актілерді жетілдіруде, сондай-ақ орта және жоғары мамандандырылған оқу орындарында пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы және жариялануы. Диссертациялық зерттеу жұмысы ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясының Жалпы құқықтық пәндер кафедрасында орындалды, диссертацияның негізгі теориялық тұжырымдары мен ұсыныстары аталған кафедра отырысында талқыланып, жүзеге асырылды және ғылыми ізденістер нәтижелері РФ-ның Студенттік форум журналының №19(112) жарияланымда көрініс тапты.

Диссертация құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыстың құрылымы қойылған мақсат пен міндеттермен анықталған. Диссертацияда аталған сауалдар құрылымдық-логикалық тұрғыдан байланысты болып келеді және бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерінің мазмұнын толық ашады. Диссертация қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖАСЫРЫН ЖЫМҚЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың түсінігі және қылмыстық құқықтық сипаттамасы

Ата заңымыздың 6-бабы бойынша, ҚР-да мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірінғай қорғалады. Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану қоғамның игілігінде қызмет етуге қажет болып табылады. Меншік субъектілері, объектілері меншік иесінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, меншікті қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді [3].

Сонымен қатар, ҚР АҚ-нің 188-бабы бойынша субъектінің заң құжаттарымен танылатын және де қорғалатын өзіне тиісті мүлікті өзінің қалауынша ие болу, пайдалану және оған билік етуі – меншік құқығы болып табылады [4,188б.].

Осыларға сәйкес меншік иелерінің меншікке заңды құқықтары азаматтық құқықтық нормаларымен реттеледі. Ал, меншікке қауіпті іс-әрекет арқылы қиянат жасалғанда қылмыстық құқық нормасымен қорғалады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың топтық объектісі дегеніміз, меншік иесінің иелену, пайдаға алу немесе оған билік етуге құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар саналады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісінің мүліктің дәл бір нысаны – елдің, бірлестіктің, қоғамдық ұйымның, басқа ұйымдардың сонымен қатар жеке тұлғалардың меншігіне қол сұғуы. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың затына адамның еңбегімен жасалған кез-келген материалдық дүниелер мен заттарды жатқызамыз. Адамдардың ақыл-ойы, идеясы және заттық белгісі болмағандықтан, осы қылмыстардың заты болып саналмайды. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың нақты өте көп таралған сонымен қатар қоғамға қатті қарсысы – ұрлық болып табылады.

Қылмыстық заң бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру бойынша, оның жасалу іс-әрекетіне сәйкес белгілі бір жауаптылықты көрсеткен. ҚР ҚК-тің тиісті баптарына бөліп, нормативтік тұрғыдан қарастырған [5,332б.].

Қылмысқа қатысушылық мәселесі қылмыстық құқықтық институты ретінде ерте заманнан келе жатыр және әрдайым заң шығарушылардың тарапымен жетілуде. Бұның себебі, қылмысқа қатысушылық мәселесі қоғам дамуынсыз және құқықтық тұрғыда арнайы баға берусіз-ақ, қылмыстық құқықтық негізде болуына сәйкес болып табылады. Себебі, ерте заманнан беріде қылмыс болып табылған адам өлтіру, адамдарды жарақаттау, ұрлық сияқты қылмыстардың қоғам үшін қауіптілігі күмәнді тудырмаған және де аталған қылмыстарды жасау, осы қылмыстарға қатысу қылмыстық іс- әрекеттің жеке нысанын білдірген. Бірақ, сол кезеңдердегі қылмысқа қатысушылыққа байланысты мәселелердің шешілуі, қазіргі уақыттағы деңгеймен салыстыруға

келмейді, өйткені қоғамдық болмысты танудың жеткілікті дәрежеде болмауының нәтижесінде құқықтық реттелуге жатқызылатын елеулі мәселелер өз шешімдерін таппаған және де осындай жағдайлар құқықтық мазмұнда қарастырылғанның өзінде де сапалы әрі нақты түрде шешілмеген болып табылады. Мысалы, Ерте кезеңдердегі Ману, Хаммурапи, Рим заңдарына сәйкес қылмысқа қатысушылық пен қылмысқа жанасу екеуі бір-бірінен ажыратылмай, қылмысқа жанасушылықты құрайтын алдын-ала келісімсіз берілмей қылмысты хабарламау немесе жасыру, қылмысты жасауына жол беру іс-әрекеттерін қылмысқа қатысушылық ретінде қарастырған [6,208б.].

Әлеуметтік құндылықтардың жүйесінде, меншік құқығы адамдардың әлеуметтік игіліктерінің ең маңыздысы ретінде танылады. Мүлікті қылмыстық қол сұғушылық қорғау ҚР ҚК-нің негізгі басты міндеттері. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар-мүліктің меншік немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып немесе залал келтіру қауіпін тудырумен байланысты ҚР ҚК-де көзделген нысандармен жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттер. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар болып азаматтық құқыққа сәйкес, меншік объектілері деп саналған бұйымдар мен мүліктер танылады. Меншікке қажет қылмыстың затына адамның еңбегімен жасалған кез-келген материалдық дүниелер, заттар жатқызылады. Сонымен қатар ақша, бағалы қағаздар, айналымнан алынбаған басқа да қозғалатын немесе қозғалмайтын мүліктерде жатады.

Ұрлық жасаумен мүлікті алғанда айыпты мүлікті өзінің пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына ауыстырады. Ұрлық жасаушы меншікке өз меншігі секілді билік жасайды, бірақта заң жүзінде ол меншіктің иесі болмайды, өйткені меншікке құқықты қылмыстық жолмен алу мүмкін болмайды. Сол себепті, жәбірлеушінің ұрланған затқа меншіктік құқығын ұрлық жоғалтпайды.

Қылмыстық құқықтық доктринасында даулы мәселелердің бірі- қылмыстың объектілерін анықтау. Меншікке қарсы қылмыстар объектілері мен заттарын зерттеу сияқты қоғамға қауіп-қатердің сипатары мен дәрежелері анықталуына, сондай-ақ көзделген қылмыстардың дұрыс бағалауға жағдай жасайды. Әрбір қылмыстар белгілі-бір сипатта қылмыстық-құқықтық қорғау объектілеріне қастандық тудырады және сонымен бірге сол объектімен олардың қоғамдық қауіптілігі көзделеді. Қылмыстың объектісі қықтық- қылмыстық тыйымның негізін, заңмен тыйым салынған іс-әрекеттердің шеңбері мен шектерін, олардың қауіптілік дәрежесі мен сипатын сипаттайды. В.Н. Кудрявцевтің пікірі бойынша, қылмыстың қастандық объектілерін белгілеулер арасында қажетті норманы мұқият іздестіру керек болатындай жартылай құрамдары топшасын таңдап алуына алдымен құрастырған бағыт секілді табылады [7,35б.].

Соған орай, Никифоров Б.С. бойынша, қылмыстық заңнамамен қорғайтын объектіге залал, зиян әр түрлі емес, негізі мен объектінің өз қасиеттерімен айқындалатын белгілі-бір нәтижелермен ғана келтірілуі мүмкін, деп көрсеткен

[8,137б.].

Н.И. Коржанскийдің ойынша, қылмыс объектісінің материалдық құрамын анықтау үшін шешуші маңызы бар [9,24б.]. Ал, А.В. Кузнецов қылмыстық құқықтың Ерекше бөлігінің жүйесін құру үшін қылмыс объектісінің маңызды екендігін алға тартады. Қылмыстың объектісіне қарай, қылмыстық заңнама әртүрлі қылмыстарды жеке-жеке топтарға біріктіріп, олардың қылмыстық құқық жүйесіндегі орнын анықтайды. Осы жайтта бірінші орына белгілі-бір қоғамға нақты дәл, осы бойынша бағалы болатын өте нақты мүдделерге қарсы қастандық келтіру қауіпті қылмысты жіктеп алу [10,65-66б.].

Бүгінгі күнде заң әдебиеттерінде қылмыстық-құқықтық қорғау объектісілерінің мәні жөнінде төрт түрлі ой қалыптасқан. Біріншіден, кеңестік қылмыс құқыққа тән оның қоғамдық қатынастар ретінде қабылдануы. Екіншіден, ғылыми әдебиеттерде қылмыстың тікелей объектілері азамат, яғни қылмыстық қастандықтар кімдерге бағытталса, осы болып табылады. Үшіншіден, кейбір әдебиеттерде қылмыстың тікелей объектілері қылмыстық заңнама мен қорғалатын игілік деген ұстаным мен қолдау тапқан. Төртіншіден, қылмыстық құқық теориясы әлі толықтай ұсынылмаған қылмыс объектілеріне белгілі-бір заңмен қорғалатын мүдделі ретінде қарау [11,7б.].

Қылмыс адамзатпен жаралғаннан бері, адамзатпен бірге жасасып келе жатыр. Қылмыс алға озбаса, артта қалып кеткен емес, адам да соған бейімделуде. Заманауи жетістіктерге жетуді, білім алуды, өнертабыс ойлап табуды үйренбесе де, қылмыс жасау үйреншікті нәрсеге айналды. Қылмыс дегенің қиын нәрсе ғой. Күшінді жұмсап жасайды, аямай ала жіпті аттайды. Өзгенің жанын жабырқатып, өзінің арын дегдітіп қояды. Ал бірнәрсені үйрену, таза жүру, адал ойлау – оңай. Сана сергек, көңіл тұнық. Бірақ қылмыстың бір артықшылығы – адамның бас қатырмай әрекет жасауында. Не ойланбайсың, не мәселенің байыбына бармайсың, тек тігісін жатқызып істеп кетсең болғаны, оңай пайдаға кенел де жүре бер. Талай сөйтіп жүріп тұтылатынын, торға түсетінін де біледі. Бірақ бәрібір қолын былғайды. Осы қылмыс атаулының ішінде көш бастап тұрғаны ұрлық екен. Бұл мақала барысында әлемде қай қылмыстың бәсі биік екеніне назар салынбаған. Ұялы телефонымды ұрлаттым, автобуста әмиянымды сыпырып кетіпті деген сөздерді талай естідік [12].

Елімізде жүргізіліп жатқан қылмыстармен күрес шараларына қарамастан және де мемлекет жағынан күресу аппараттарының (құқық қорғау органдарының) саны мен сапасының жоғарлағанына қарамастан қылмыстылық көрсеткіштері азаюының орнына көбейіп отыр. Оның бірнеше мәселелерін анықтауға болады: қылмыстылықпен күрес туралы мемлекеттік аппараттар жұмысының бір-бірімен үйлесімі мен қатаңдатылған режимдегі жұмысы; көрсетілген топтағы қылмыстардың латенттігі аса жоғары, тіркеуге жетпеу немесе тіркеуден жасырылу нәтижелері көптеп сипатталып, жалпы қылмыстылық санының көбеюіне алып келді; жасалған қылмыстар үшін пайдаланылатын жазалардың қатаңдауы; қылмыстылықтың алдын алу, болдырмауға байланысты кешенді криминологиялық нәтижелердің

жүргізілмеуі; әлемдік жаһандану кезінде қылмысты істеу құралдары мен әдістер әрдайым жанартыла түсіп қылмыстармен күрес мәселелерінің алдын орап кетуі; қылмыстарға сәйкес жалпы арыздар мен хабарламалар құқық қорғау органдарында нәтижелі тіркеу жүйесін енгізу сапаға емес санға таласу жайттарының орын алуымен түсіндіріледі.

ҚР ҚК-нің Ерекше бөліміндегі қылмыстарға теориялық талдама берілген. Ерекше бөлім қылмыстың дәл құрамына қолданатын қылмыстық- құқықтық негіздермен және жалпы бөлімнің санаттарымен тығыз байланысты қылмыстардың тізімдерін ұсынады. Меншікке қарсы қылмыстар – адамның құқықтары мен бостандықтары нәтижесінде меншікке құқықтың алатын орны маңызды, өйткені ол адамның жеке басының сәттілігін анықтайтын көрсеткіш. Бұл құқықтар экономикалық байланыстарды реттейді, сол үшін олардың атқаратын міндеті мол. Меншікке қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау ҚР ҚК-нің басты міндеттерінің бірі. Меншікке қарсы қылмыстарды кей кезде мүліктік қылмыстар деп те атайды. Қылмыстың объектісін дұрыс анықтау өте маңызды. Меншікке қарсы жасалған кез-келген ұрлық және басқа да қылмыс қоғамға қауіпті, өйткені ол анықталған қатынастарды бұзады [13,224б.].

Мысалы күшін жойған, ескі қылмыстық кодекісінде меншікті талан-таражға салу түсінігінде, жалпы қылмыстық кодекісіндегі ұғымдарын түсіндірілуге арналған арнайы бап болмағанды. Ал кәзіргі қолданыста жүрген қылмыстық кодекісіндегі 3-бабында Осы Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндірулу деп аталып оның 17- ші бөлімінде жымқыру – бөтеннің мүлкін осы мүліктің меншіктік иесіне немесе өзге иеленушілеріне залал келтіре отырып, кінәлі адамдардың немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсаттарда жасалған қылмыстық құқықтарға қарсы өтеусіз алып қоюлар және айналдырулар деп көрсетілген. Баяғыда бұл түсініктер

175-баптың ескертуінлерінде ұрлық деп аталып ғылыми әдебиетте бөтеннің мүлкін талан тараж деп есептеп қолданылып ұрлық – деп пайдакүнемдік мақсаттарында бөтен мүліктерді осы мүліктерді меншік иелеріне немесе өзге иеленушіге залал келтіре отырып күдіктінің немесе басқа адамдардың пайдаларына заңсыз және қайтарымыз алып қою және айналдырулар танылып тур .

Яғни, ұрлықтың түсініктері жымқыру түсінігінде, сонымен қатар айыпты және кінәлі адамдар түсінігіне ауыстырылған. Кінә түсінігі кінәлі адам түсініктерімен байланыс жасалып бірізділендірілуі қуантатын болуы, орыс тіліндегі хищение сөзінің осы жолы жымқыру сөзіне өзгертіліп қолданулары дұрыс емес сияқты. Себебі жымқыру сөзі қазақтарда әрекеттері жасырын түрде жасалынғандықтарын сипаттайды. Барша пайдакүнемдік мақсаттағы қылмыс жасырын жасалынбайды.

Ескі қылмыстық кодекістегі 6-тарауында Меншікке қарсы қылмыстар делінсе жаңа кодекісте Меншікке қарсы қылмыстық құқықтық бұзушылық деп жазылған. Яғни, баяғыдағы қылмыскерлер қазіргі қолданыстағы кодекіс бойынша қылмыстық құқық бұзушы. Күшін жойған кодекіске сәйкес 6-тарау

175-188 баптардың аралықтарында қамтыған 17 баптан тұрса, қазіргі қолданыстағы кодексте [14,123б.] бойынша 187-204 баптар қамтитын 19 баптарды қамтиды. Баяғыдағы 183-1, 184-1 болып жазылған баптардың келесі ретті арнайы баптармен жазылған, сонымен қатар қазіргі қолданыстағы ҚР ҚК-не 188-1 мал ұрлығы жеке бап болып енгізілді.

Меншік құқығында ұйымға тиісті немесе оның қарауындағы бөтен біреудің меншігін ұрлау, алаяқтықтар жасау, иемдену алу немесе ысырап ету сияқты арнайы жасалған ұсақ түйек ұрлық қылмыстық жауаптылықты болдырмайды. Бұны жасауға кінәлі адамдар заңға сәйкестендіріліп әкімшілік жауапқа тартылады. Ұрланған мүліктің бағасы әрекет жасаған кезде ҚР-ның заңнамасында көрсетілген он еселенген АЕК мөлшерінен аспайтын болғанда, жасырын жымқыру ұсақ-түйек ұрлау деп саналады.

Сонымен қатар қазіргі қолданыстағы кодекстің 3-бабының 10-бөлімі болмашы яғни аз көлемдегі мөлшерге – 187-бапта – ұйымдарға тиесілі мүліктің он АЕК-тен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі АЕК-тен аспайтын құны - деп анықтама берілген.

Алайда, қазіргі кодекстегі 187-баптың 1 бөлімінің диспозициясы біріншіден, бұл жымқырудың ұсақ-түйектігін емес, болмашы мөлшерде жасалынған деп қылмыстық құқық бұзушылықтың мөлшерін қамтымасыз еткендей сипатталған. Мысалы: бір реттен аспайтын деген сияқты. Осы жерде аудармашылар осы баптың 2-бөлімінде бір немесе бірнеше рет жасаған ұсақ-түйек жымқырулар болғандықтан бірінші бөлімдерді түсінбеген сияқты. Екінші тонау, қарақшылық жымқыруға жатпайдыма? Бөтеннің мүлкін иемденіп алу талан таражға салу сияқты осы жерде ұрлықтың, алаяқтықтың, қарақшылықтың, тонаудың аяқталған нәтижесі ретінде қаралып тұрғандай немесе 189 бапқа сәйкес, сеніп тапсырылған деген сөзді қосу қажет.

Сонымен бірге, заңнамадағы болмашы мөлшер деген сөздердің қолдануы дұрыс емес сияқты себебі болмашы деген сөз тіркесі, сол себепті ҚК 3-бап 10 бөлімін аз мөлшер немесе ұсақ мөлшер деп ауыстырғаны дұрыс болар. Яғни 3-баптың 10 бөлімі төмендегідей өзгертіліп, көрсетілсін: 10) аз мөлшер – 187-бапта – ұйымға тиесілі мүліктің он АЕК-тен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі АЕК-тен аспайтын құны;

Айырмашылықтары, біріншіден, баптың есептік ретіндегі 175-тен 188-ге ауыстырылуы, екіншіден, жоғарыда айтылған ұрлау сөзінің орнына жымқыру, үшіншіден, санкциядағы жазаның қатаңдалуы яғни, мүліктерді тәркілеу немесе онсыз бір мың АЕК-ке дейінгі айыппұл салынуы. Алайда, ескі кодексте аз дегенде екі жүз АЕК-тен деп айыппұлдардың төменге мәжесі бекітілген болатын еді. Төртіншіден, бұл баптың құрылымындағы, яғни 2- бөлімінің 4-пунктпен ақпараттық жүйеге заңсыз кіру не телекоммуникациялық желісіне сәйкес берілетін ақпаратты өзгерту арқылы жасалған ұрлық толықтырылуы. Осы заң шығарушылардың заман талабына сәйкестендіріп уақытылы жасаған қадамдары. Себебі қазіргі кезде қоғамдық қатынастардың елеулі бөлігі бір электронды әдіске көшті және осы өзгертулер қылмыстық құқық бұзушылардың

да әдіс-тәсілдерімен жетілдіруге итермелеп отырады. Бесіншіден, ескі кодексте бұл бөлімде орын алынған мұнай газ құбырларынан жасалған, ұрлықтың қолданыстағы кодексте осы баптың 4- бөлімінде ауырлататын санатарға енгізілгенін көреміз [14,125б.]. Алтыншыдан, қолданыстағы кодекстің осы бабындағы 2-бөліміндегі санкциясына үш мың АЕК-ке дейінгі мөлшерлемеді айыппұлды салуға мүмкіндіктері қарастырылған. Келесіден, осы баптың 3-бөлімінде тұратын тұрақты, өндіріс немесе қызмет үй-жайына, автокөлік немесе қоймада құралына заңсыз кірумен және 4-бөліміндегі мұнай газ құбырынан деп қылмыстың жасалу орнына байланысты жаза тағайындалып саралануы дұрыс емес.

Себебі , қылмыстық құқық бұзушылықта ол емес сол құқық бұзушылықтан келтіретін зардап ескеріліп, сол залалдардың деңгейіне сәйкестендіріліп жаза белгіленгені дұрыс және қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір орындарына арнайы кодексте енгізуге міндеттемейді. Сондықтанда, «Тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға қоймаға немесе көлік құралына заңсыз кіруімен яғни, 3-бөлімнің 3- пунктін және мұнайлар газ құбырына делінген 4-бөлімнің 2-пунктін алып тасталу керек [14,126б.]. ,

ҚР ҚК-не 188-1 мал ұрлығы жеке бап болып енгізілді, төрт түлікті ұрлау, яғни өзгенің малын ұрлау – меншігі тәркіленіп, 3 мың АЕК-ке дейінгі мөлшермен айыппұл салуға немесе сол мөлшерлерде түзеу жұмыстарына, немесе бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан шектеуге, немесе сол мерзімге бас бостандығын айыруға жазаланады.

Мынадай: алдын ала сөз байласумен адамдар тобымен жасаған; ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – меншігі тәркіленіп, 3 жылдан 7 жылға дейінгі уақытқа бас бостандығынан ажыратуға жазаланады.

Осындай: бірнеше рет; кәсіпорын, тұрғын үйдің, мекеменің, ұйымның, малдың қорасы, қашаның не бөтен қойманың ауданына кірумен жасалған мал ұрлау – мүлкілері тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімдерге бас бостандығынан айыруына жазаланады.

Мынадай: қылмыстық топтар жасаған; аса бір ірі мөлшерде жасалған мал ұрлығы бойынша – мүлкі тәркіленуі, жеті жылдан он екі жыл аралығында дейінгі мерзімге бас бостандығына айыруға жазаланады[15,188-1б.].

Елімізде қасақана қылмыстың бірнеше түріне берілетін жаза қатаңдатылып отыр. Ол қылмыстар тізіміне мал ұрлығы да енген. Бас прокурордың орынбасары М. Ахметжанов Орталық коммуникациялар қызметінде аталмыш бап туралы толыққанды түсініктеме берді. Әлемдік тәжірибеде көптеген мемлекет қоғам мен экономика үшін маңызды заттарға қол сұғу қылмысына арнайы баптар көрсеткен. Осы баптар неғұрлым қатал жазаларды сипаттайды. Германияда электр тасымалдау тапшылығы мен бағасының жоғарлығына байланысты электр қуатын ұрлағаны бойынша жеке жауапкершілік көздеген. Қытайда тарихи жәдігерлерді ұрлау, сонымен қатар өзге елге шығару қатаң жазаланады. Ал, етті өндіру маңызды болып табылатын Аргентинада малды ұрлау қылмысы бойынша жеке әрі ауыр жаза

қарастырылған. Біздің еліміз үшін де төрт түлік малдың орны ерекше, – деген Бас прокуратураның қызметкері осындай қадам мал ұрлығының саудаға айналуынан туындағанын атап өтті.

Ұрылардың жазасы қатаңдатылады Елімізде жыл басынан бері 36 мың адам ұрлық жасаған. ІІМ-нің бірінші орынбасары Ж. Сүлейменовтің айтуынша, елімізде жыл басынан бері ұрлық жасаған 36 мың адам ұсталды. Оның 1705-і мал ұрлаған. Ұрылардың шамамен 40 пайызы бұрын да осы қылмыс бойынша ұсталған адамдар. Яғни, 17 мыңға тарта адам бұған дейін ұрлық бабымен сотталғандар. Ал мал ұрлығы бойынша полицияның есебінде 2,8 мың адам тұр. Жыл басынан бері 3,5 мың ұры қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның 648-і мал ұрлығына байланысты сотталды, – деді бірінші вице-министр сенатта өткен дөңгелек үстелде. Мұндай тәжірибе ТМД елдерінің көбінде бар. Мәселен, іргедегі Өзбекстанда қайталанған ұрлық ауыр қылмыстардың санатына жатады. Тіпті ол елде қайта ұрлық жасағандар 8 жылдан 15 жылға дейін сотталып кетуі мүмкін, – дейді ІІМ-нің бірінші орынбасары.

ЖС-тың судьясы Е. Әріпов мал ұрлығы қай өңірлерде көп кездесетінін айтып берді, статистика көрсетіп отырғандай, жыл басынан бергі 9 айдың қорытындысы бойынша сотта 251 қылмыстық іс қаралып, 464 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 251 істің ішінде тараптардың татуласуымен 226 адам қылмыстық жауапкершіліктен босатылған. 203 адам сотталып, бір адам ақталған. Сот үкімімен аталған істерде 70 адам бас бостандығынан айырылды. Оның айтуынша, мал ұрлығына көп жағдайда жұмыссыздық, ақшаның жетіспеуі мен иелерінің малды қараусыз қалдыруы себеп болып жатады. Талдау жұмыстары көрсетіп отырғандай, мал ұрлығы бойынша қылмыстық істердің көбі Түркістан (71 адам), Алматы (57 адам), Қызылорда (91), Шығыс Қазақстан (49) облыстарының соттарында тіркелген. Маңғыстау облысында мал ұрлығының ең төменгі көрсеткіші байқалған (бар жоғы екі адамға қатысты бір қылмыс). Шымкент қаласында (5 адамға қатысты 2 іс) және Ақмола облысында (6 адамға қатысты 3 іс), Қарағанды облысында (12 адамға қатысты 4 іс) да мал ұрлығы аса көп емес [16].

Қылмыстық құқықта қылмыс заты ретінде құнды заттар, ақша мен құнды қағаздар түсініледі. Қылмыстық құқық меншікке қарсы қылмыс затының міндетті белгісі ретінде оның физикалық, экономикалық және заңдық қасиеттерін айтады. Зат ретінде тек материалды әлемнің заттары танылады. Мүліктік қылмыстың құралы ретінде адамның көзқарасы мен идеялары, оның намысы мен адамгершілігі танылмайды.

Қаралған қылмыстардың заттары болып тек белгілі бір экономикалық құндылығы бар, яғни адамның белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыратын (тұтыну бағасы), және белгілі бір дәрежеде адам еңбегінің затқа айналған (айырбас бағасы) заттар табылады. Адамға қажет болмағаннан кейінгі оның қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетсіз зат қылмыстық озбырлықтың құралы болып табылмайды. Ереже бойынша, адам еңбегі сіңбеген табиғат объектілері меншікке қарсы қылмыстың заты болып табылмайды [11,23б.].

Негізгі назарға алынатын сұрақ: меншікке қарсы қылмыс заты ретінде, оның ішінде ұрлықта, электрлік және жылу энергиясын қабылдауға бола ма? Қылмыстық құқықтың үстемдік етуші отандық доктринасында энергияның бірде-бір түрі ондай зат ретінде танылмайды, қанша дегенмен материалдық белгі жоқ оларда, яғни ол материалдық атрибуттан айырылған. Дегенмен нарықтық қатынас жағдайында энергияның берілген түрлері әлдеқашан тауар статусын алып қойған, яғни оларға төленеді. Олардың шығарылуына еңбек кетеді, олар тұтынушылық құндылыққа ие немесе жеке, шығармашыл және басқа да қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған. Заманның техникалық құралдардың арқасында олар мүліктік формаға ие болды. Егер бір адам бір тонна мазут ұрласа – бұл ұрлық, бірақ егер ол өндіріске сол тонна мазут қолданылған бірнеше мың киловатт-сағат электроэнергияны ұрласа, ұрлық жоқ. Бірақ қандай жағдайда да иеленуші қаржылай зиян шегеді, ал айыпкер ол уақытта өз пайдасына өзіне сай құндылықтағы игілікті аударады. Айтылғандардан шығатын қорытынды адам еңбегі кететін энергияның барлық түрін меншікке қарсы қылмыс заты, оның ішінде ұрланатын мүлік ретінде танылуы қажет.

Мүліктің қылмыс заты ретіндегі үшінші белгісі – заңдық. Ол былай түсіндіріледі, қылмыс мүлігі ретінде кез келген біреудің иелігіндегі зат танылуы мүмкін. Жоғарғы Сот Пленумының № 15 Қаулысының 2 пунктінде 2003 жылдың 21 желтоқсанынан бастап Соттың қылмыс

тық заңды мүлікті ұрлау істеріне қатысты қолдануы туралы, заңында егер мүлікті алу кезінде айыпталушы оның иесі емес немесе заңды түрдегі қожасы болмаса, онда мүлік немесе оған деген құқық біреудікі болып табылады.

Өз мүлігіне қатысты, иелік ету немесе басқа істерді істеу мүліктік қатынастарды бұзу болып табылмайды, ал сондықтан да меншікке қарсы қылмыс ретінде танылмайды. Соған ұқсас жағдайлар, белгілі бір жағдайларда ғана қарастырылады, мысалы, бұзақылы.

ҚР ҚК 188 бабының 1 ескертпесінде ұрлық заты деп бөтен мүлік аталған. Таяудағы уақытқа дейін бөтен мүлік ұғымын 1995 жыл 25 сәуіріндегі ҚР ЖС-ның Соттардың меншікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы, Пленумы ашып жүрген болатын. Аталған қаулының 1 тармағына сәйкес, айыптының меншігіне немесе заңды иелігіне жатпайтын мүлік бөтен болып табылды [17,73б.].

Келтірілген қағиданың едәуір қарама-қайшылығы бар. Аталған Қаулының мағынасына жүгінсек, егер мүлік айыптының заңды иелігінде, мысалы, келісім-шарт негізінде сеніп тапсырылған болса, ол бөтен болып табылмайды. Онда айыптыға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу – иелену немесе ысырап ету (ҚР ҚК 176 б.) – қылмыс болып есептелмейді, себебі бұл арада оның бөтен мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деген міндетті белгісі жоқ. Сенімді теріс пайдаланып алаяқтық арқылы мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсуді саралау кезінде де дәл осындай қарама-қарсылық пайда болды.

Алайда аталған акт 2007 жылдың 6 ақпанындағы ҚР ЖС Пленумының ҚР ЖС Пленумының кейбір қаулыларын күші жойылған деп табу туралы №8 Қаулысына сәйкес, өз күшінен айырылған кезде проблема өздігінен шешілгендей болды. Бірақ қылмыстық заңнамада қолданылатын және қылмыстың затын сипаттайтын бөтен мүлік, ұғымы анықталмай қалды. Осыған байланысты, осы жағдайды шешуге әрекет жасап және осыдан бұрынғы заң шығару тәжірибесін қолдана отырып, бөтен мүлік деп айыптының меншігіне жатпайтын мүлікті ғана керек.

1995 жыл 25 сәуіріндегі Пленум Қаулысының жоғарыда аталған ережесіне назар аударсақ, біздің пікірімізше, бөтен мүлік анықтамасынан: немесе айыптының заңды иелігінде, деген сөздерді алып тастаған мақсатқа сәйкес болады. Мұндай өзгеріс бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің басқа түрлерін – ұрлықты, тонауды және т.б. сипаттау кезінде қарама-қайшылық туғызбайды [11,25б.].

Қылмыстық құқықта бөтен мүліктің ерекше түрі ҚР ҚК-тің 189 бабында қарастырылған сеніп тапсырылған мүлік болып табылады. «Бөтен мүлік» ұғымының шеңберін анықтау үшін шектері еліміздегі нарықтық қатынастар жағдайында едәуір кеңейген «сеніп тапсырылған мүлік» ұғымының мазмұны туралы анық түсінік қажет.

ҚР ҚК-тің 188 бабына сәйкес, ұрлық деп бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруды айтады. Ол бірінші топтағы объективті жағы меншіктің жасырын, яғни иесіне және өзге де адамдарға білдіртпей алынатынын білдіреді. Жасырып алынғандығын анықтағанда субъективті те, объективті де критерийлерді ескеру керек. Меншікті жасырып алған болып саналады: біріншіден, жәбірленуші немесе басқа адамдар болмаған кезде және кінәлі осы жайтты білген болса; екіншіден, осы тұлғалар бар болғанымен, мүлікті оларға білдіртпей алған болса; үшіншіден, мүлік айыптының қимылдарының құқыққа қайшы болуын білетін жоғарыда аталған адамдардың көзінше алынып қойса және айыпты әрекетті білдіртпей жасадым деп қателессе; төртіншіден, меншік айыптыға қарсыласуға, оны әшкерелеуге жағдайы жоқ өзге адамдардың көзінше алып, айыпты осы жағдайды түсінсе. Ұрлық меншікті иеленген оны билік ету мүмкіндігінен бастап аяқталған қылмыс болып табылады.

Ұрлық пайдакүнемдік негізде бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе басқа иеленушісіне қиянат жасай отырып айыптының немесе өзге да адамдардың пайдасына заңсыз қайтымсыз алып қою және (немесе) айналдыру саналады. Ұрлық объектісі, меншік болып табылады. Осы қылмыстың заты - материалдық дүниенің заты түріндегі, нақты бағасы бар (заттар, тауарлар, бұйымдар, ақша, т.б) өндіру үшін адам еңбегімен келген, сондықтан да ақшамен бағалана алатын бөтен мүлік.

Ұрлыққа тән сипат – оның өзгеге білдіртпей жасалуында. Ұрлықтың жасырындық сипатын анықтағанда айыптың ниетіне, яғни оның ұрлықты субъективтік қабылдауына баса назар аудару қажет. Ұрлық болады деп санау үшін айыпты жасырын ұрлық жасауға ұмтылуы, бөтен мүлікті жасырын түрде

иеленуге оның ниеті болуы тиіс. Егер айыпты, өзінің мүлікті заңсыз иеленуін ұғынған бөгде адамның араласуына мүмкіндік бермей, қалыптасқан жағдайға байланысты әрекет жасаса да ұрлауда жасырындық сипат болады.

Жасырын ұрлауды саралау үшін мүліктің алынуы тек меншік иесіне ғана емес, оны күзетушіге де, үшінші адамға да білінбеуі тиіс. Олар ұрлық жасалған кезде, не сол жерда болмайды, не болған кезде де ұрлықтың жасалғандығын сезбейді. Егер айыпты өз, әрекетінің қылмыстық сипатының белгілі болғандығын ұғынбай, қылмысының құпиялығына өзі күмән келтірмей әрекетін әрі қарай жалғастырса, ол ұрлық болып саналады. Егер айыпты, әрекетінің белгілі болғандығын ұғынып ұрлығын доғарса, егер ол еш нәрсе алып үлгермесе, онда оның әрекеті не ұрлыққа оқталғандық саналады, егер ол қандай да бір құндылықты алып үлгерсе аяқталған ұрлық болып саналады.

1.2 Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түсінігі, түрлері және оларды саралау

Қылмысты саралау бойынша тәжірибе және теория тұрғысынан қарастырғанда да, маңызды мәселелердің бірі, өйткені қылмыстық заңнаманың қолайлығы да, осы заңнама қолданған тұлғаның тағдыры да жасаған әрекеттің қай жағдайда сараланғандығына қатысты болып табылады. Сонымен бірге, ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімнің нормаларын қолдануда заңсыздыққа жол бермеу, маңызды мәселелердің бірі. Мұндай жат қылықтарға, кемшіліктерге жол бермеу үшін сот тергеу материалдарына терең талдау жүргізіп, осы тұрғыдағы әр түрлі теориялық пікірлерге толық, жан- жақты ғылыми талдау жасап, осы қылмыстан сақтандыруға негіз болатын ғылыми ұсыныстар жасау міндетіміз. Нормалардың мазмұнына көз жүгіртсек, жекеленген қылмыс құрамының ерекшеліктерін анықтау, яғни қылмыс құрамына заңдылық талдау жасау болып табылады.

ҚР-да жеке меншікте, мемлекеттік меншікте бірдей дәрежеде танылады және заңмен қорғалады. Кез келген адам өз меншігіндегі мүлікті иеленуіне, пайдалануына және оған билік етуге құқылы. Ешкімді өзіне тиісілі мүлкінен сот шешімінен басқаларды қоспағанда, айыруға болмайды. Меншікке қарсы қылмыстар дегеніміз, иелік ету құқығын бұзып, меншік иесіне өзге де әдістермен мүліктік залал келтірумен немесе осындай залал тигізуге қауіп- қатер жасаумен қатысты әрекетті айтады. Қолданыстағы ҚК-те көрсетілген меншікке қарсы қылмыстардың түрлері әс қимылды жасау ниеті мен тәсілдері бойынша сипатталады.

Қылмыстық заңнамаға қарсы істелген іс-әрекетті нақты белгілі қылмыс құрамына бағалау және осы іс-әрекетке ҚР ҚК-нің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарға сәйкес құқықтық бағалауды қылмыстық құқық теориясы қылмысты саралау деп атайды. Қылмысты дұрыс саралау - құқық қорғау органдарының қызметтік борышы, нақты міндеті болып табылады.

Біріншіден, қылмысты саралау заңнамада баяндалған қылмыс құрамының қорытынды шешімі болып табылады, яғни қылмысты нақты

саралау - сот органдарының заңдылық қағиданы нақты, бұлжытпай орындауы.

Екіншіден, қылмыстық құқықтық саралау заңдылық саралауды жүргізеді, яғни қылмыстық заңды бұрыс қолдану дұрыс емес саралауға жол ашады.

Үшіншіден, қылмыстық құқықтық норманы дұрыс жүзеге асыру. Мысалы, нақты іс-әрекетті бір сот тонау, екіншісі қарақшылық, үшіншісі ұрлық деп саралаған жағдайда, осы заңдылық туралы конституциялық қағидатты қатаң түрде бұзғандығы болып саналады.

Соңғы 5 жылда еліміздегі жүргізіліп жатқан қылмыстылықтармен күрес шарасына қарамастан және де елімізде күресу аппараттарының (құқық қорғау органдарының) саны мен сапасы жоғарлағанына қарамастан қылмыстылық көрсеткіштері азаюдың орнына жоғарлап отыр. Оның бірнеше себептерін анықтауға болады:

қылмыстылыққа қарсы мемлекеттік аппараттар жұмысының бір- бірімен үйлесімі мен күшейтілген режимдегі жұмыс нәтижесі;

баяндалған топтағы қылмыстардың латенттік деңгейі жоғары, тіркеуге жетпеу немесе тіркеуден жасырылып қалу фактілері көптеп білініп, жалпы қылмыстылықтардың санының жоғарлауына әкелді; істелген қылмыстық іс-әрекеттері үшін қолданылатын жазалардың қатаңдалуы;

қылмыстылықты болдырмауға байланысты кешенді криминологиядан зерттеулердің жүргізілмеуі;

әлемдік жаһандану кезінде қылмыс істеу құралдары мен тәсілдері үнемі жетілдіріле түсіп қылмыстармен күрес шараларының алдын алып кетуі [14,122-123б.].

Ал, мемлекеттегі функцияларды орындалуына уәкілеттілік берілген адам не оған теңестірілетін адам немесе лауазымды адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымдағы атқаратын адамдар өзінің қызметтік өкілеттіктерін жоқтығына не қызметтік жағдайын пайдалануына мүмкіндіктердің болмауынан нақты бір жүзеге асыра алмайтындай әрекеті (әрекетсіздігі) үшін бөтенің ақша қаражаттары немесе өзге де құндылықтарын иемдену пиғылдарымен алуы алаяқтық болып сараланады.

Бұл адам қылмысты жасау орнына ақшаны, бағалы қағаздарды немесе басқа да материалдық құндылықты алу кезіндегі ұсталған жағдайдаларда жасалғаун әрекеттері алаяқтыққа оқталу болып сараланады.

Алаяқтық, қылмыстық құқық бұзушылық әртүрлі тәсілдер арқылы жасалады. Алдау не сенімді терісінше пайдаланып отырып зиян келтірудің тәсілдері мыналарды жатқызуға болады: құмар ойындар ойнағанда әртүрлі айлалар қолдану, қолдан жасалған жасанды асыл бұйымдарды сату сияқты, жасанды ақшаны заттарды пайдаланулар, жалған ақшалар купюраларының эквивалент емес түрлерін ауыстыру, өздерін бақылау немесе құқық қорғау және т.б. органдар қызметкері ретінде таныстыру жолымен әрекет жасау, банктік несиелер жалған құжат арқылы алу, жалған фирма құрып кейіннен халықтың қаражаттарын иелену, тұрғын үйді алу (сату, айырбастаулар, арендаға, кепілге беру) үшін жалған құжат асау, банкоматтан ақша және сауда кәсіпорындарына

тауарлар алу үшін, біреулердің немесе қолдан жасаған пластикалық карточканы қолдану, валюта айырбастау не шетелдік куәліктер, визаларды рәсімдеу кезінде, қамтамасыз етілмеген акциялар және құнды қағаздарды сату барысында жалған құжаттар қолдану, мемлекеттік және қоғамдық материалды құндылықтарды қоймалардан, базадан және басқа объектілерден жалған құжаттар пайдалану арқылы алу, жалған құжаттар пайдалана отырып мемлекеттік құжаттар, мемлекеттік зейнетақыларды не әлеуметтік қамсыздандырулар органдарынан басқа да төлемдерді заңсыз жолдармен иелену секілді, мемлекеттік және коммерциялық банктерге әртүрлі жалған чектік құжаттармен қолданулар жолымен көп мөлшердегі қаражатты иеленулер, мемлекеттік мүліктерді жалған құжаттар арқылы несиеге алу сияқты не қалған қарыздардан төлеуден жалтару және т.б.

Алаяқтар жоғары кәсіпқойлығымен техника жағынан толық жабдықтануымен де ерекше болады. Алаяқтар әлеуметтік экономикалық өзгерістерке назар аударып, қарапайым тұрғындарға коммерсанттардың жеткіліксіздігі және олардың құқықтық білімінің және де нарықтық қатынастарға сәйкестендірілген тәжірибелерінің аздығын ескере отырып, нарықта бағалы қағаздармен, шетелдік коммерциялық байланыстарды жүргізуге, жекешелендіруіне толық инвестициялар және несиелік-банктік қызметтермен байланысты әртүрлі алдау әдістермен ойластырылып тәжірибеде қолдануында. Осы уақыттағы алаяқтардың әрекеті өзіне тән ерекшелігі, олардың заңды тұлғалардың атынан азаматтық-құқықтық мәміле жасап және қаржылық-шаруашылықтағы операцияларды жүзеге асыруда.

Шарттық міндеттемелердің кезінде алаяқтық жолдармен жымқыруға қатысты пиғылдың болуы адамдараға қабылданатыны міндеттемені орын дауға нақты қаржылар және өзге де материалдық мүмкіндіктердің (материалды-техникалық жарақтандыру сияқты, еңбек ұжымы және т.б.) немесе шарттар бойынша міндеттемелерді орындалуына бағытталған қызметтерді жүзеге асыруға қажет лицензияның, рұқсаттарын көрінеу жоқтығы, адамдардың жалған құрылтай құжаттарын және кепілдік хаттамаларды пайдалануы, мүліктер бойынша берешекті және кепілдің болулары туралы ақпараттарды жасыруы, көрінеу орындалмайтын шарттарды жасалулары және де басқа да мәнжайлардың жиынтықтары анықталады [18,56б.].

Алаяқтық бойынша нақты белгілеуі кінәлі тұлғаның пайдакүнемдік нәтижесінің болуы, демек өзге меншікті бөтеннің мүлігіне не оған құқықты бөтенге немесе өзге тұлғалардың пайдасына құқыққа қарсылық өтелмейтін айналымға ұмтылуымен сипатталады.

Алаяқтықты басқа қылмыстардан ажырату үшін ҚР-ның ЖС-ның Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы, Есірткінің, психотроптық заттарды, сол тектестері мен прекурсорлары заңсыз айналымдарына қатысты істер бойынша заңнамаларды қолдану туралы, Экономикалық қызмет саласындағыларды қылмыстық құқық бұзушылықтар саралау кейбір мәселесі туралы, Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену немесе иелену

жөнінде істер бойынша сот тәжірибесі туралы, нормативтік қаулыларында назар аударуымыз қажет.

Алаяқтық жолмен жасалатын жымқыруды мүлік иесінің не өзге адамның мүлкін өз еркімен беруі қажет етпейтін, бірақ басқа қылмысты (үйге, қоймаға кіру үшін алдау және т.б.) жасалуын жеңілдету алдау тәсілдерімен өзге нысандарға жасалатын жымқырулардан ажырату керек.

Алаяқтық жымқырылған мүлікті алып қойылған және кінәліні немесе басқа адамдарды заңсыз иеленуінде өткен және оларды меншік мүлкі ретінде өздері қалауы бойынша пайдалануына немесе билік етуіне нақты мүмкіндікті алған сәттен бастап аяқталынады .

Егерде алаяқтық бөтен мүлкіне құқықты иемденуіне нысанында жасалса, қылмыстар кінәліге бөтеннің мүлкін өзінің меншігі ретінде алуға және пайдалануға немесе билік етуіне бекітілген құқықтық мүмкіндігі туындаған сәттерден бастап, яғни бұл құқық тиісінше ресімделгеннен кейін, қуәландырылған немесе тіркелгеннен кейін аяқталады деп есептеледі.

Ақпараттық жүйені пайдаланушылар Qiwi-кошелек және интернет-банкинг және тағы басқа жолмен алдап өзінің қылмыстық пиғылдарын іске асыру мақсаттарында ақпараттық жүйеге көрінеу жалған мәліметтер немесе бағдарламаларды орналастыруға жолынан ақпараттық технологияларды (компьютер, компьютерлік бағдарламаларды, интернетпен, ұялы телефондар және т.б.) арқылы жасалған, ақпараттық жүйелерді пайдаланушылар мүлкін немесе мүлікке құқығына иеленуіне бағытталған кінәлінің әрекеттерімен ақпараттық жүйелерді пайдаланушы алдау немесе басқаша жолмен оның сенімімен теріс пайдалануына жолдарымен жасалған алаяқтық деп саналады. Алдын ала ұрланған не жалған кредитор (есептік) картасын, ұсынушыларға арналған қымбат құжаттарды (вексель, жеңілдік, облигация, және т.б.) пайдалану бағытымен өзге ақша қаражаттарын банкоматпен ұрлау алаяқтыққа жатпайды. Осындай жайтта жасалған әрекетті өзге меншікті ұрлау сеілді саралау керек.

Өтірік кредиттік не ұрланған немесе қаржылық картаны реттеу жолымен банктік есептерде жатқан өзге ақша қаражаттарын ұрлауға байланысты әрекеттерді тұлға банк өкілетті бұның сенімін теріс пайдалану жолымен немесе қызметкерін алдау, жаңылыстырған жағдайда ғана алаяқтық деп сипатталады.

Мемлекет бойынша сатып алу боцынша алаяқтық деп бюджет ақша қаражаттарын өз пайдаларына не үшінші адамдардың пайдасына ауыстыру үшін тапсырған адамды не мемлекеттік сатып алуды ұцымдастырған әдейі шатасып ұсынуды қамтамасыз еткен кінәлінің, өнім иесінің әрекеттерінің себептерінің өнім беруші заттарды жеткілікті немесе берілген жұмысты өззағай не қызметті көрсетпей бөлінген қаражатты өз ниетіне алуымен сипатталады [18,57б.].

Тапсырысты берушінің уәкілетті тұлғасы орындалған жұмыстарды не заттарды не сипатталған қызметтерді қабылдап кері берудің көрінеу өтпнрқ актісін жасаса, соның қорытындысында өнім берген шотына ақшаны жіберіп,

өнім беруші осыларды өз мүлкіне айналдырған және өз әрекеті бойынша басшылық еткен жайттарда, өнім берушінің осындай әрекеттерінде алаяқтықтың сипаты мәлімделмейді. Көрсетілген мән-жайларға сай осылардың (өнім берушінің уәкілетті адамдарының не тапсырыс берушінің) осындай әрекеттері дәрежелік лауазымдарды бұрыс пайдалану не сеніп тапсырылған өзгенің меншігін талан-таражға салу немесе иемденіп алу жолымен ұрлау деп сипатталуы қажет.

Алаяқтықтықта ұрлау белгілері болмаса сенімді теріс пайдалану немесе алдау бағытымен меншіктік зиян келтіруден айыру уақытында соттардың ұрлау нәтижелері болмаса не адам меншік иесі не бөтен тұлғаның заң бойынша иелігінен меншікті алмайтының не оған құқықсыз ала алматынымен сипатталады. Осындай жайттарда кінәлі тұлға сенімді теріс пайдалану не алдау бағытымен меншікті не осыған құқықты не меншік иесіне немесе бөтен тұлғаға қаражат арқылы берілетін қызметтерді өтемей қолданып, заңға бағынбай пайдаланады және жәбірленушіге немесе мүліктің бөтен иесіне нақты құжаттық зиян келгізеді. Осындай әрекеттер кәсіпорынның не құқықтық органның, дара не заңдылы адамдарды меншігіне не осыларға сипаттайтын ақшалай қызметтерге қаражатсыз қолдануды (заңда көрсетілген ақшалардан немесе коммуналдық жұмыстар үшін, тұратын үйді, техникалық құрылғыларды жалдаған үшін қаражат төлеуден босатылған бұрыс қағаздарды ұсыну бағытымен, электр қуатын, газды, суды есептемей қолдануға рұқсаттайтын қуат желісіне, газға, суға рұқсат бермеседе жалғану не бұл тұлғаға берген автокөлікті өзінің жұмыстарына пайдалану, кондукторлар мен жолсерік жолаушы адамдар билет болмай, осыларды тасуы және т.б.) сипаттайды.

Тұлғаға (мердігерлік, жалдау, тасымалдау, комиссия, сақтау және т.б. немесе еңбек келісімшарты бойынша) азаматтық-құқықтық шарттың нәтижесінде сеніп тапсырылған меншікті ол иемденген не талан-тараждаған жайт қызметтік жайтын қолданған алаяқтыққа жатқызылмайды. Сипатталған әрекеттер ҚК-нің 189-бап бойынша сипатталды.

Елдегі функцияларды орындауға рұқсат берген тұлғаның не оған тең тұлғаның немесе жоғары тұлғаның не жауапты мемлекеттік жоғары қызметті істеген тұлғаның жалған алаяқтықты жасаушылар, осыған көмектесушілер және айдап салушылар секілді жұмыстарды, яғни олар жұмыс бойынша қолданылмаса, ҚР ҚК-нің 28-баптың нақты бөлігі және ҚР ҚК-нің 190-бап 2 немесе 3-бөліктеріне сәйкес қарастырылады.

Кінәлі тұлғалардың әрекеттерінде аса ірі немесе ірі көлемде сипатталатын алаяқтық белгілерінің болуының мәселесі ҚР ҚК-нің 3- бап 38 не 3-тармақтарына бойынша шешіледі. Осы баптардағы негіздерге сәйкес, аса ірі зиян және аса ірі көлем 190-бап – АЕК-тен 2000 есе асатын меншік бағасы не зиян көлемі, ал ірі зиян және ірі көлем– 190-бабында – АЕК-тен бес 100 еселенетін меншік бағасы не зиян көлемі.

Егерде тұлға пара берушіден қаражат не өзге құнды нәрседерді тұлғаға пара ретінде беру үшін алса, дегенмен апару мұның ойында болмаса өзі пайдаға

асырса, ол бойынша істеген әрекеті алаяқтық секілді саралану қажет. Яғни осы тұлға маңыздылықтарды иемдену нәтижесінде пара берушіні пара бергізуге жеткізсе, онда омылардың әрекеті алаяқтықпен қоса пара беруге айдаушылық болады, ал осындай жайттарда пара берушіні жұмысы пара беруге барғысы келгендік болады, қосымшалық саралануға қажет. Сол себепті, пара берілетін дәл тұлғаның сипатталған – сипатталмағаны маңыздылығы қажет емес.

Өзгенің меншігін заңсыз иелену кезінде айналысқа салуға тыйым салмаған медальондарды, кәдесыйларды, полиграфиялық, көркемдік, фотосурет кескіндемелері ҚК-нің 231-бап бойынша сипатталған ақша суреттері мен құнды қағаздар ретінде орындалған бөтен бұйымдарды алдау құрылғысы секілді қолдануды алаяқтық деп сипаттаған дұрыс болып табылады. Бағалы қағаздардан мен нақты ақша купюралары өзгемелері дәл көрінетін өтірік банкноттар мен құнды қағаздармен өзгенің меншігін иеленуші тұлғаның әрекеті де алаяқтық секілді сипатталуға жатқызылады.

Ұрлық, тонау және алаяқтық, демек меншік алынса және кінәлі тұлғаның ұрланған меншікті қолдану не өзінің қалауы бойынша өзгелеу билік етуге дәл мүмкіндік болса, ал қарақшылық - меншікті иелену мақсатында жәбірленушінің денсаулығына мен өмірі қарсы зорлық-зомбылық жасау мен немесе осы секілді зорлық зомбылық көрсетемін деп қорқытумен ұштасқан шабуылдаған сәттен бастап қылмыстың аяқталғандығын білдіреді.

Кінәлі тұлға, сатып алатын тұлғаны шатастырып, психотроптық не есірткі, сол секілді деп өзге осы сияқтыларды өткізген кезде, осылардың әрекеттері алаяқтық болады. Сот тәжірибесінле туындаған жағдайларға, заңның өзгеруіне сай және заңнама нормаларын дұрыс пайдалану үшін қабылдаған ҚР ЖС-ның 2017 жылғы 29 маусымдағы нормативті қаулысының алаяқтық бойынша қылмыстық істерді көрген сәтте судьяларға жақсы көмектеседі.

Ізгілендіру үшін, ҚР-ның ҚК-нің 190 - бап 2, 3 және 4 бөліктеріндегі санкциясында сипатталған бас бостандығынан шектеу секілді жазалардың көлемін азайтуды, сонымен қатар 3 және 4 бөлігінде бас бостандығынан ажыратумен қоса баламалы жазаны қолданып, көп қолдануды (мысалы айыппұл) қажет етеді [18,58б.]. Осы мәселелер бойынша қорытынды, келе, баламалы жазаларды енгізіп, оларды қолдануды дұрыс деп.

Қылмыстық саралау кезінде дұрыс қараудың маңызына жақсы бағалау мүмкіндігі жоқ. Б.А. Куриновқа сәйкес, Заң шығарушы қылмыс бойынша дұрыс саралау уақытында ҚР ҚК Ерекше бөлігінің бір бабында сипатталған қарастырылған дәл қоғамдық-зиянды іс-әрекеттің жалпы маңыздылықтары бар... [19,21б.] деп есептейді.

Жоғарыда, ҚР ҚК-нің 6-тарауы Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың – ұсақ түйек жымқыру, ұрлық, алаяқтық баптарына жеке негізделді. ҚР ҚК-не сәйкес, 189-бап Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу дегеніміз-кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, яғни жымқыру, болып табылады. Ал, 191-бап тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру, 192-бап

қарақшылық, өзгенің меншігін ұрлау үшін шабуылдаған шабуылға ұшыраған тұлғаның денсаулығына немесе өміріне қарсы күш қолдана отырып немесе тура осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл деп көрсетілген.

Заманға сай келтіретін жаңа заңнама қабылданып іске асырылады. Осылардың қатарында 2014 жылдың 3 шілдесінде ҚР ҚК мемлекетіміздегі саяси реформалармен және экономикалық біртұтас құқықтық реформалар да өз нәтижесінде жүргізілуде. Мемлекет басшысы алдын ала экономика, келесісі саясат деген жақсы ұстанымға сәйкес, мемлекетіміздегі эволюциялық нәтижемен сәтті жалғасуда.

Яғни М. Сауда-саттық дүкенінде киім сатушыға С-ға келіп, С-ны алдап, сеніміне қарсы зиян жасап өзге меншікке құқықты иемдену нәтижесінде ол кісіге өзін А деп өтірік аты-жөнімен таныстырып, теміржолда машинист көмекшісі ретінде жұмыс атқаратының жалған түрде жеткізіп, үйдің байланыс нөмірін өтірік айтып өзі туралы жалған мағлұмат айтып, сенімге кіріп, С-ның сатып тұрған киімдерінің ішінен көптеген киім кешектерді қарызға жаздырып, алаяқтық, сенімге қиянат білдіру және алдаумен өзге меншікке құқықты иеленіп, С-ға жалпы құны қырық мың тг меншіктік зиян әкеледі.

Меншікке қарсы қылмыс деп – меншіктің мүлік иесіне не бөтен иеленушісіне зиян келтіріп немесе залал келтіру қаупін тудырумен байланысты қылмыстық кодексте көзделген нысандар арқылы жасалатын қасақаналық немесе абайсыздық іс-әрекеттерді айтамыз. Мүлікке қарсы қылмыстың топтық объектісінің мүлік иесінің қолдану, иелену не оған билік етуін мүлікке қатысты қоғамдық қатынас болады. Бұл топқа жататын қылмыс бойынша тікелей объектісі - мүліктің дәл бір нысаны - қоғамдық ұйымдардың, елдің, өзге ұйымдардың немесе бірлестіктердің, жеке адамдардың мүлкіне қол сұғушылық болып танылады. Мүлікке қарсы қылмыстардың затына тұлғаның еңбегімен жасалған әр түрлі материалдық заттар, дүниелер жатқызылады. Бұған сай тұлғаның идеясы, ақылойы, заттық белгісі болмауынан осы қылмыс заты жоқ. Сондай-ақ заттық белгісі жоқ болғандықтан электр немесе жылу энергиясы да меншік затына жатпайды.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі материалдық қылмыс құрамын құрайды, олардың объективтік жағы заңда көрсетілген үш элементтен: құқыққа қайшы іс-әрекеттерден; қылмыстық құқықтық норма диспозициясында көрсетілген мүліктік зиян ретіндегі зардаптан; сондай-ақ құқыққа қайшы әрекет пен орын алған зардаптың арасындағы себепті байланыстан тұрады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып 14 жасқа толған адамдар танылады [20,105б.].

2. БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖАСЫРЫН ЖЫМҚЫРУ ҚҰРАМЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

2.1 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың объективтік белгілері

Қылмысты саралау үшін қоғамға қауіпті іс-әрекет қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыс құрамымен қамтылуы тиіс. Ал қылмыс құрамы элементтерінің біреуі болмаған жағдайда ол қылмыс болып табылмайды. Қылмысты дұрыс саралау үшін қылмыс құрамы элементтерінің толық, түгел болуы тиіс. Демек, қылмыс құрамының басты элементі қылмыс объектісі бойынша саралау негіздеріне тоқталуымыз қажет. Ол үшін біріншіден, қылмыс объектісінің түсінігін, құрылымын, түрлерін толық ауқымды ашуымыз қажет. Қылмыс қашан да бір құндылықтарға қол сұғып, зардап әкеледі немесе әкелу қаупін туғызады не нәрсеге қол сұғылса, не қол сұғылмақ болса, сол қылмыс объектісі болып табылады. Қылмыс объектісінің мәселесі кінә, зиян келтіру мәселесінен кем түспейтін маңызды да философиялық терең мәселе болып табылады. Қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектісі болып қылмыстық құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Айталық, В.Г. Смирновтың пікірі бойынша Құқықтық тәртіп шын мәніндегі қоғамдық қатынастардың өзінше бір құқықтық қабығы ретінде қылмыс және басқа да құқық бұзушылық кезінде белгілі бір зардап шегеді, осы тұрғыдан келгенде ол қылмыстық құқықтық қорғау мен жалпы құқықтық қорғау объектісіне енуі тиіс. Бұл ұғымның дәл мағынасында қылмыстық қол сұғушылық объектісі деп - тек қана социалистік қоғамдық қатынастарды ғана емес, олардың қамтамасыз етілу шарттарын да, яғни құқықтық тәртіпті де тану керек. Құқықтық тәртіп нақты - қоғамдық қатынастардың құрамына енбейді, сол себепті қылмыстық құқықтық қорғау объектісінің айрықша бір құрамдас элементі болып табылады.

Осыған орай, М.И. Федоровта қылмыс объектісі деп - тек қана қоғамдық қатынастарды емес, сонымен қоса, құқық нормасын да тануды ұсынады. Бұл тұрғыда А.А. Исаев құқық нормасының мазмұны оған берген түсініктемесіне қарай өзгеріп отыратын тұрақсыздығын алға тартып, сондай-ақ барлық қоғамдық қатынастардың құқық арқылы реттелмейтінін келтіре отырып, келіспейтіндігін баяндайды.

Сондықтан да қылмыстық құқық ғылымы, қорғалатын қоғамдық қатынастарды – барлық қылмыстардың жалпы объектісі деп таниды. Қылмыстық заңмен қол сұғушылықтан қорғалатын қатынастардың тізбегі ҚР ҚК-тің оның заңдарының міндеттерін айқындайтын 2-бабында атап көрсетілген.

Осы ҚР ҚК-нің міндеттері: тұлғаның және азамат құқықтарын, заңды мүдделерін мен бостандықтарын, мүлікті, ұйымдардың заңды мүдделерін мен құқықтарын, қауіпсіздікті пен қоғамдық тәртіп, қоршаған ортаны, ҚР-ның құрылымы мен аумақ тұтастығын, қоғам мен мемлекет заңнамамен қорғалатын

мүдделерін қоғамға қарсы зиян қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілікті пен қауіпсіздік сақтау, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтың болдырмау саналады. Осы міндеттерді бағыттау үшін ҚР ҚК-де қылмыстық жауаптылық ережелері сипатталады, жеке адам, қоғам не ел үшін қалай зиян іс-әрекеттердің қылмыстық құқықбұзушылықтардың, демек қылмыс не қылмыс бойынша бұрыс мінез болып саналады, осыларды жасағаны үшін жаза мен бөтен қылмыстық-құқықтық ықпал ететін шаралармен қамтылады [15,2б.].

Қоғамдық қатынас дегеніміз, біреуі қоғамдық қатынастарға қатысатын кез-келген элементтердің біртұтастығын білдіретін күрделі құбылыс, өйткені қоғамдық қатынастар қоғамдық тіршілік етуі жағдайында тұлғалардың бір-бірімен қарым-қатынастары. Сол үшін, осы күрделі құбылыстың элементі қоғамдық қатынастардың бір-бірімен, ұжымдардың немесе дараланған адамдардың өзара қарым-қатынастары саналады. Сондықтанда, бірқалыпты қоғамдық тіршілік жайттары мен осылардың жүзеге асуы қоғамдық қатынастардың бір бөлігін сипаттайды.

Қылмыстық-құқықтық қайнар көздерде дәстүрге айналған жіктеуіне сай, объектілер түрлік, тектік, жалпы және тура болады.

Жалпы қылмыстың жалпы объектісі қылмыстық заңнамамен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиыны саналады. Барлық объектінің бөлінуінің тек теориялық емес практикалықта құндылығы бар. Қылмыс бойынша барлық объектісі қоғамдық қатынастарға зиян жасаудың қоғамға қарсылығын және сипатын көрсетеді. Қылмыстың барлық объектісін бағалаушылық қылмыстық оның басқа деликтілерден ажыратылмай қалуына, қоғамдық қарсылығының жалпылама бағаланбауына, қылмыстық құқық қайнар көзіне және қылмыстық заңнаманың пайдалы тәжірибесіне залал тигізеді.

Тектіктің объектісі ҚР ҚК және ТМД елдерінің ҚК-де Ерекше бөлімнің ерекше тарауларының қылмыстылықты теңдей белгісінің туралы баяндайды. Өзгеше айтқанда, тектік объектісі осы белгілі бір қылмыстар аумағы үшін бірдей және қылмыстық заңнамамен қаралатын бірдей қоғамдық қатынас тобының бірі болып табылады. ҚР ҚК-тің 6 тарауы бойынша сипатталған қылмыстардың тектік объектісінің мүлік барысындағы қоғамдық қатынастардың өзі танылады.

Түрлік объектісі дегеніміз, осы қылмыстықпен заңнамамен қорғайтын бірлік түрге жатқызылатын қоғамдық қатынастардың тобының анықтамасы. Түрліктің объектісінің жеке объектісі ретінде бөлгізіп шығарудың барысында қылмыстық құқықтың теориясына РФ-ның заңгерлердің көзқарастары көзделген. Айталық, В.Я.Тацийдың пікірі бойынша жалпылық тектіктің объектісімен реттік түрліктің объектісінің бөлгізіп шығаруының бойынша пікірлерді қолдайды, осылай дегені бар: ... осы объектінің 3 бағыты жіктеу қарсы бағытта болмауы тиіс – керісіншені, осы тек сондықтан қолданылады[21,88б.]. Осы қағидат Л.Л.Кругликовтың әділдікке сын білдергені: ... осындай ойдың бұрыс болуында, өйткені тектіктің не тура объектісінің бөлініп шығуы бойынша ой 2 бағытта қарсы болмауында деп сипаттау жақсы нәтижені береді. Түрліктің

объектісі бөлініп шығарылуының 3 дәрежелі жіктеуінің қасындағысы болмайды, бұның сонымен де сипатталатынын өте түсініксіздеу [22,126.]. Сондықтан да, Кругликов Л.Л. пікірі бойынша, турасынан жіктелу объектілердің төрт түрін қамтамасыз ету керек: жалпы, тектік, топтық және тура. Біріншісін қамтымағанда, қалғандарының яғни үшеуінің үш мағынасының болуы: біріншіден, заң шығарушыларға осы қатынастарға қарсы қиянат жасаудың қоғамдық қауіптілігінің нәтижесін анықтауға көмегін тигізеді; екіншіден, қылмыстардың және олардың жасалануы бойынша жауапкершілікті қолданатын нормалардың заңнамалық және ғылыми жіктеуіне жағдай жасайды; үшіншіден, заң бойынша нәтижелердің біртұтас объективті критерийге басшылық жасайтын нақты бір жүйе бойынша орналасуының негізі болып табылады. Айта кетелік, Ресейдің 1996 ж РФ ҚК Ерекше бөлім жүйесі түрлік объектісі негізінде құралып отыр.

Тікелейлік объектінің – осы қарсы нәтижесінде және қылмыс бойынша залал келген не осындай залалдың келіуі қарсылығын дәл ұштасатын болып табылатын қоғамдықтың қатынастары. Тікелей объектісі дәл өзінің тән ерекшелігінің мұның тура залал келтірілмейтіндігінде барлық, тектіктің және түрліктің объектілерге қарағандағысы, қылмыстықтан келген залалды әрқашан тура объектілердің бағалайтынында. Түрліктің, тектіктің және жалпылық объектілердің залал ғана тура объектіні бұзу бойынша ғана келеді. Түрліктің, тектіктің, барлық объектілерге ғана залал тура объектіге келген жайт кезінде өзгеріске ұшырайды. Осы жайт кезінде дәл қоғамдық қатынастардың тура объектісі бойынша қылмыспен зиян болған не барынша жойылып қалады. Түрлік объектінің бір жайттарда ғана зақымдануы мүмкін, бірақта жойылмайды, өйткені меншік қатынастарының, адам өміріне, денсаулығына және өзге де қоғамдық қатынастардың қылмыстық бағытымен мүлде жойылмайды [23,160б.].

Қазіргі кезде мүлікке қарсы қылмыстың, бұл пікірді қолдаушылар түрлік объектісін қоғамдық мүлік қатынастарын сипаттайды. Өзіміздің мемлекетіміздегі кеңес заманында нақты мүлік нысаны социалистік мүлік болғызып есептеген. Кеңес басшыларының алғашқы жылдарында банкке, қаладағы жылжымайтын меншіктерге, сауда және өнеркәсіптік кәсіпорындарына, сақтандыру компанияларындағы, шағын және орташа кәсіпорындардағы жеке меншіктің құқығына сай жойылады. Жерге жекелікті 1917 жыл 26 қазанындағы Жер бойынша декретік жойып жіберді.

1959 жыл ҚКСР ҚК Ерекше бөлімі меншікке қарсы қылмыстарды екі тарауға бөлген. Социалистік меншікке қарсы қылмыстар және жеке меншікке қарсы қылмыстар. Аталған мәселелер төңірегінде әртүрі көзқарастардың болуы 22 шілде 1959 жылғы ҚКСР-нің ҚК-і кезінде қабылданған есертпе қажет. Осы жағдайлар меншікке қарсы қылмыстар мәселесіне байланысты қылмыстық құқық теориясында әртүрлі ғылыми пікірталастарды тудырады.

Мүлікке бағытталған қылмыстардың тураобъектісі қылмыстық қастандық қарсылық бағыттаушы нақты мүлік қатынастары болатын, осы, ұжымның,

мемлекеттің акционерлік дара және өзге де мүлік түрлерінің дәл қатынастарының бірін саналады.

Қоғамдық қатынастың тура объектісіне дәл мүлік түрін, нақты сипатағанда оның іс барысындағы мазмұның бөлдіріп шығару бойынша мәселе толықтай шешім таппаған, шешілмеуіде мүмкін. Расында, қоғамдық не мемлекеттік және жекелік мүліктің әр біреуне бойынша құқықтық-қылмыстық қорғауын қаттамасыз ету көздеген 1960 жылғы ҚК меншікке қарсы қылмыстарды дұрыстап жоспарлау бойынша тура объектіні анықтауды керек деп санайды. Көрсетілген мүлік түрлеріне зияндық ойлау бойынша баптарының Кодекстің бір тарауындағы бекітілген және олардың қылмыс жасағандығы бойынша әртүрлі санкцияларды сипаттаған. 1997 жылғы ҚР ҚК қабылданғаннан және қалай да бір меншік түрі жоғарлығынан бас тартқан үшін заңды шығарушылардың олардың – мүлікке қарсы қылмыстар деген атауы бар бір тарауға енгізгендігінде. Сонымен, әр түрлі мүлік өзіне қарсы қылмыстарды дұрыстап табу бойынша зиянның тек түрлік объектісін – қоғамдық мүліктік қатынастарын бөлген делінген қорытындылады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың аталған объектілерінің ұқсастығы жөнінде қылмыстық-құқықтық ғылымда айтылған болатын [24,4б.]. Г.Борзенковта осы пікірге қосыла отырып, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарда кейбір қастындықтар түрлерінің (ұрлық, алаяқтық, тонау және т.б.) тікелей объектілері тектік объектілермен сәйкес келеді деп көрсеткен. Нақты меншік түрін тікелей объект ретінде қарастыруға болмайды, себебі ҚР Конституциясы барлық меншік түрлерін бірдей қорғайды [25,26б.]. Кейбіреулер аталған қылмыстардың негізгі тікелей объектісі бөтен меншік деп санайды – иеленуші мен иеленуші емес (қоғамның қалған мүшелері) адамдардың арасында оған тиесілі мүлік жөнінде пайда болатын қарым-қатынастар [26,190б.].

Ескі ҚК кезінде де және қазіргі қылмыстық-құқықтық әдебиеттерде меншікке қарсы қылмыстардың түрлік объектісі туралы даулар аз емес. Г.А.Кригер меншікке қарсы қылмыстардың түрлік объектілері деп меншік иесінің өз мүлкін пайдалану, билік ету және иелену құқықтары, сондай-ақ меншік иесі болып табылмаса да, мүлікті шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығы немесе заңда я болмаса басқа да құқықтық актіде қарастырылған басқа да негізбен иелену құқығы бар тұлғаның құқықтары жататын меншік қатынастарын санаған [27,197б.]. Ю.И. Ляпуновтың ойынша, меншікке қарсы қылмыстардың объектісі экономикалық категория ретіндегі меншік қатынастар болып табылады [28,196б.]. С.М.Кочои қылмыстардың объектісі ретінде экономикалық та, құқықтық та категория ретіндегі меншікті таныған авторлардың ұстанымдарын қолдады [29,81-82б.]. Сөйтіп, бір авторлар бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің объектісі меншік қатынастары және материалдық игіліктерді үйлестіру жүйесі деп санаса [30,29б.], екінші авторлар мұндай объектіге – тек қана меншік қатынастарын [31,14б.], үшінші авторлар – меншік құқығын жатқызады. Қолданыстағы ҚР ҚК меншікке қарсы қылмыстық

құқық бұзушылықтардың объектісі топтық объект болып танылады.

Меншік – бұл қосбірлікті (экономикалық және құқықтық) категория. Меншіктің қылмыс объектісі ретіндегі экономикалық мазмұны иелену қатынастарын (иеленуші үшін) және мүлікті шаруашылық пайдалану қатынастарын (басқа иесі үшін) құрайды. Меншіктің құқықтық мазмұнын иеленушінің заң белгілеген құзіреттіліктері құрайды. Олар толық көлемде мүлікті иеленушінің, ал ішінара – басқа заңды иесінің иелігінде болады.

Меншіктің экономикалық мазмұнын ашу кезінде ғылымда өндірістік немесе тұтынушылық салада, сондай-ақ үйлестіру саласында материалдық игіліктерді иелену ұғымы кеңінен қолданылады (бұл арада өндіріс құралдары немесе тұтыну заты туралы айтылып отырғандығы ескерілу керек). Мысалы, К.Маркс былай деп жазған: Кез-келген өндіріс бұл индивидуумның табиғат заттарын белгілі-бір қоғамдық форманың шеңберінде немесе оның ішінде иеленуі [32,4б.].

Жасалу әдісіне қарамастан, әрбір мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу және басқа да меншікке қарсы қылмыс материалдық игіліктерді өндіру қатынастарын да, еңбек өнімдерін үйлестіру қатынастарын да бұзады. Қатынастардың бірінші тобы субъектінің еңбек заттарын, құралдарын немесе нәтижелерін иелену құқығы алып тасталатындықтан бұзылады. Ал үйлестіру қатынастарының бұзылуы еңбек өнімдерінің айыптыға немесе басқа адамдарға заңсыз немесе өтеусіз келіп түсетінін білдіреді [33,123б.].

Қылмыстың дұрыс жіктелуі қылмыстық жазаның нақты қолданылуына қатысты болып табылады. Қылмыстың дұрыс саралануының нәтижесі – сот әділдігінің заңнамаға сәйкес жүргізілгендігінің көрсетеді [34,49б.].

XXI ғасыр басында қылмыс құқығының доктринасында қылмыстық нышандарына құрамының көрсетілген элементі мағынасының бірдей мазмұны әлі де қамтымаған. Қылмыстар заты мен объектісінің ескеріп, меншікке қарсы бағытталғандардың, меншікті таран-таражға салуларды бағалау маңыздылығы жаңадан қаралуынан туындауына, ең алдымен, экономикадағы ортадағы орналған өзгешеліктер, сонымен қатар тергеу және сот тәжірибесіндегі кеңінен таралған дәл істердің бұрыс шешілуі себеп болды. Бұларға байланысты, Е.А.Фролов боынша мүлікке зиян бағытталғанда қылмыстар объектісінің сияптындағы ескертпесінде: Барлық қоғамдық қарым-қатынастың маңызды да көп қырлы ұғымына, сонымен қоғамдық қатынастардың қылмыс объектісіне деп танылуы осы мәселені саралаудың тек біріншісі ғана болады деп санаған А.Н.Трайнин пікіріне де келіспеген [35,362б.].

Меншік құқығының құрылымдық бөлігі ретінде иелік деп иеленушінің оған тиесілі затты іс жүзінде иеленуді айтады. Іс жүзінде иелену меншікке биліктің, бақылаудың жүруін, оны өз қолында ұсталуын білдіреді. Пайдалану құқығы деп иеленушінің оған тиесілі мүлікті өз еркі бойынша пайдалануын, яғни одан өзі немесе басқалардың пайдасы үшін пайдалы қасиеттерді алуын айтады. Билік ету құқығына заттың заңды тағдырын шешу құқығы жатады – сыйлау, сату, ауыстыру, жою және т.б. Сол себептен, мысалы, бөтен мүлікті

заңсыз алу ретіндегі бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп қылмыс субъектісінің иеленушінің келісімінсіз бөтен мүлікке қатысты иелену, пайдалану және билік ету құзыреттіліктерін толық көлемде немесе бөлшектеп иеленуін айтады. Бірқатар жағдайларда айыптының оған иеленуші заңды негізде берген кейбір құзыреттіліктері бар болуы мүмкін [11,13б.]. Бұл жағдайда бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу иеленуші құзыреттіліктерінің қалған бөлігін заңсыз иеленуді білдіреді.

Заң иеленушінің басқа адамға меншік құқығының мазмұнына кіретін барлық құқықтарды беретін, бірақ заң жүзінде иеленуші болып қалатын жағдайларды реттейді. Мұндай жағдайларда қылмыс субъектісіне иеленушінің барлық құзыреттіліктері берілсе де, бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу неге заңсыз болып табылады? Осыған орай, белгілі цивилистердің бірі А.В.Венедиктов 40-шы жылдардың аяғында меншік тек қана иеленумен, пайдаланумен және билік етумен шектелмейді, себебі тарихи тәжірибе заттың иеленушісі болса да, оны басқа субъект иеленуі, пайдалануы және билік етуі мүмкін екендігін көрсетеді. Сондықтан, табиғат затын иелену процесін де ескеру қажет. Бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсуді сипаттайтын болсақ, бөтен меншікті алудың заңсыздығы бұл қылмыстық заң тыйым салған иеленушінің әрекеттерін нақты меншікті иеленіп алумен тұтасқан иелену болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Табиғат затын иелену деп айыптының иеленушінің иеленіп алған құқықтарына өз құқықтарындай қарауын айтады.

Көптеген авторлардың пікірі бойынша, меншік қатынастарын құқықтық категория және керісінше ескермей, меншік қатынастарына экономикалық категория ретінде қастандық жасау, оларға зиян келтіру мүмкін емес деп пайымдаған. Меншікті экономикалық категория ретінде қылмыс объектісі деп мойындау – заң бойынша иеленушіге (немесе өзге иесіне) тиесілі әрекеттердің бұзылу фактісін елемеу деген сөз. Егер мұндай объекті деп тек меншік құқығын санайтын болсақ, онда заттар қисыны бойынша, ҚК меншікке қарсы қылмыстарды жеке тұлғаға, атап айтқанда, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстардың бір тобына жатқызу керек.

О.Ф.Шишов жазғандай, меншік таза экономикалық құбылыс болып табылады, өйткені таза экономикалық құбылыс ретінде қабылданатын және құқықпен бекітілмеген ол жалған нәрсе, бос сөз болғандықтан, меншікке қастандық жасау меншік құқығына да қастандық жасау болып табылады.

Мүліктік қылмыстардың объектісі меншік құқығы болып табылады деген қорытындымен келісу қиын. Құқық қоғамдық қатынастардың заңды бейнесі болып табылады. Құқық – бұл қоғам ішіндегі адамдар арасындағы ұзақ уақыт бойы қайталануының нәтижесінде (құқықтық салттар) қалыптасқан немесе мемлекет рұқсат еткен тәртіп ережелері. Сондықтан бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу кезінде құқық зиян көрмейді, ол тұрақты, заңда, келісім-шартта (мысалы, мүлікті сақтандыру келісім-шартында), басқа актіде бекітілген болып қалады. Иеленушіні мүліктен айыру болғанымен, оны иелену, пайдалану және

билік ету құқығынан айыру мүмкін емес. Зиян құқық нормалары реттейтін қоғамдық қатынастарға ғана тигізіледі. Л.Д.Гаухман былай деп жазған: Меншікке қарсы қылмыстардың тектік объектісі ретінде меншік құқығын және меншіктің құқықтық қатынастарын емес, меншіктің қоғамдық қатынастарын тануға қоғамдық қатынастардың бастапқы болып табылатындығы және оларды қылмыстар соңғы кезекте бұзатыны себеп болды, өйткені аталған құқық пен құқықтық қатынастар қайталама болып табылады және жолшыбай бұзылғандай болады. Қылмыстық құқық тарапынан, қылмыстың объектісі объективті де, субъективті де мағынадағы құқық болмауы мүмкін. Бұл рөлді тек қана қоғамдық қатынастар атқарады. Меншік құқығы иеленуші бөтен заңсыз иеліктен талап етуі мүмкін затты бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің барысында тоқтатылмайды, - дейді Г.Н.Борзенков. Меншік құқығы мазмұны өндірістік меншік қатынастары болып табылатын бар болғаны заңды форма болып табылады. Қылмыстық заң форманы қорғай отырып, онымен және ең алдымен, аталған әлеуметтік мазмұнды қорғайды. Осы пікірді Н.И.Коржанский де қолдап отыр.

Кейбір авторлар кез-келген ерікті экономикалық меншік қатынасының мазмұны субъективті меншік құқығы болып табылмайды, себебі заң регламентациясын басқа да құқықтық формалар арқылы (мысалы, міндетті құқық арқылы) ала алады деп санайды. Екінші жағынан, субъективті меншік құқығы әрдайым тек қана экономика саласында жүзеге асырылмайды және нақты экономикалық қатынастарға байлаулы. Ол тұлғааралық, басқарушылық және басқа да экономикалық емес қатынастар саласында жүзеге асырылуы мүмкін. Заңға сәйкес, иеленуші өз қалауы бойынша өзіне тиесілі заттарға қатысты кез-келген заңды әрекеттер жасауға құқылы. Алайда, меншікті субъективті меншік құқығы тұрғысынан заңмен қорғалатын объект ретінде қарастыру қылмыстық-құқықтық қорғау саласынан иеленуші: жалға алушы, жалға беруші, кепіл алушы және мүлік заң жүзінде сеніп тапсырылған басқа да тұлға болып табылмайтын тұлғалардың зат құқықтарының едәуір бұзылуына байланысты пайда болатын қатынастардың түсіп қалуына алып келеді. Сонымен қатар, қылмыстық құқық ғылымындағы әділ пайымдауға сәйкес, зерттеліп жатқан қылмыстардың экономикадан тыс түсіндірмесі сол объектіге келтірілген зиянның мәні неде және оның бұзылу механизмі қандай деген сауалға жауап бере алмайды деуге болады. Меншікке қарсы объектінің мазмұнын құқықтық категория ретінде қарастыруға болмайтындығы бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсулер қатарына ұрланған немесе иеленуге құқығы жоқ адамның қолында заңсыз тұрған мүлікті (заңсыз сатып алынған мүлік, қолдан жасалған қару, ату жарақтары, есірткі, заңсыз аң аулаудың, алдап-арбаудың, контрабанданың нәтижесінде қолға түсірілген мүлік және т.б.) бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің жатқызылатындығымен расталады. Осыған ұқсас іс-әрекеттер жасалған кезде құқыққа зиян мүлде келтірілмейді, себебі бұл жағдайда заңсыз иеленген мүлікке құқық жоқ.

Жауапкершілік ҚР ҚК Ерекше бөлігінің алтыншы тарауының баптарында

қарастырылған қылмыстар меншік қатынастарына қастандық жасайды (экономикалық категория тұрғысынан). Соларды аталған қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттер тобының объектісі ретінде қарастыру керек. Алайда, мүлік оны иелену құқығымен тікелей байланысты болғандықтан, кез-келген меншікке қарсы қылмыс меншік қатынастарына және оның меншік құқығы түріндегі құқықтық қабыршағына қастандық ойлайды, анығырақ айтқанда, иеленуші құқықтарының іс жүзінде жүзеге асырылуына кедергі болады. ҚР ҚК-тің 6 тарауында қарастырылған қылмыстардың объектісі меншік құқығынан, яғни мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын іс жүзінде іске асырудан бастау алатын қатынастар болып табылады. Б.Т.Разгильдиевтің қылмыстық заң жеке меншік құқығын емес, тұлғаға берілген заңды құқыққа негізделген нақты жеке меншікті қорғайды, себебі барлық азаматтардың меншік құқығы бар болғанымен, оған барлығы бірдей ие емес деген пікірі орынды болып табылады.

ҚР ҚК сәйкес, меншікке қарсы қылмыстардың объектісі жеке және ұжымдық тұтынуға немесе өндірістік қызметке арналған материалдық игіліктерге (мүлікке) қатысты экономикалық (нақты) қатынастар болып табылады. Басқаша айтқанда, меншікті қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі иеленушілердің немесе заңды иелерінің экономикалық мүдделері жүзеге асырылатын мүліктік қатынастарға қатысушылардың нақты тәртібі немесе жағдайы болып саналады.

Меншікке қарсы қылмыс объектісін экономикалық тұрғыдан қарастыру аталған қоғамдық қатынастарды едәуір дамытуға мүмкіндік береді. Мүліктік мүдделерді қозғайтын қылмыстар қатарына материалдық тұрғыдағы мүліктерге ғана емес, басқа да материалдық емес игіліктерге (акпаратқа, зияткерлік меншікке және т.б.) қастандықтарды енгізу мүмкіндігінің пайда болуы қылмыс затының мазмұнына басқаша қарауға мүмкіндік береді.

ҚР ҚК қарағанда басқа мемлекеттердің Ресей мемлекетінде де қылмыстық заңдарында бұл мәселе шешімін таппаған. Мысалы, ҚР ҚК-де азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына я болмаса заңмен қорғалатын мүдделеріне, немесе қоғамның я мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірілуіне алып келген бөтен жер теліміне заңсыз ену, сондай-ақ бөтен жер телімін басып алу арқылы жерге зат құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік белгіленген.

Қылмыстық заңмен кез-келген қоғамдық қатынастар қорғала бермейді. Мысалы, мұрагерлікке байланысты мәселелерде мұрагердің заңды құқығының бұзылуы қылмыс болып табылмайды. Мұндай ретте олардың құқықтары азаматтық заңмен реттеледі. Қарыз беруші мен борышқордың арасындағы қатынаста азаматтық құқық нормасымен шешіледі. Жұбайлардың арасындағы мүліктік қатынаста отбасылық құқық нормаларымен қорғалады. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы еңбек қатынастары еңбек заңдарымен қорғалады.

Сондықтан да қылмыс істеу арқылы қоғамдық мүддеге елеулі қауіп келтіретін немесе қауіп келтіруі мүмкін жағдайда ғана қылмыстық құқықтық

нормамен қорғалатын қоғамдық қатынастар қылмыстың объектісі болып табылады. Қылмыстың жалпы объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастардың өзі тарихи, өзгермелі болып отырады. Оның қатары жана құбылыстардың қылмыс болып танылатынына байланысты кеңейуі немесе қылмыс болып келген кейбір нормалардың күшін жоюына байланысты тарылуы мүмкін

Сонымен ҚР ҚК-тің 2-бабының 2-бөлігінде Осы міндеттердің жүзеге асыуы бойынша Кодексте қылмысқа жауапкершіліктері көрсетіледі, жеке тұлға, мемлекет немесе қоғам үшін қандай қарсы іс-әрекеттердің қылмыстық құқықты бұзушылықтардың, осы қылмыстық теріс қылықтар не қылмыстар болатының анықтайды, осыларды жасағаны бойынша жазамен де басқа да құқықты қылмыстық маңызды белгілері белгіленеді [15,2б.] - деп сипаттаған.

Мұның осы қолданған қылмыс заңдары бойынша нақты бір қорғалатын қоғамдық қатынастардың ғана қылмыстық барлық объектісінің бірі болып табылатындығында. Қылмыстық құқықтың теориясы бойынша қылмыстың объектісі бойынша саралау мәселесінің негіздері жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Мәселен В.Н. Кудрявцев, В. Сергиевский, С. Рахметов, Б.А. Куринов, В.И. Малыхин т.б. ғалымдар қылмысты объектісі бойынша саралау көрінісіне нақты заңдылық түсініктер береді.

Алайда, қылмыс объектісіне қол сұғуға қатысты мәселеге Н.И. Коржанскийдің жеке монографиясы арналған, қылмыс объектісінің жалпы сұрақтарына байланысты А.А. Пионтковский, Н.Д. Дурманов, Н.И. Загородников, М.Д. Шаргородский, Я.М. Брайнин, ал арнайы зерттеу жүргізген ғалымдар Б.С. Никифоров, Е.А. Фролов, Е.І. Қайыржанов, В.К. Глистиннің еңбектері көрініс тапқан. Отандық ғалым Е. Алауханов қылмыс объектісі дегеніміз - қылмыстық заңмен қорғалатын және қылмыстан зиян келетін әлеуметтік құндылық - деп тұжырымдайды. Қылмыстың объектісін дұрыс анықтау қылмысты саралау барысында ұқсас қылмыстарды өзара қылмысты қылмыс еместен ажыратып алуға септігін тигізеді. Себебі, қылмысты құқықтық қорғау объектісінің барлық өз мағынасымен қатар, жоғарлығына сәйкес ерекшеленген нақты қоғамдық қатынастар жатқызылады. Объекті маңыздылығын осыған тура жасалған қылмыста зардапты болып табылады. Осыған орай, оны қылмыстық құқықтық қорғауда қатаң түрде жүзеге асырылады. Әрекетті дұрыс саралау үшін, қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін істің нақты мән-жайын, сондай-ақ қылмысты қылмыс емес әрекеттен, бір қылмысты екінші бір қылмыстан айыруға мүмкіндік беретін құрамның белгілерін, яғни басты белгісі қылмыс объектісін жақсы білу қажет. Қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне әрқашан да өз мағынасы мен жоғарлығына қарай мазмұндалған нақты қоғамдық қатынастардың өзі жатқызылады. Осыған орай, қылмыстық құқықтағы қоғамдық қатынастың қылмысты саралау үшін маңыздылығы теория жүзінде де, тәжірибе тұрғысынан да ерекше. Қоғамдық қатынас тек адамдар арасында ғана болады. Адамдар бір-бірінен байланысын, кіріптарлығын сезінген сәтінен бастап қоғамдық өмір басталады.

Философиядағы (әдістемедегі) қатынас ол барлық құбылыстардың өзара байланыс сәті. Заттардың қатынасы объективті: заттар қатынастан тыс өмір сүрмейді. Кез-келген заттың өмір сүруі, өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері, дамуы оның объективтік әлемдегі өзге заттарға қатынасына байланысты немесе бір мезгілде осылардың екеуі - деген анықтама береді. Қоғамдағы қоғамдық қатынастар орасан көп болғандықтан объективтік құқық ең негізгілерін, құндыларын ғана мақұлдап, реттеп, қорғауды мойнына алады да, әр құқық саласы әртүрлі туысқан қатынастарды еншілеп, бөліске салады. Құқықпен қамтыған қоғамдық қатынастар құқықтық қатынастар дәрежесіне ие болады. Құқық теориясы бойынша құқықтық қатынастардың мазмұнын қатынасқа түсушілердің субъективтік құқықтары мен міндеттері және оларды қолдану мен жүзеге асыруға байланысты шынайы әрекеттері құрайды. Заң қоғамдық қатынастарды қалыптастыра бағытталады. Қоғамдағы туындайтын сан алуан қоғамдық қатынастардың ішінде қылмыстық құқыққа да енші тиген.

Ол да қатынас жасалған сәтінде мемлекет пен қылмыскердің арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

Дегенмен, қылмыстық құқықтық ерекшелігі өзі реттейтін аталмыш қатынастардан басқа да қатынастарды қорғайтындығында. Осы қатынастарды қорғау мен реттеу барысында сан түрлі пікірталастар ұшырасады. Ал егер де қоғамдағы қалыптасқан қатынастар ендігі жерде нақты қылмыстық құқықтық амалдармен қорғауды қажет етпейді деген шешімге келсе, онда ол нақты әрекет үшін қылмыстық жауаптылықты доғарады және қылмыстық кодекспен сәйкес нормаларды (барлығы не бөлшегін) алып тастайды (декриминализация). Қоғамдық қатынастар туралы толығырақ танымға ие болу үшін, сондай-ақ қылмыскердің объектіге ықпал ету механизімін игеру үшін қылмыс объектісі - қоғамдық қатынастардың тек теориялық жағынан ғана бөлшектене алатын құрылымына тоқталуымыз қажет. [36,265б.].

Қоғамдық қатынастардың құрылымы туралы қылмыстық құқықтық теорияда әр түрлі пікірталастар орын алады. Мәселен, қылмыс объектісіне қатысты алғашқы болып толық зерттеу жүргізген Б.С. Никифоров қоғамдық қатынастардың үш түрлі құрамдас элементін атайды: 1) қоғамдық қатынасқа қатысушылар; 2) қатысушылардың арасындағы қатынас; 3) қатынастардың жүзеге асыру шарты. [37,124б.].

Ал философиялық, социологиялық әдебиеттерде кездесетін пікір бойынша қоғамдық қатынастарды: 1) олардың қатысушылары; 2) аталмыш өзара байланысты тудыратын факторлар (қатынас соған қатысты туатын зат): қоғамдық маңызды әрекет (әлеуметтік байланыс) құрайды.

Қоғамдық қатынастардың құрамдас бөліктеріне жеке-жеке тоқталатын болсақ, біріншіден, қоғамдық қатынастарға түсушілер (субъектілер) қатынас болған соң міндетті түрде оның субъектілері де болатыны белгілі жағдай. Субъект дегеніміз (латынша- subjectum) 1) сыртқы әлемді танушы және оған өзінің тәжірибелік әрекетімен ықпал етуші адам; 2) қандай да бір қасиеттерге ие адам, тұлға; 3) құқықтар мен міндеттерге ие заңдық субъект: жеке тұлға және

занды тұлға.

Демек, қоғамдық қатынастардың субъектілерінің қатарына жеке адамдар ғана емес, сонымен қоса, мемлекет, оның мекемелері, заңды тұлғалар, ұжымдар, топтар т.б. жатады. Әрине, жеке адамнан басқалары тікелей өздері әрекет ете алмайды. [38,49б.].

Я.В.Таций, қылмыс объектілерін топтастыру туралы екі түрлі тұжырым ұсынды: біріншісі, вертикалды топтастыру, яғни қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың жинақталуына қарай; екіншісі – горизонтальды топтастыру, яғни қылмыс арқылы тікелей зардап шегетін қоғамдық қатынастарды маңыздылығына қарай. Осы уақытқа дейін қылмыс объектісін топтастыру мәселесінде терминологиялық, әдістемелік жетіспеушіліктер қолайсыздықтар болғанымен, қазіргі қылмыстық құқық теориясында қылмыс объектісі вертикал бойынша үш немесе төрт кезеңнің үлгісі бойынша топтастырылады.

Ең алғашқы рет, қылмыс объектісін топтастырудың үш кезеңді нұсқасын 1938 жылы В.Д. Меньшагин ұсынды. Жоғарыда аталған нұсқада қылмыс объектісін жете білу үшін, оның маңызын қылмысты саралауда алатын орнына байланысты қызметін түгел толық ашу мақсатымен қылмыстың объектісін жалпы, топтық, тікелей деп бөледі. Бұлар әдістеме бойынша өзара бүтін мен бөлшек санаттары сияқты қатынаста немесе танымдық тұрғыдан келсек, оларға диалектиканың жалпы, ерекше, жеке санаттарын қолдануға болады. Жалпы объект тектік объектілерден тұрса, өз кезегінде тікелей объектілердің жинағы, жиынтық көрінісі тектік объектіні құрайды. Заң шығарушы мұндай заңға қайшы әрекеттің тұтастығы мен қорғалатын объектілердің байланыстылығын ескере отырып, оларды Қылмыстық кодекстің бір ғана нормасымен рәсімдейді. Осыған орай, тікелей объектілердің бірі негізгі болуы тиіс, ал келесісі қосымша болуы қажет.

Демек, қажетті қосымша объект ҚР ҚК-де келтірілген, жасалған әрекетті дәл сол қылмысқа саралау үшін өте қажет болады. Қосалқы объектіге зардап келуі де, келмеуі де мүмкін. Қосымша объект дегеніміз - негізгі объектіге қарсы жасалған қылмыстан жол-жөнекей залал шегетін немесе шегуі мүмкін болатындай қауіп бар объект. Қылмыстық объектінің бірінші түрі, жалпы объект болып табылады. А.Н. Ағыбаев қылмыстың жалпы объектісі деп - қылмыстық заң нормасы арқылы қорғалатын қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтамыз - дейді. Яғни, қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстың іс-әрекеттің кез-келгенінің барлық уақытта да қоғамдық қатынастардың барлық қылмыстардың жалпы объектісі екендігін көрсетеді. Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде қамтылған барлық қоғамдық қатынастар қылмыстың жалпы объектісін құрайды. Оның ауқымы кейбір әрекеттерді қылмыстандыру, қылмыссыздандыру кезінде өзгеріске түсіп отырады. Мәселен, ҚР ҚК-нің 2-бабының 1-бөлігінде ең маңызды қоғамдық қатынастардың тізбегі берілген. ҚР ҚК-нің міндеттері: азаматтың және тұлғаның құқықтарын, заңды мүдделері мен бостандықтарын, мүліткі, ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарын,

қоғамның тәртіптілігі мен қауіпсіздікті, қоршаған ортадағы, ҚР-ның конституциялық құрылымды және аумақ бірлігін, қоғам мен елдің заңнамамен қорғайтын негіздерін қоғамға зиян қолсұғушылықтардан қорғауы, бейбіт өмірді пен азамат қауіпсіздігін сақтаудағы, сонымен қатар қылмыстылық құқықтың бұзушылығы болдырмауында.

Қылмыстың жалпы объектісі қылмыстық құқықтың әлеуметтік, саяси мазмұнын, жалпы қылмыс атауының табиғатын дұрыс анықтауға, іс-әрекеттің жалпы қылмыс қатарына жатқызылуының негізгі қағидасын, сонымен бірге, қылмысты басқа құқық бұзушылықтан ажыратуға толық мүмкіндік береді. Бірақ, жалпы объектінің түсінігі біртектес нақты іс-әрекеттердің ерекшелігін бейнелеуге жеткіліксіз болып табылады. Осыған байланысты қылмыстық ғылым теориясы қылмысты қол сұғушылықтан топтық және тікелей объектілерін бөліп қарастырады.

Қылмыс объектісінің екінші түрі топтық объекті дегеніміз - қылмыстықтағы қол сұғушылықтардан қылмыс заңымен қорғалатын бірдей не ішінара бірдей қоғамдық қатынастар бойынша белгілі бөлігіне айналды. Мысалы, қарақшылық, басқа біреудің мүлкін ұрлау, тонау оны алаяқтықпен алу, бір топтық объектіге - басқа біреудің мүлкіне, меншігіне байланысты қарсы қоғамдық қатынастарға қылмыстық қол сұғуды білдіреді. Бір топтық объектіге қол сұғуына байланысты қылмыстар Ерекше бөлімнің жеке-жеке тарауларына біріктірілген. Қылмыстың топтық объектісінің атауы көп жағдайларда ҚР ҚК- тің Ерекше бөлімінің тарауларында көрсетіледі, кейбір реттерде заң шығарушы оны Ерекше бөлімнің бір бабында да атап көрсетеді. Ал қайсыбір жағдайларда оның атауы қылмыс құрамының мазмұнына талдау жасау арқылы анықталады. Мысалы, ҚР ҚК-де Ерекше бөлім жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (1-тарау), меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (6-тарау), бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар (4-тарау) деген тарауларда қылмыстың топтық объектісі тікелей көрсетілген.

ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінде көрсетілген нақты қылмыстардың құрамының мазмұнына талдау жасай отырып та, қылмыстың топтық объектісін анықтауда мүмкіндік туады. Мысалы, мемлекеттік қызметтің мүддесіне қарсы қылмыстардың топтық объектісі болып мемлекеттік аппараттың дұрыс, бір қалыпты қызметін бұзу екендігі осы тұрғыдағы қылмыстар құрамын талдау арқылы анықталады.

Сонымен, қылмыстың біртектес тобының объектісі ҚР ҚК-нің Ерекше бөліміндегі тараулардың өзара орналасу негізін жасаумен бірге, істелген қылмыс үшін жауаптылықты белгілейтін нормалардың және қылмыстардың нақты, ғылыми түрде топтастырылуына жол ашады. Қылмысты саралауда қылмыстың топтық объектісін анықтаудың маңызы ұқсас қылмыстарды бір-бірінен дұрыс жіктеп, ажыратуға мүмкіндік береді. Мәселен, жеке адамға қарсы қылмыстармен бұзақылықты бір-бірінен ажырату объект арқылы жүзеге асырылады. Өйткені жеке адамға қарсы қылмыстың объектісі - жеке тұлға оның

өмірі, денсаулығы, ар-намысы, ал бұзақылықтың объектісі - қоғамдық тәртіп. [38,58б.].

Қылмыстың объектісінің үшінші түрі тікелей объектіге байланысты алғашқы болып сөз қозғағандардың бірі Б.С. Никифоровтың пікірі бойынша, қылмыстың тікелей объектісі болып әлеуметтік қондырғылардың, қылмыстық құқықпен қорғалатын қалыпты қызмет ету міндеті болып табылады. Ал бұл міндеттердің өзін қоғамдық қатынастардың құрамдас бір бөлігіне балағаны мәлім. Оның ойынша, жоғарыда айтылған жеке меншікке қарсы қылмыстардың топтық объектісі болып жеке адамның меншік қатынастары тұрғысындағы қалыпты қызмет етуі, дәлірек айтсақ, заң арқылы оған берілген мүлікті өз еркімен пайдалану мүмкіндігі табылса, бұл мүмкіндікті жүзеге асыру міндетіне, айтар болсақ, мүліктің басқа тұлғаға өтуі ешқандай қорқытусыз тек иесінің шынайы қалау бойынша ғана жүзеге асуы табылады [39,15б.].

Адамның жасаған іс-әрекеті кез келген жағдайда бір-бірімен байланысты екі көріністен құралады, бірі іс-әрекеттің сыртқы көріністерінің жиынтығынан құралса, екіншісі ішкі психикалық көңіл-күй, сезімнің белсенді нышанынан көрініс табады. Осыған орай, адамның сырттан келген әсерді қабылдап оған жауап қайтаратын, яғни рухани күйі, ішкі сезімі өз алдына психофизикалық мінез-құлқыдан тұрады. Психофизикалық бірлік жасалған іс-әрекеттердің көрінісінен құралады. Әрбір адам өз іс-әрекетін жүзеге асыру үшін барлық адам бойындағы тылсым күштер арпалысқа түсіп, ішкі және сыртқы сезімнің жиынтығы белгілі іс-әрекетке айналады. Адамның іс-әрекетінің сыртқы көрінісі қылмыстық құқықта қылмыстың объективтік жағын құрайды. Қылмыстың объективтік жағы қылмыс объектісі сияқты қылмыс құрамының объективтік сипаттағы элементтерінің бірі болғанымен одан ауқымдырақ. Ол дегеніміз қылмыстың өзіне тән сыртқы қабылданатын жағы. Ол белгі субъектінің іс-әрекетінен (әрекет немесе әрекетсіздік) басталып, қылмыстың салдарының тууымен аяқталатын оқиғалар мен құбылыстардың ретті дамуы тұрғысынан оның сыртқы жағынан қарастырылатын заңмен қорғалатын мүдделерге қоғамдық қауіпті және заңға қайшы қол сұғу процесі болып табылады. Қылмыс құрамының төрт нышанының бірі, оның объективтік жағы - қылмыстың сыртқы жағы бола тұрса да, ол тек субъективтік жағымен салыстырғанда ғана сыртқы, әйтпесе, ол сонымен қоса, қорғалатын объектіге қылмыстың қол сұғу механизмі үшін ішкі сипаттама болып табылады.

Қылмыстың объективтік жағының түсінігіне орай, ғалымдар әртүрлі пікірлер ұсынды. Қылмыс құрам объективтік жағынан қылмыстық заңнама нормаларының диспозицияларында анықталған қылмыстық әрекеттің сыртқы жағдайының жиынтығы табылады. Рахметов С. бойынша, қылмыстың объективтік жағы – қоғамға аса зиянды іс-әрекеттің жылдам түрде қоғамдық қатынастарға залал туғызатын мінез-құлқының сыртқы сипаты танылады. А.Н. Ағыбаев қылмыстың объективтік жағы мазмұнын құрайтын белгілерге жеке-жеке толық танырлықтай тоқталып өткен. Қылмыстың объективтік жағының ең басты белгісі қылмыстық заңнама бойынша қатынастарға қиянат пен қол

сұғатын сонымен қатар, қауіп туғызатын қоғамға қарсы зиянды іс- әрекет саналады. Екінші нышаны, қылмыстық құқықтағы залал қылмыстың объективтік жағының нәтижесі болып қоғамға қарсы зиянды, ал қоғамға зиянды іс-әрекет пен одан туындаған зиянның бір-бірімен байланыстыратын негіз себепті байланыс болып табылады.

Мәселен, қылмыстың объективтік жағын Кудрявцев В.Н. үш сипатқа бөліп қарастырды:

- 1) қоғамға зиян іс-әрекет;
- 2) қоғамға қауіпті зардап пен іс- әрекеттің арасындағы себепті байланыс;
- 3) қоғамдық қауіпті салдар.

Қылмысты саралауда қылмыстың объективтік жағының маңызы біріншіден, оның белгілерін дәлме-дәл анықтау арқылы істелген қоғамға қауіпті іс-әрекетті дұрыс саралаудың негізгі болып табылады. Екіншіден, объективтік жағының белгілері арқылы қылмысты саралауда өзара жақын ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туады (мысалы, ұрлықты тонаудан, алаяқтықты ұрлықтан және т.б.). Осыған байланысты қылмыстың объективтік жағы қылмыс құрамының ішіндегі ең маңызды элементтері қатарына жатады. Қылмыстың объективтік жағының мәні, біріншіден, қылмыс құрамы шегінде қылмыстық құқықтағы қылмыстық жауаптылықтың негізі болып табылады.

Екіншіден, қылмыстың объективтік жағының мәні ол көбінесе, негізгі қылмыстық іс-әрекетті басқа қылмыстардан бөлу шегін ажырату белгісі болып табылады. Мәселен, қылмысты саралау процесінде қылмыстың субъектісі, субъективтік жағы, объектісінің ұқсас қылмыстарды ажыратуда топтық және тікелей белгілері бір-бірімен үйлеседі. Қолданып жүрген қылмыстық заңға сәйкес, қылмысты істеген адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісінің қоғамға қауіптілігіне, қылмыстық заңға қайшылығынан және объективтік жағының белгілерінен өзара жақын, ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, қылмыстың объективтік жағының қылмысты саралаудағы мәні қылмысты тәртіпсіздіктен, теріс-қылықтан ажырату белгісі болып табылады. [40].

Ойымды қорытындылай, қылмыстың объективтік жағы яғни, қылмысты саралауда қоғамға қауіпті іс-әрекетті сонымен қатар оның белгілерін дәлме- дәл дұрыс анықтауда маңыздылығы ерекше болып табылады.

2.2 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың субъективтік белгілері

Қылмыстық субъективтік жағының түсінігі, П.С. Дагельдің пікірі бойынша, қылмыстың субъективтік жағы деп - бұл негізінен адамның психикалық жағдайының қылмысты істеуге тікелей қатысты жағының сипаты, - делінген, яғни қоғамға немесе мемлекетке қауіпті зардап келтірген адамның психикалық жағдайының қылмысты істеуге тура байланысты болған қылмыс құрамы белгілерінің жиынтығы болып табылады.

Қылмыстың объективті жағы қылмысты саралауда бір-бірімен жақын байланысты қылмыстарды бір-бірінен бөлінуге мүмкіндік туғызса, қылмыстың субъективтік жағы қылмыстық жауаптылықтың жоқ, барын анықтауда сипат алады, яғни қылмыстың сыртқы жағдайын сипаттайтын объективтік жаққа қарағанда субъективтік жақ қылмыстың мазмұнын, ішкі мәнін толық білдіреді. Бұл жерден шығатын қорытынды қылмытың объективтік және субъективтік жағының белгілері өзара тығыз байланысты, белгілі бір бірлікте болады. Қылмыстың субъективтік жағы қылмысты дұрыс саралауда қылмыскердің және қылмыстың қауіптілік дәрежесін анықтау үшін және жаза мөлшерін белгілеу үшін аса маңызды сипатта болады. Қылмыстың субъективтік жағының негізгі белгісі кінә, қосымша белгілері қылмыстық ниет және мақсат. Бұл нышандардың жалпыламасы өзара қылмыс жасаған адамның психикасында пайда болатын ішкі процесті анықтайды. Адамның еркіні мен санасымен жасалған өзара байланысын пен әрекетті бейнелеп береді, яғни қоғамға зиян іс-әрекет жасаған адамның ішкі дүниесінде орын алған ішкі өзгерістерді оның еркіні мен санасының өзара байланысын құрайды. Жоғарыда айтылған қылмыстың субъективтік жағының нышандарының заңдылық маңызы біркелкі емес, керісінше әр түрлі. Кінә - қылмыстың әр түрлі құрамының субъективтік жағының міндетті бейнесі. Кінә болмай қылмыстың құрамы да болмайды, яғни қылмыстық жауаптылық жоқ. Қылмысты саралауда қылмыстық жауаптылықтың бар жоғы анықталады. Қылмыс жасаудағы мақсат пен ниеттің кінәдан айырмашылығы, олар бір құрамдар үшін тиісті болып табылса, екіншілер үшін субъективтік жақтың факультативтік нышаны болып табылады. Жасалынайын деп жатқан қылмыс жөніндегі өкініш білдіру, уайымдау немесе жазадан қорқу психологиялық әрекеттің элементтері болып саналмайды, сол себепті ол қылмыстың субъективтік жағының факультативті белгісіне жатқызылады.

Қылмыстың субъективтік жақтарын кінәлінің қылмыс жасаудағы мақсат пен ниет нышандарын дұрыс анықтауда, қылмысты саралауда зор маңызда; ол қылмыстық іс-әрекетті қылмыстық еместен айырып алуға, қылмысты нақты саралауға, объективтік жағынан дәл құрамдарды басқалардан ажыратуға, жазаны жеке даралауға, қылмыстық залал келтірген адамның қауіптілігін анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыстың субъективтік жағының белгілері - кінәні, ниетті, мақсатты дұрыс анықтаудың қылмысты саралаудағы маңызы мынада: біріншіден, қылмыстық жауаптылық негізінің құрамдас бөлігі ретінде ол қылмысты қылмыс болып табылмайтын іс-әрекеттен ажыратуға мүмкіндік береді. Екіншіден, қылмыстың субъективтік жағы объективтік жағынан өзара ұқсас құрамдарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, қылмыстың субъективтік жағының мазмұны істелген қылмыстың, сондай-ақ оны істеген адамның қоғамға қауіптілік дәрежесінің, деңгейін анықтауға себеп болады. Мұның өзі жауаптылықтың негізділігін және мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыстың субъективтік жағының белгілері қылмыстық заңда әрқалай ашылған. Осы белгілер, кей кездерде, заңнаманың мәтінінде тура

көрсетіледі. Мысалы, ҚК 106-бабында денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру тура көрсетілсе, ҚР ҚК 204-бабында бөтеннің мүлкін жоқ қылып немесе мүлікті бүлдіріп ірі зиян келтіру абайламаушылық деп сипатталады. ҚК 369-бабында қызметтік жалғандықтың негізгі белгісі ретінде бас пайда және өзге жеке мүдделілік сипатталған.

Алайда, көп уақыттарды қылмыстың субъективтік жағын нақтылайтын белгілер заңда тура көрсетілмеген. Мұндай кезде тиісті белгілерге заңда әртүрлі мазмұн көрсетіп объективтік нәтижелерге талдау жасау бойынша сипатталады. Мысалы, жасырын жымқыру бойынша құрамын анықтағанда ҚК 188-бабы заң өзгенің мүлкін жасырын жымқырмауды сөз қылады. Қылмыстық заңның ең нақты қағидаларының бірі - қылмыстық жауапқа және қылмыстық жазаға тек қылмыс істегенге кінәлі адам ғана тартылатындығы болып табылады. Бұл қағида ҚР ҚК 19-бабында оның тұжырымдалған. ҚК 19- бабының бірінші бөлігіне сәйкес өз кінәсі анықталған қоғамға зиян іс- әрекеттері және оның қоғамға зиян зардаптарының туындауынан ғана қылмыстық жауаптылық көтереді. Адамға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келгенімен кінә дәлелденбестен қылмыстық заң қылмыстық жауаптылықты болдырмайды. ҚК 19-бабының екінші бөлігінде объективті айыптауға, айталық кінәлі болмауы залал әкелгені бойынша қылмыстық жауаптылықта жол жоқ делінген. ҚР ҚК 19-бабының 3-бөлімінде қимылды абайсызда не қасақана жасаған тұлға ғана қылмыстық құқық бұзғаны бойынша кінәлі деп саналады делінген. Қылмыстық құқықта белгілі бір қоғамға зияндының іс-әрекетрің істеді екен деп кінәсізден - кінәсіз жауапқа тартылуына мүлдем жол берілмейді. Бұл қылмыстық құқықтардың табиғатына жат құбылыс.

Д.П. Котовтің пікірі бойынша кінә дегеніміз - бұл адамның өзінің абайсызда немесе қасақаналықпен істейтін қоғамға қауіпті іс-әрекетіне және оның қоғамға зиянды зардабына деген көзқарастардың жиынтығының нәтижесі болып табылады. Жасалған қылмыс үшін кінәнің болуы объективті ақиқат. Қылмыстың субъектісінің кінәлілігі туралы тұжырымда сот іс бойынша жинақтаған дәлелдемелер арқылы анықтайды.

Кінә - тек патологиялық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-саяси да ұғым. Кінәнің психологиялық мазмұны сонда - адам өзі жасаған әрекеттің іс жүзінде болғандығын және оның зардабын ұғынады немесе ұғынуға мүмкіндік алады. Кінәнің әлеуметтік-саяси мағынасы сонда өз әрекетінің және оның зардабының әлеуметтік маңыздылығын, яғни олардың қоғамға қауіптілік сипатын ұғынады немесе ұғынуға мүмкіндік алады. Қылмыс жасаған адамның саналы - ерікті психикалық жағдайы дегеніміз - адамның санасы мен еркінің өзі жасаған, қылмыстық заңда көзделген, әрекетте және оның зардаптарына қатынасы. Сана (интеллектуалдық жағдай) мен еріктің (еріктік жағдай) өзара жиынтығы кінәнің мазмұны құрайды. Сонымен кінә екі жағдаймен интеллектуалдық және еріктік жағдайлармен сипатталады. Интеллектуалдық және еріктік жағдайдың әртүрлі ара қатынасы кінәні нысандарға, ал нысанның ішінде түрлерге бөлуге негіз болады. [41].

П.С. Дагель мен Д.П. Котов қылмыстық құқықтың ең маңызды қағидасы кінәлі жауаптылықты екенін атап көрсетеді, яғни бұл қағиданың мәні сол, кінәсіз қылмыс та болмайды дегенді білдіреді. Қылмыстық жауаптылықта оны істеген адамның іс-әрекетінде кінә болған жағдайда ғана, яғни қылмыс істеген адамның өзінің іс-әрекетіне қасақаланып немесе абайсыздық түрде білдірген саналы, психалық қатынасы жатады. Іс-әрекеттің зардабы қанша ауыр болса да, егер ол кінәсіз жағдайда істелсе, ол қылмыс болып табылмайды. Жазықсыз зиян келтіру қылмыс болып табылмайды. Жазықсыз зиян келтіру қылмыс емес, оқыс оқиға болып саналады.

ҚР ҚК-нің 23-бабында көрсетілген, егер әрекеттерді (әрекетсіздікті) және қоғамға қауіпті туған зиянды жасаушы тұлғаның пиғылында болмаса, ал бұндай іс-әрекетті абайсызда жасағандығы және қоғамға қауіптілігі зиян келтіргендігі үшін ҚК-те қылмыстық жауапкершілік көзделмесе, іс-әрекет кінәсіздік болмауынан жасалынған деп сипатталады. ҚК 23-бабының 2-бөлімінде, егер қимыл жасаушы тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қарсылығын түсінбесе және істің жағдайлары туралы ұғынбаса не қоғамға қауіпті зиянның туындауын ойластыра болжап білмесе және әрекеттің жағдайын оларды болжап білуі керек болса не білмесе, қимылы кінәсіздікпен жасалған болып табылады. Алайда іс-әрекет жасағанда қоғамға ауырі зиянның туындауын болжамаса білген тұлға бұған нақты шамаларда оларды болғызбайды делінген болса немесес өз физиологиялы-психикалы қасиеттері жағдайлар бағытына не жүйкелік психикалық ауытқуларға сәйкес келмеуінен осы зияндарды болғызбауға шамасы келмесе, іс-әрекет кінәсіздікпен де жасаған деп саналады.

ҚР ҚК-нің 4-ші бабы бойынша, қылмысты жауапкершіліктің маңызы - қылмыстық құқықтық бұзушылықтардың жасауы, демек бұл Кодексте көрсетілген қылмыс не қылмыстық бұрыс әрекет құрамының жалпы белгілері болғандықтан іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтардың бірі маңыздысы болады. Нақ осы бір қылмыс құқығы бұзушылықтарының ешбір тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке қайталам ретінде тартуына жол бермейді. Қылмыс заңнамасы ұқсас қылмыстарға сәйкес қолдануға болмайды[15,46.]. Яғни, қылмыстық жауапкершілікке және жазалауға тек қана қылмысты жасаған кінәлілер, яғни айтқанда, қасақана немесе абайсыздық жағдайда қоғамға қауіпті қасақана іс ретінде қылмыстық жауаптылыққа тарту көзделінген болып табылады. Заңнан анық болып отырғандай, қоғамға қарсы қауіпті іс-әрекет жасағаны үшін кінәлі болған жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Қылмыстың субъективтік жағына оның нақты белгісі болып табылатын мәнімен бірге қылмыстың мақсаты және ниеті кіреді. Қылмыстың ниеті дегеніміз - белгілі бір мүдделер мен қажеттіліктердің іштей түрткі болуына байланысты адамның соларды назарға ала отырып саналы түрде қылмыс істеуі.

Қылмыстық ниет тікелей немесе жанама қасақаналықта көрініс тапса, қылмыстық мақсат әруақытта да тікелей қасақаналықпен іске асырылады. Сонымен қылмыстың жасалу ниеттері мен мақсаттарын толық ашылуына маңызды негіздер жасайды. Қылмыстың субъективті жағының дәлме-дәл

анықталуынан оны саралаудың да дұрыстығы бастау алады. Бұл арада В.Н. Кудрявцев: егер қылмыстың объективті жағы болмаса, онда субъективті жағы да болуы мүмкін емес. Қылмыстың субъективті жағы мен объективтік жағының байланысы қылмыс жасаған адамның ойының қасақаналығының және абайсыздығының мазмұны туралы мәселені шешкенде айқын көрініс береді – деп атап көрсетеді.

Қылмыстың субъективтік жағының белгілері кінә, ниет пен мақсат, қылмысты дұрыс саралауда маңызының ерекшелігі мынада:

біріншіден, қылмысты саралауда қылмыстық жауаптылық негізінің құрамдас бөлігі ретінде ол қылмысты қылмыс болып табылмайтын іс-әрекеттен ажыратуға мүмкіндік береді;

екіншіден, қылмысты саралауда қылмыстың субъективтік жағы объективтік жағынан өзара ұқсас құрамдарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді;

үшіншіден, қылмыстық субъективтік жағының мазмұны істелген қылмыстың, сондай-ақ оны істеген адамның қоғамға қауіптілік дәрежесінің деңгейін анықтауға себеп болады. Мұның өзі қылмысты саралауда жауаптылықтың мөлшерін және негізділігін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен, қылмыстың субъективтік жағының қылмыстық жауаптылықтың бар-жоғын анықтау үшін, істелген қылмысты нақты саралау үшін және әділ жаза тағайындау бойынша маңызы ерекше.

Қылмыс құрамының маңызды элементтерінің бірі қылмыстың субъектісі. Қылмыстың субъектісі болып қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және заңға сәйкес сол үшін қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілетті адам танылады. ҚР ҚК-ің 5,7,8 баптарының талаптарына сай ҚР ҚК-нің күші ҚР-ның азаматына, ҚР-ның аумағындағы азаматтығы жоқ адамдарға, сондай ақ шетелдіктерге қолданылады. ҚР ҚК [15] 5-бабына сәйкес, қылмыстық заңнаманың уақытта сипатталуы - қимылдың жазаланушылықтары мен қылмыстылығы осы қимыл жасалғандағы кезде қолданса заңнамамен реттеледі. Қоғамға зиян қимыл жасалғанда уақыт, зиянның туған кезіне қарамастан, қылмыс құқық бұзушылықтар жасалғандығы кезі деп сипатталады. ҚР ҚК [15] 7-бабына сәйкес, қылмыстық заңның ҚР-да қылмыстық құқық бұзған тұлғаларға қатысты қолданылуының негізі: ҚР- да қылмыстық құқықты бұзған тұлға ҚР ҚК-не сәйкес жауапкершілікке тартылады. ҚР-да жасалған не жалғасын тапқан не аяқтағаны бойынша іс-әрекет ҚР-да жасаған қылмысты құқықты бұзушылықтар деп саналады. ҚР ҚК-нің маңыздылығы ҚР-ның континенттік айрықша және қайраңында экономикалы аумағында жасаған қылмыстық жасаған да қолданылу керек. ҚР-ның портына тірке тапқан және де ҚР-да тыс анық су не әуеде жүрген кемеді қылмыс құқығы бұзған тұлға, егер ҚР-ның халықаралық шарттарында бөлек көзделмесе, ҚР ҚК-не сәйкес, қылмыстық жауапкершілікке тартылады. ҚР-ның әскери кораблі не әскери әуе кемесінде қылмыс жасаушы тұлғада, өзін қайда болғанына қарамай, ҚР ҚК-не сәйкес, қылмыстық жауапкершілікте болуы қажет. Шет елдердің

дипломатиялық өкілдері иммунитетті пайдаланатын және басқа тұлғаларының қылмыстық жауапкершілігі бойынша мәселе бұл тұлғалар ҚР-да қылмыстық құқық бұзғанда, халықаралық құқық нормаларына сай шешімін табады.

ҚР ҚК-нің [15] 8-бабы бойынша, қылмыстық заңның ҚР-ның шегінен басқа елде қылмыс жасаушы тұлғаға байланысты қолданылуы - ҚР-ның шегінен тысқары жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған ҚР-ның азаматтары, егерде осылар жасағанда сол қылмыс жасалынған елде қылмыстық жазаға тартылады деп танылса және егерде аталған тұлғалар өзге елде сотталмаса, ҚР ҚК-не сәйкес қылмыстық жауапкершілікке жатқызылады. Осы тұлғаларды соттаған уақытта жаза ел аймағында қылмысты құқық бұзушылықпен жасаған елдің заңнамасында сипатталған санкцияның өсу шегінен асырмайды. ҚР-да жүрген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды ҚР халықаралық шартқа сай қылмыстық жауапкершілікке тартуға не жазалау үшін шет елге беруге болмайтындығы болса, аталған тұлғалар да бұл себептерде жауаптылықты тартылады. Бұл ҚРҚК нормалары, егер ҚР-да халықаралық шартында бөлек көзделмесе, экстремистік не террористік қылмыстар не бейбіт өмір пен тұлға қауіпсіздігіне бағытталған қылмыс жасалғанда, не ҚР-ның нақты маңызы мүдделеріне өзгелеу қатты зиян келтіргеніне байланысты қылмыстың жасағанда қарамастан, ҚР-да азаматтарына, ҚР-ның аумағында тұрақты жерде тұруға азаматтығы жоқ адамдарға қатысты сипатталады.

Тұлғаның өзге едің аумағында сотталғандығы және қылмыстық жазаланатын қимыл жасауының өзге де қылмысты құқықтық жағдайдың, егер ҚР-да халықаралық шартында бөлек көзделмесе не егер басқа мемлекеттің аумағында жасалған қылмысқа тартылатын қимыл ҚР-да ұлттық мүдделерін қозғамауы, бұл тұлғаның ҚР-да жерінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша қылмыстық жауаптылығына сәйкес мәселелерді шешу үшін қылмысты құқықты маңызы бола алмайды. ҚР-ның бөтен жерде орналасқан оның әскери бөлімі әскери қызметшілерінің шет мемлекеттің жерінде жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, егер ҚР-ның халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

ҚР-ның шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған, сондай-ақ ҚР-ның аумағында тұрақты тұрмайтын шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, егер осы іс-әрекет ҚР-ның мүдделеріне қарсы бағытталған жағдайларда және ҚР-ның халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және ҚР-ның аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болса, ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап беру: басқа елдің аумағында қылмыстық құқық бұзушылық істеген-ның азаматтары, егер ҚР-ның халықаралық шартында өзгеше белгіленбесе, ұстап беруге жатпайды.

ҚР-ның шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған және ҚР-ның аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ҚР-ның халықаралық

шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке ұстап берілуі мүмкін.

Ешкімді де шет мемлекетке, егер сол мемлекетте оған азаптау, зорлық-зомбылық, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсету немесе жазалау қатері бар деп пайымдауға айтарлықтай негіздер болса, сондай-ақ өлім жазасын қолдану қаупі жағдайында, егер ҚР-ның шарттарында өзгеше көзделмесе, ұстап беруге болмайды [15,9б.].

Жоғардағыны қорытындылай келе, қоғамға зиян іс-әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тек тірі тұлға жауапты болып табылады. Табиғи күштерден, заттардан, жануарлардың дүниесінен келген залал үшін қылмыстық жауаптылыққа болмайды, осы көрсетілгендер қылмыс субъектісі болып табылмайды. Егерде тұлға табиғи күштерді немесе жануарларды қолданып абайсыздықпен немесе қасақана өзгеге залал келтірсе, онда қылмыстық жауаптылыққа осы тұлғаның өзі жауапты болып табылады. Сонымен қатар ұйым, мекеме, кәсіпорын және басқада заңды ұйымдар қылмыстың субъектісі болмайды. Кейбір мекеме, кәсіпорын, ұйымда еңбек қорғау қағидаттарының нақты бұзылғанына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа ұйым, мекеме, кәсіпорын емес осы еңбекті қорғау қағидаларын кінәлі түрде бұзған лауазымды тұлға, егерде осы тұлғаның кесірінен адамдар қайғылы жайтқа ұшыраса жауаптылық көзделеді. Тұлға қоғамға зиянды іс-әрекет жасаған кезде өз іс-әрекетінде жауап бере алмаса, қылмысты есі дұрыс емес күйде жасаса, онда осы тұлғаның іс-әрекетінде қылмыстың екі нысаны: абайсыздық пен қасақаналық жоқ деп сипатталады. Қоғамға қарсы зиян іс-әрекетін ұғып, оның түсінігіне жетіп, естілікпен, ақылмен істеген есі дұрыс тұлға ғана қылмыс үшін кінәлі саналады. Қоғамға қарсы бағыттылаған зиян іс-әрекет жасаған сәтте есі дұрыс емес жағдайында өз іс-әрекеті бойынша өзіне жауап бермесе, өзінің қимылыны жауап бере алмаса тұлға қылмыс субъектісі болмайды. Қылмыстың субъектісі кез келген тұлға ғана емес, тек есі дұрыс тұлғада болып табылады. Осы қылмыс субъектісі бойынша екінші белгісі.

Нақты өз іс-әрекеттерін басқарып алу және толық сезу оны дені сау тұлғаға дүниеге келген кезден бастап қалыптасады. Нақты бір жасқа толған тұлғаның қалыпты өмірлік дағдысы бойынша ол өзін қоршаған ортаның құбылысын дұрыс бағалау, осы ортаға өз іс-әрекетін пайдалы не залал келтіретіндігін ұғыну, тиісті жайттарға сай іс-қимыл жасап мораль, құқық нормаларымен тыйым салғандарды жасап немесе осындай қимылдан бас тартуды шешуге жауапты, әрі қабілетті болып табылады. Педиатр, педагог, психолог, психиатр, заңгер мамандарының қорытындылары бойынша, жас шамасы 16 жасқа толған кез деп сипатталған. Белгіленген жасқа толған жасөспірімдер өздерінің әр түрлі іс-әрекеті бойынша қылмыстық жауаптылық көзделеді. ҚК 15-бабында нақтыланған кейбір қылмыстарды жасағаны үшін одан ертерек 14 жасқа толған кезден бастап басталады.

ҚР ҚК-нің 15-бабына сәйкес, қылмыстық жауаптылыққа жататын адамдар: қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған

есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады; Қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адамдардың адам өлтіргені (99-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (106-бап), ауырлататын мән- жайлар кезінде денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіргені (107- баптың екінші бөлігі), зорлағаны (120-бап), сексуалдық сипаттағы зорлық- зомбылық әрекеттері (121-бап), адам ұрлағаны (125-бап), халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасағаны (173-бап), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғаны (174-бап), ҚР Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қолсұғушылық (177-бап), ҚР Президентінің өміріне қолсұғушылық (178-бап), диверсия (184-бап), ұрлық (188-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), тонау (191-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), қарақшылық (192-бап), қорқытып алушылық (194-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алғаны (200-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), ауырлататын мән-жайлар кезінде бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені (202-баптың екінші және үшінші бөліктері), терроризм актісі (255-бап), терроризмді насихаттағаны немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақырғаны (256-бап), террористік топ құрғаны, оған басшылық еткені және оның әрекетіне қатысқаны (257-баптың бірінші және екінші бөліктері), террористік немесе экстремистік әрекетті қаржыландырғаны және терроризмге не экстремизмге өзге де дем берушілік (258-бап), адамды кепілге алғаны (261-бап), ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасағаны немесе оларды басып алғаны (269-бап), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны (273- бап), қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқырғаны не қорқытып алғаны (291-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде бұзақылық жасағаны (293-баптың екінші және үшінші бөліктері), тағылық (294-бап), есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқырғаны не қорқытып алғаны (298-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлағаны (314-баптың екінші бөлігі) және көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыз еткені (350-бап) үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады; Егер кәмелетке толмаған адам осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген жасқа толған болса, бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуы жағынан артта қалуы салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаса не оларға ие бола алмаса, ол қылмыстық жауаптылыққа жатпайды; Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға

қарамастан заң алдында тең [40].

Сондықтан, заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толу қылмыс субъектісін қажетті белгісінің бірі болып табылады. Қылмыстың субъектісі жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді. Ал есі дұрыстық, заңда белгіленген жасқа толу, жеке адам болу - барлық қылмыстарға тән ортақ белгілер. Бұл белгілер жалпы субъектінің түсінігін береді. Кей тұстарда, субъектінің негізгі белгісімен қатар қосымша белгілері де болады, олар нақты қылмыстың ерекшелігін сипаттайды. Мұндай субъект арнайы деп аталады.

ҚР ҚК-нің 16-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бұл кодексте сипатталған қоғамға зиян іс-әрекетті жасаған кезде есі дұрыс емес болғанда, яғни психикасының уақытша бұзылуының, созылмалы психикалық ауруының, психикасының өзге де дертке ұшырауының немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің іс жүзіндегі сипаты мен оларға ие бола алмаған немесе қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатпайды. Есі дұрыс емес тұлғаның заңнама екі нышанын белгілейді: заңдылық және медициналық. Тұлғаны есі дұрыс емес деп тану үшін заңдылық және медициналық критерийлердің жиынтығы керек. Тек заңдылық немесе тек медициналық критерийлердің ғана болуы тұлғаны есі дұрыс емес деп тануға негіз бола алмайды. Есі дұрыс еместің медициналық критерийі ҚК 16- бабының 1-бөлігінде көрсетілген психикалық қызметтің дертті бұзылуының төртеуінің біреуі болуын талап етеді, олар: а) созылмалы психикалық ауру; б) психиканың уақытша бұзылуының в) психиканың өзге де дертке шалдығуы; Созылмалы ауру, жазылуы қиын психикалық ауру, ұзақ уақытқа созылады, психикалық бұзылуы біртіндеп үдеуі мүмкін; г) кемақылдылық [42,147б.].

Арнаулы субъектінің нышандары әрқалай болады және адамның жеке басының әртүрлі қасиеттеріне қатысты болады. Арнаулы субъектінің ҚК Ерекше бөлімнің нормаларында көзделген барлық нышандары мына топтарға бөлінеді.

Адамның құқықтық жағдайын сипаттайтын нышандар-әскери қызметтер; ата-аналар, жұбай-зайып, балалары - (ҚР ҚК139 бап-балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп- бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару).

Демографиялық нышандар, айыпты адамның дене құрылыс қасиеті- жынысы (ер адам ҚК 120-бабы зорлау) жасы (кәмелетке толмаған- ҚР ҚК 132-бап Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту, 133-бап Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту), денсаулық жағдайы (соз ауруымен науқас адам ҚР ҚК 117-бабы, адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жұқтыру ҚК 118 - бабы) және т.б.

Қызметтік жағдайын, атқаратын жұмысын сипаттайтын нышандар және адамның кәсібін сипаттайтын нышандар - судья. Теміржол, теңіз, әуе, өзен көлігінің қызметкері, т.б. (ҚК 317-бап медицина немесе фармацевтика

жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы; 319-бап заңсыз түсік жасау; 344-бап теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу; 361-бап лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану; 418-бап көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзге де сот актісін шығару т.б.).

Адамның бұрынғы Кеңеске қарсы қызметін немесе неше қайтара қылмыс жоқтағандығын соттылығы бар екендігін сипаттайтын нышандар (бұрын бұзақылық үшін сотталған адам ҚР ҚК 293 бұзақылық бабының 2- бөлігінің 3 тармағы. т.б.), неше қайтара жасалған ұрлақ (ҚК 188-бабы 3- бөлігінің 2 тармағы) және т.б. Сонымен, қылмыстың субъектісін құрайтын белгілердің қылмысты саралау үшін; қылмыстық жауаптылық мәселелерін шешуде және жаза мөлшерін белгілеуде маңызы зор. Жоғарыда аталған іс- әрекеттер қылмыс құрамының мазмұнын толық ашуға, қылмысты іс-әрекетті дұрыс саралауға көмектеседі. [43,68б.].

Бөлімді қорытындылай келе, меншік құқығына қауіпті іс-әрекет арқылы қиянат жасалғанда қылмыстық құқық нормасы арқылы қорғалады, ал меншік иелерінің заңды құқықтары азаматтық құқықтық нормалармен реттеледі. Меншікке қарсы қылмыстардың топтық объектісі болып-меншік иесінің иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын құрайтын меншікке байланысты қоғамдық қатынастар табылады. Ата заңымыз, ҚР-дағы мемлекеттік меншік пен жеке меншікті бірдей таниды және бірдей қорғайды. Ата заңымыз бойынша меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

3. ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҰРЛЫҚТЫҢ КВАЛИФИКАЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруды ұқсас қылмыстардан ажырату

Қылмыстық құқықта белгілі бір қоғамға зиянды іс-әрекет жасады екен деп кінәсізден - кінәсіз жауаптылыққа тартуға мүлдем жол берілмейді. Ол қылмыстық құқықта жат құбылыс болып табылады. Д.П. Котовтің пікірі бойынша кінә - бұл тұлғаның өзінің абайсызда немесе қасақаналықпен жасаған қоғамға зиян іс-әрекетіне және де қоғамға қарсы зардабына көзқарастардың жиынтығының көрсеткіші. Кез-келген жасалған қылмыс бойынша кінәнің болуы объективтік ақиқат. Қылмыстың субъектісінің кінәлілігі бойынша тұжырымда сот іс бойынша жинақтаған дәлелдемелермен анықтайды.

Мысалы, ұрлық құрамын анықтағанда ҚР ҚК 188-бабы заң бөтеннің мүлкін жасырын ұрламауды сөз қылады. Қылмыстық заңның ең маңызды қағидаларының бірі - қылмыстық жазаға және қылмыстық жауапқа тек қылмыс істегенге кінәлі тұлға ғана жауапты. Осы қағидат ҚР ҚК 19-бабында көрсетілген. ҚР ҚК 19-бабының бірінші бөлігі бойынша тұлға өз кінәсін сипатталған қоғамға қарсы іс-әрекеттері және оның қоғамға қарсы зияндарының туындауынан ғана қылмыстық жауаптылық болады. Тұлғаға, мемлекетке немесе қоғамға залал келгенімен кінәлік дәлелденбестен қылмыстық заңнама қылмыстық жауаптылықты болғызбайды. ҚК 19- бабының екінші бөлігінде, объективті айыптауға, кінә болмайзиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді делінген. ҚР ҚК 19-бабының 3-бөлімінде Іс-әрекетті қасақана немесе абайсызда жасаған адам ғана қылмыстық құқық бұзушылық үшін кінәлі деп танылады делінген [15,196.].

Ата заңымызға және ҚР ҚК бойынша, қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді. Адамның қылмыстық құқықтық нормативті салған іс-әрекеттерді істеуін қылмыстық құқыққа қайшылық деп атаймыз. Құқыққа қайшылықта норма бәсекелестігі, яғни жалпы және арнайы норма түрінде қолданылады.

А.Н. Трайниннің пікіріне жүгінсек: арнайы құрам былайша айтқанда, қылмыстың түрлік белгісінен алынады, - делінген. А.Н. Ағыбаевтің пікіріне сүйенсек, түрлік қылмыстың белгілері – жалпылама қылмыстарға ортақ, олардың қоғамға зияндылығын және құқыққа қарсылығын сипаттайтын жиынтығының сипаты. Түрлік белгіге жатқызылмайтын тек жекеленген қылмысқа сәйкес белгілер қылмыстың құрамына жатпайды. Сол себепті олар қылмыс құрамынан бөлек болады, сол себепті оның қылмысты саралау бойынша маңызыдылығы жоқ.

Мысалы, біреудің мүлкін ұрлағанда (ақша, зат, құжат т.б) немесе ол ұрлықтың қашан болғаны қылмысты саралауға әсер етпейді. Түрлік белгі сол немесе басқа қылмыстың міндетті белгілері болып табылады. Осы түрлік

белгілердің біреуі жоқ болса, онда қылмыс құрамы болмайды. Мысалы, басқа біреудің мүлкін ұрлаудың түрлік белгісі - оны жасырын жымқыру болып табылады. Егер басқа біреудің мүлкін алу жасырын түрде емес, ашық түрде жүзеге асырылса, онда ұрлық емес, басқа қылмыс құрамы - тонау болады. Қылмыс құрамы бір ғана қылмыстық құқықтық нормада көрсетіледі. [44,53б.]. Бұл жерде норма бәсекелестігі болмайды. Толық және бөлшек нормалардың бәсекелестігі қылмыс құрамының элементтерінде қаралады. Олар: объектісі, объективтік жағы, субъектісі, субъективтік жағы болып табылады.

Қылмыстық заңнама өзінің нормаларымен, қоғамдық қатынастарды қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғайды. Кез-келген қылмыс қоғамдық қатынастарға қол сұққандықтан қоғамға тұтастай қауіп төндіреді. Сонымен қатар қоғамдық қатынастар дегеніміз – адамдар арасындағы қатынастар және адам аталған қатынастардың қатысушысы болып табылады. Сондықтан адамның жеке басына, меншікке, қоршаған ортаға қол сұға отырып қылмыскер осы құндылықтармен байланысты қоғамдық қатынастарға да қол сұғады. Қылмыстық құқықтың көптеген теоретиктерінің пікірінше қол сұққаны үшін ҚР ҚК-де жауапкершілік қарастырылаған қоғамдық қатынастар қылмыстың объектісі болып табылады.

Басқаша айтқанда қылмыскер неге қол сұқса, не нәрсе қылмыстық заңмен қорғалса неге залал келсе немесе залал келуі мүмкін болса қылмыс объектісі дегеніміз сол болады. А.Н. Трайниннің айтуынша Еш нәрсеге қол сұқпайтын қылмыстың табиғатта болуы мүмкін емес. Бұл аксиома – дәлелдеуді қажет етпейтін айқын шындық.

Қылмыстық-құқылық теорияда қылмыс объектісінің үш мүшелік жіктелуі қабылданған (жалпы, топтық, тікелей) Уақыт өте келе бұл пікір Б.С. Никифоров, Е.А. Фролов және М.И. Федоровтармен сынға ұшырады. Олардың алғашқы екеуі оқулық және ғылыми әдебиеттерде тікелей объект топтық объектімен қосылып кетеді деп негізді түрде санады. М.И. Федоров керісінше

объектілерді сыныптау барысында олардың санын азайтуды жақтады. Оның ойынша қылмыстың жалпы объектісі ұғымынан тіптен бас тарту қажет себебі ол ешқандай мазмұны жоқ қоғамдық өмірдің құбылысы болып ғана табылады. Сондықтан, криминалистер үшін жалпы объект ешнәрсе бермейді және қылмыстық юстицияда ешқандай маңызға ие болмайды.

Объектілерді сыныптау мәселесінде Н.И. Коржанскийдің ұстанған позициясы назар аударарлық жай. Ол Б.С. Никифоров пен Е.А. Фроловтың объектілерді сыныптаудың үш мүшелік жүйесімен келіспей оны жарамсыз деп санайды және объектілерді сыныптаудағы өз үлгісін ұсынады [45].

Н.И. Коржанскийдің пікірі бойынша қылмыс объектілерін вертикал бойынша сыныптау төрт сатыға ие болады: 1) жалпы объект (...құқық тәртібі қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығы); 2) топтық объект (қоғамдық өмірдің бір өрісін құрайтын біртектес қоғамдық қатынастардың жеке тобы – меншік, жеке адам); 3) түрлік объект (бір түрдегі қоғамдық қатынастар – өмір, жеке меншік); 4) тікелей объект (нақты қоғадық қатынас – И.И. Ивановтың

өмірі, Е.Е. Егоровтың жеке меншігі т.б) [46,55б.]. Бұдан байқайтынымыз жалпы, топтық және тікелей объектілер. сыныптаудың үшмүшелік үлгісіндегіге ұқсас. Алайда қылмыстың жаңла объектісі түрлік объект енгізілген. Қылмысты объектісі бойынша саралау басқа элементтері бойынша саралау сияқты, бірінші кезекте аталған элементке кіретін белгілерді анықтау қажет, олар іс-әрекетті саралауға қалай ықпал етеді және қандай маңызға ие, яғни әрбір қылмыстық әрекет объективтік және субъективтік ерекшеліктері бар әртүрлі белгілерге ие болады, алайда олардың барлығы бірдей қылмыс құрамының тиісті белгісі болып табылмайды және қылмысты саралау үшін маңызға ие болмайды. Қылмыстық-құқықтық саралауды жүргізу процессінде қол сұғудың жалпы объектісін анықтау жасалған құқыққа қарсы әрекет құқық бұзушылықтың қай тобына жататындығын анықтауға бағыттылған. Қылмысты саралау барысында қол сұғушылықтың топтық объектісін анықтаудың маңызы жоғары. Ондай жағдайда нақты тұлғаға жасаған іс-әрекеті үшін қолдануға қажетті ҚК-тің нормасын Қылмыстық кодекстің өн бойынан іздеуге тура келмейді. Топтық объектіні анықтау ҚК-тің Ерекше бөлімінің ішінен ұқсастықты табу қажеттілігін, теңдестіруді білдіреді. Кейбір құрамдарда топтық және тікелей объектілер ұқсастыққа ие болады. Мысалы ұрлықта олар меншік, бұзақылықта қоғамдық тәртіп болып табылады.

Сонымен қатар, қылмыс объектісінен қылмыстың затын ажырата білу қажет. Қылмыс объектісі ретінде қарастырылатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіру осы қатынастардың жеке элементтеріне, соның ішінде қолсұғушылық затына әсер ету арқылы жасалуы мүмкін. Қылмыстың заты деп - қылмыс объектісінің элементі болып табылатын және қылмыс құрамының белгісі ретінде сипатталатын зат немесе объективті дүниенің басқа да заттары. Мысалы, мүлікті, яғни автокөлікті ұрлауда қылмыстың заты – автокөліктің өзі, ал объектісі сол автокөлік иесінің меншік құқығы. Кейде қылмыстың заты болып адам, яғни оның денесіне әсер ету арқылы объектіге қарсы қолсұғылады [47,21б.].

Тікелей объектіні және оның қылмыс затымен ара қатынасын анықтауда криминалистер арасында бірдей көзқарастар жоқ. Екі әртүрлі концепциялар бар: кейбір заңгерлер қоғамдық қатынастарды қылмыстың жалпы объектісі ретінде қабылдап, оны нақты құрамдағы тікелей объекті ретінде қабылдаудан бас тартады. Социалистік және жеке меншікке қарсы қылмыстардың тікелей объектісі қоғамдық қатынас ретіндегі меншік емес, ол материалдық заттар, мүлік жатады деді [48,138б.].

Сонымен, көптеген ғалымдар қылмыс заты ретінде қоғамдық қатынастың материалдық, заттай жағын көрсетеді. Зат – нақты зат, ал объект осы зат жөніндегі әлеуметтік қатынас. Қылмыс арқылы барлық уақытта объектіге зиян келтіріледі және бұл зиянды қалпына келтіруге немесе жоюға мүмкіндік бола бермейді, ал қылмыс заты көбіне қол сұғушылықтан жойылмайды, бүлдірілмейді, олай болған күнде оны қалпына келтіруге болады. Қылмыс заты – әр түрлі қылмыс объектісінің нақты, бірақ нақты емес элементі, оған септігін

тигізіп қылмыскер қылмыстық заңнамасы бойынша қорғайтын мүдделерге елеулі залал келтіреді. Дегенмен, бірнеше авторлар мысалы, профессор Е.І.Қайыржановтың піңкірі бойынша, затсыз қылмыс болмайды, әр түрлі қылмыстың заты бар деген де тұжырым айтады.

Қылмыстық заң теориясында қылмыс затының шын мәніндегі мазмұнының екі бірдей анықтамасы кең таралған. Бірінші анықтама бойынша: Қылмыс затына өзінің қылмыстық әрекетін жүзеге асыра отырып, қылмыскер тікелей ықпал жасайтын сыртқы әлемнің материалдық заттары жатады. Екінші анықтамасы бойынша – қылмыс затына сол қылмыстың жасалуына себеп болған материалдық әлемдегі заттар жатады [49,154б.].

Қылмыс затына қылмыс құралының да қатысы бар. Қылмыстың құралы деп қылмыскердің ойлаған қылмыстық ниетін жүзеге асыру үшін пайдаланған құралын айтамыз. Мысалы, кісі өлтіруде құрал – мылтық, ұрлықта – лом, әскерден бұлтартуда – жалған құжат. Қылмыстың құралы кейбір жағдайда бір жағынан қылмыстың құралы болса, екінші жағынан қылмыстың заты болуы да мүмкін. Мысалы, ақша ұрлықта - қылмыс заты, ал парада - қылмыс құралы б.т. Қылмыстың заты мен құралы арасындағы айырмашылықты қылмысты жасау процесі кезіндегі бұл заттардың пайдалану сипатына қарап анықтау қажет. Сонымен бірге оның процесуалдық аспектісін де айта кету керек. Қылмысты тергеу және сот қарауы кезінде қылмыстың заты мен құралының одан әрі тағдыры әртүрлі шешіледі. Қылмыстың заты жәбірленушіге қайтарылуға жатса, ал қылмыс құралы барлық уақытта мемлекеттің тәркіленуге жатады.

Қарақшылықтың заңдық конструкциясы өзінің күрделілігімен ажыратылады. Өйткені, ғылымда және сот практикасында бұрығы кеңес заманынан бері әртүрлі тұрғыда талданып келді. Кейбір кеңестік авторлар қарақшылықты бөтеннің мүлкін күш қолданып, ұрлаудың бір түріне жатқызған. Мысалы, В.Д.Меньшагиннің пікіріне сәйкес: қарақшылық пен ұрлықты ажыратудың басты және негізгі белгісі, ол яғни ұрлықта адамның жеке басына күш қолданбай ұрлық жасалады. Ал қарақшылықта адамның жеке мүлкіне күш қолдану арқылы ұрлық жасалады [50,41б.].

Ал Б.С. Никифоров, В.Д. Филимонова [51] қарақшылық бойынша В.Д. Меньшагиннің пікірі бұрыс. Олардың пікірі бойынша, қарақшылық – ол меншікті ұрлау емес, ең бастысы меншікті иеленіп алу үшін шабуылдау. Осындай қарақшылық ең бастысы жәбірленушінің жеке өзіне бағытталған, сол себепті де қоғамға зиянды. Қарақшылықтың құрамында жәбірленушінің денсаулығы мен өміріне қарсы қарсылық көрсету белгісінің болуына сәйкес, көпшілік авторлар қарақшылықтың объектісі тек денсаулыққа ғана емес жәнеде тұлғаның өмірі деп сипаттады [52,26б.]. Егер қарақшылық уақытында денсаулыққа ауыр залал келтірумен, абайсызда жәбірленушінің өліміне алып келсе, айыптының әрекеті толықтай ҚР ҚК-нің 192-бабының 3-бөлімімен сараланады. Осы ретте ҚР ҚК-нің 106-бабымен қосымша саралауды керек етпейді.

Қарақшылық объектісінің құрамына адам өмірін жатқызу, бұл адам

өлтіруді, соның ішінде пайдакүнемдік мақсатпен адам өлтіруді тек қарақшылықпен шабуыл жасау белгісін беретін еді. Бұл орайда адам өлтіру, жеке адамға қарсы бағытталған ауыр қылмыс ретінде, одан жеңіл қылмыстың (қарақшылық сияқты) бір бөлігі бола алмайды. Сондықтан бөтеннің мүлкін алу мақсатында жасалған адам өлтіру, қасақана адам өлтірудің сараланған құрамын береді және қандай бір жағдайларға байланысты қарақшылықтың құрамымен сiңiрiлмейдi [53,61б.]. Заңнама қарақшылықтың белгiлерiн сипаттай келе, олардың құрамына тұлға өміріне қарсы күшті қосқан, қарақшылық жеке тұлғаның өміріне қарама қайшы. Сондықтан, осы орайда заңнама денсаулыққа қасақана ауыр залал келтіру объектісі секілді санауға жол бермейді [54,124б.]. Сол себепті, қарақшылық меншікке қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы өте ауыры болып табылады. Сондықтан да аяқталу уақыты шабуыл жасаған уақыттан бастап бітеді.

Д.Н.Розенбергтің пікірі бойынша, құжаттар мүліктік қылмыстардың заты секілді тек мүліктік құқықтарды, меншікті алу құқығы негізінде ғана болады, мысалы, чек, жүкті сақтауға берген бойынша түбіртек. Меншік қылмыстарының затын осындай түсіну мүліктік қылмыстар негізімен сәйкес келеді [55,73б.].

Заң әдебиеттерінде көп жылдар бойы қарақшылық тек ашық түрде болуы керек деген пікір қалыптасқан. Бұл пікірді ұстанған ғалымдар қарақшылық кезінде шабуыл жасау ашық түрде болуы керек деді. Бірақ сот практикасы қарақшылық тек ашық қана емес, сонымен қатар жасырын да болатынын мойындады. Шабуылдың ашық түрде жасалатыны туралы Я.М. Браинин [56,57б.], М.Д. Шаргородский [57,250б.], А.Н. Трайнин және т.б. кеңестік авторлар жазды. Шабуылға қажетті оның уақыт аралығындағы, ол кейбір жағдайда кеңістіктегі аралықта болуы қажет. Шабуыл – бұл зорлыққа нақты қауіп төндірген сәттен басталып, оның аяқталуы қылмыскердің мүлікті иеленуімен және оны иеленіп, өз мақсатына жеткен соң, кетіп қалумен жалғасатын процесс. Тиісінше шабуыл жасаушы өз мақсатына жетпейінше немесе қылмысты аяқтаудан бас тартқанға дейін оның әрекеті шабуыл болып қана береді және кез келген уақытта зорлық жасауына байланысты қауіп төндіреді. Заң бойынша қарақшылық шабуыл жасаған сәттен бастап, аяқталған қылмысқа жатады. Бірақ іс жүзінде ол жәбірленушіге күш қолдану толықтай тоқтаған сәтте, яғни шабуыл жасау тоқтатылған кезде аяқталады [58,66б.].

Талан-тараждау кезінде жалпы тәртіп бойынша мүлік басқа біреудің, яғни меншік иесінің немесе меншік иесі өкілеттік берген адамның заңдық иелігінен айырылады [58,32б.]. Бірақ мүлікті, затты заңсыз иелігінде ұстаушылардан да бұл заттар талан-таражға ұшырауы ғажап емес. Мысалы, ұрлаған адамнан қарақшылық жасау арқылы, алаяқтық жасаған адамнан тонау арқылы және т.б. затты алып қою. Затты немесе мүлікті оны заңсыз иеленген адамнан талан-таражға ұшыратқан кезде ұрлықты немесе тонауды жасаушы адам, бұл заттың меншік құқығы кімде және ол меншік иесіне ме, әлде ұрлаған адамға зиян келтіреді ме? Білмейді. Бұл жерде жәбірленуші тек шын меншік иесі болып

табылады. Өйткені, ең соңында мүліктік зиянды тек жәбірленуші шегеді.

Тонау және қарақшылық қылмыс жасағандық үшін мүліктің иелігіне және құнына қарамастан қылмыстық жауаптылық туындайды. Сонымен қатар меншік құқығында ұйымға тиесілі емес және оның қарамағындағы бөтен біреудің мүлкін ұрлау, алаяқтық жасау, иемденіп алу немесе ысырап ету жолымен жасалған ұсақ-түйек талан-таражды саралау кезінде талан-таражданған заттың бағасына еш әсері болмайды. Мысалы, жеке адамның жеке меншігіндегі мүлік.

А.А. Пионтковский бойынша, кінәлі келтірген залалдың орнына сондай мүліктік эквивалент тастап кетсе де ол талан-тараж болып табылады. Егер кінәлі алынған мүліктің толық құнын қайтарып берсе, онда оның іс-әрекеті талан-тараж емес, өз еркімен айырбастау болады. А.А. Пионтковскийдің пікірі бойынша, субъективтік жағынан кінәлінің мүлікті өз меншігіне заңсыз, қасақана алғанын анықтап алу қажет. Бұл қасақаналық сыртқы келбетінен қарағанда, кінәлі мүлікпен өз меншігіндей билік етеді, болмаса, оны заңсыз өзі үшін қолданады немесе оны өз меншігі сияқты басқа біреудің меншігіне береді [59,415б.].

Б.А. Хоразашвили пайдакүнемдіктің түсінігін аша келе оны материалдық мүдде түсінігімен ауыстыруға шақырады [60,96б.]. Ал, бұл біздің қоғамымызда жұмысшылар мен қызметкерлердің жеке материалдық мүддесі ретінде де танылады.

Тәжірибенің көрсетуі бойынша, ұрлық, тонау және қарақшылық сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау алдыңғы дәл сондай қылмыстарға, болмаса жеке адамдарға қарсы кейбір ауыр қылмыстарға немесе бұзақылыққа соттылықты алып келеді [61,115б.]. Сондықтан заң шығарушы аса қауіпті рецидивті анықтағанда, осы және басқа да қылмыстарға қатысты соттылықты есепке алады. Сот тәжірибесі көрсеткендей, соттар әрқашанда қарақшылықты ұқсас қылмыстардан дұрыс ажыратпайды. Кейбір кездері қарақшылықты пайдакүнемдік адам өлтіруден және бандитизмнен дұрыс ажыратпаудан сот қателіктері көп кездесіп жатады. Сонымен қатар сот тәжірибесінде қарақшылықты тонаумен жиі шатастырады. Кей жағдайларда қарақшылықты өзінше билік етумен және ұрлықпен шатастыру да болады. Бірақ заң саралауды дұрыс жүргізуді талап етеді. Осы негіздерді есепке ала отырып, қарақшылықты басқа ұқсас қылмыстардан ажыратудың теориялық маңызымен қатар, тәжірибелік маңызы да бар.

Қазіргі ҚР-ның нарықтық экономикалық қатынастарды қалыптастыру және оны дамыту бағытына түсуіне байланысты, қылмыстылықтың, оның ішінде экономикалық қатынастардың бір қалыпты қызметіне қарсы бағытталған, сонымен қатар қоғам қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына, меншікке, адамдардың жеке басына қарсы бағытталған ұрлық, тонау, алаяқтық, контрабандалық әрекеттер, есірткі заттардың заңсыз айналымын құрайтын қылмысты әрекеттердің жиі жасалуы орын алуда. Мұндай қылмыстардың көпшілігі қылмыстық жолға бейімделген, бұрын осындай қылмысты

әрекеттерді жасаған немесе сотталған адамдармен жасалатындығы байқалуда.

Заңмен тікелей қарастырылған жағдайларда біртекті қылмыстық құқық бұзушылықтарды да бірнеше мәрте жасалуы ескеріледі. Қайтадан бұрынғы объектіге (нысанға) немесе соған ұқсас объектіге (нысанға) қиянат келтіруші, кінәның түрі бірдей және басқа да объективті және субъективті ұқсас белгілерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылықтар (мысалы ұрлық, тонау, қарақшылық, т.б) біртекті қылмыстық құқық бұзушылықтар болып танылады. Бірнеше рет жасалған қылмыстар көптік қылмыстардың бір түрін білдіреді және бірнеше мәрте жасалған қылмыс деген атауда қылмыстың көптілігін көрсетеді деуге болады. Ал бірнеше рет жасалған қылмыстарды саралауда бір баптың қолданылуына келсек, қылмыстық заңның бір бабымен қарастырылған бір қылмыс бірнеше рет жасалғанда сол бапты сонша рет қолдана беруге болмайтынына байланысты болып табылады. Мысалы, ұрлық бір адаммен жеті рет жасалса және оның бәрі аяқталған қылмысты білдірсе, жеті рет 188 бапты қолдана беруге болмайды. Бұл заң нормаларын тиімді қолдану талабын бұзады.

В.Н Кудрявцев, қылмыстық құқық бұзушылықтар бірнеше рет жасалған деп танылғанда заң бабындағы жауаптылықты қаталырақ қарастыратын арнайы бөлім қолданылатынын айта отырып, Егер алдымен қарақшылық шабуыл жасалып, содан кейін ұрлық жасалса, онда кінәлінің әрекеттерін бірнеше рет жасалған ұрлық бойынша саралау керек болады, бұл айыппұлды қолдана отырып, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды қолдануға ғана мүмкіндік береді. Ал егер қылмыстар жиынтығымен сараласақ, онда екі қылмыстың да жаза мөлшерлерін қосу арқылы 14 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қолдануға болар еді және бұл жаза мөлшері қылмыскердің қауіптілігіне де сәйкес келер еді,- дейді [62,268б.]. Бұл жерде В.Н. Кудрявцев өз ара ұқсас болуына байланысты бірнеше рет жасалған қылмыстар деп танылатын әрекеттерді соңғы жасалған қылмыс түрі бойынша саралауды ұсынып отырған тәрізді.

Ұқсас қылмыстардың бірнеше рет жасалуы орын алғанда осы қылмыстардың ішіндегі ең ауыр түрі бойынша жауаптылық қарастыратын бір бапты қолданғанда, қоғамға қауіптілігі ауыр емес ұрлық, алаяқтық сияқты қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежелері қарақшылық сияқты ауыр қылмыстың қауіптілік дәрежесіне сия алатынын ескеріп отырмыз. Сонымен қатар, ұрлық сияқты қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамның да қауіптілік дәрежесі, кінәнің ауырлығы оның дәрежесі де, жауаптылық көлемі де қарақшылық қылмысының жауаптылық көлеміне сия алады. Мысалы тонау қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық қарастыратын 191 баптың 2 бөлімі 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын келтірсе, ал қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылық бойынша 192 баптың 2 бөлімі 10 жылға дейінгі уақытта бас бостандығын айыру жазасын келтіреді. Демек, ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша бірнеше рет қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталануы орын алғанда, жасалған қылмыстардың ішіндегі жауаптылық көлемі ауыр қылмыс түрін қолданып, бір бап бойынша саралау

жасау, бірнеше рет жасалған қылмыстарды саралаудың бастапқы негізгі ережесін сақтайды.

Ал 192 баптың 2 бөлімінің пунктін қолдану, тек қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылығының бірнеше рет жасалғанын көрсетпей ме, мұның ішінде ұрлық, тонау сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың бар екенін қайдан білеміз деген сұрақ туындайтын болса, олар істің эпизодтарынан көрінеді. Әрине сырттай қарағанда 192 бап 2 бөлімі 2 пунктін қолданылуы тек қарақшылық қылмыстық құқық бұзушылықтарының бірнеше рет жасалғандығын білдіреді.

Біреудің меншігін ұрлағанда зат, құжат, ақша т.б немесе осы жжасырын жымқырудың қай уақытта жасалғаны қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсірін тигізбейді. Түрлік белгі басқа немесе сол қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгілері болып табылады. Осы түрлік белгілердің біреуі жоқ болса, онда қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмайды. Мысалы, басқа біреудің мүлкін ұрлаудың түрлік белгісі - оны жасырын жымқыру. Егер басқа біреудің мүлкін алу жасырын түрде емес, ашық түрде жүзеге асырылса, онда ұрлық емес, өзге қылмыс құрамы - тонау болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бір қылмыстық құқықтық нормада көрсетіледі. Бұл жерде норма бәсекелестігі болмайды. Толық және бөлшек нормалардың бәсекелестігі қылмыс құрамының элементтерінде каралады. Олар: объектісі, объективтік жағы, субъектісі, субъективтік жағы.

Іс - әрекетті дұрыс саралап, қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін істің жағдайын, сондай-ақ қылмысты қылмыс емес жағдайдан, бір қылмысты екінші қылмыстан ажыратуға мүмкіндік беретін құрамын жақсы білуіміз қажет. Қылмыстың норма бәсекелестігі саралауда маңызды рөл атқарады. Қалай болған күнде де әрекетті неғұрлым толықтай, әрі дәл сипаттай алатын норманың қолданылатыны хақ. Оның толықтай болуы, дәл қазіргі тұста қылмыс құрамының элементтерін құрайтын барлық белгілердің болуына байланысты болса, дәлдігі қылмыс белгілерінің жеке сипаттамасы мен мөлшеріне қатысты. Алғашқысының өзіне екі жақты келуі. Қылмысты саралау үстінде, толық сәйкестік орнату кезінде, біріншіден, бір баптың бөліктері, екіншіден, әртүрлі баптар назарға ілінеді. Бір баптың бөліктері бірінен біріне өтіп саралануы ниеттің, мақсаттың, заттың нақтылануынан көрініс табады.

Жастар арасындағы маскүнемдік пен нашакорлық, тонау, ұрлық сияқты қылмыстардың күннен-күнге өршуі қаншалықты дәрежеде қауіпті екендігі айтпаса да түсінікті. Тұлғаның қоғамға қайшы бағыттарының бірінші қасиеттері, көбінесе бала кезінде, қоғаммен белгіленген нормаларды сәл - пәл бұзуында, яғни ұсақ ұрлық және бұзақылық жасау т.б. көрінеді бұл мәселе бойынша М.И. Буянов былай жазды: Науқастардың ішкі дүниесін қалай бұзылатыны, оларды дөрекі, ызаланған, зиянкес қылатын мәселелерді дәрігерлер ылғида түсінуге тырысқан және ылғида бір қортындыға келген: бала кезінде белгілі бір қажетті жағдайға көңіл бөлмеген, содан кейін бала кезінде кеткен кемшіліктер есейгенде үлкен меселеге әкеп соқтырады.

ҚР-ның қылмыстық заңдары бөтеннің мүлкіне байланысты қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты, олардың жасалу нысанына қарай анықтайды (188, 192-баптар). Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығы ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау) тікелей қасақаналықпен жасалынып, бірдей объектіге қол сұғады. Сондықтанда аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тек қана объективтік белгілеріне байланысты дұрыс саралай аламыз, яғни мүлікті алу тәсіліне қарап (ұрлық - жасырын алу, тонау - ашықтан ашық алу және т.б.). Мысалы, атылатын қаруды кезеніп тұрып екінші бір адамды ұрлық жасауға қатыстыру. Егер күшпен қорқытқан күнде де адамның өз еркінен әрекеттенуге мүмкіндігі болған болса, ол қылмыстық жауаптылықтан құтылмайды, бірақ оған қарсы көрсетілген зорлық жаза тағайындау кезінде жауаптылықты жеңілдетуші жағдай ретінде қаралады.

ҚР ҚК-тің біліктілік сипаттамаларына сәйкес алаяқтық, яғни бөтеннің менгігін жасыру жымқыру немесе сенімді теріс пайдалану немесе алдау жолымен өзге мүлікке құқықты иелену. Алаяқтық жасағанда қылмыскер басқаның мүлкін немесе мүлікке құқығын пайдалану үшін меншігінде мүлкі бар адамды алдап, соның салдарынан ол қылмыскерге өз еркімен мүлкін аударады. Алаяқтық бөтеннің мүлкін жымқырудың негізгі нысаны болып табылады. Алаяқ тарапынан алданған жәбірленуші мүлкін өз еркімен қылмыскерге береді.

Мүлікті өзінің немесе басқа біреудің пайдасына өткізу мақсатында сенімге кіріп немесе алдау арқылы басқаның мүлкін немесе мүлікке құқын заңсыз қайтарымсыз сатып алу алаяқтықтың объективті жағы болып табылады.

Алдау немесе сенімге қиянат жасау қылмыс жасаудың объективті жағының белгісі және сипаты болып табылады, яғни бұл алаяқтықты жымқырудың басқа да нысандарынан ерекшелендіреді. Алдау жәбірленушінің санасына ықпал ету тәсілі ретінде қызмет етеді, сендіру құралы – бұл мүлікті пайдалану заңмен немесе өз мүддесіне қатысты басқа да актілер арқылы жүзеге асырылады. Сенімді теріс пайдаланарда құқық бұзушы үшінші тұлғаларға мүлікті беру туралы шешім қабылдауға уәкілетті адамның, сондай-ақ мүлік иесінің немесе басқа тұлғаның арасында туындайтын сенімді қарымқатынасты пайдаланады.

Ал сенім әр түрлі факторлар арқылы, яғни құқық бұзушының ресми ұстанымы немесе жәбірленушімен сенімгерлік қарым-қатынас, болмаса қылмыскердің өзінің төлем қабілеттілігінің өкілеттілігі және өзінің жеке басы туралы жалған ақпарат беру салдарынан пайда болуы мүмкін.

Сенімге қиянат басқаның мүлкін немесе қайтарымсыз құқығын үшінші адамның немесе өзінің пайдасына асыру мақсатында оларды орындауды жүзеге асыру ниеті болмаса да, оларды орындауды өзіне қабылдаған жағдайда пайда болуы мүмкін.

Алаяқтық жасаған адамдардың кінәлары бойынша шешім қабылдаған кезде соттар адамда пайда күнемдік мақсаттың болуы ұрлықтың міндетті

белгісі екенін, яғни бөтеннің мүлкін өз пайдасына жарату немесе осы мүлікке өз мүлкіндей иелік ету, соның ішінде басқа адамдардың иелігіне беру жолымен алуға ұмтылу екенін естен шығармау керек.

Сот тәжірибесін зерделеу арқылы республика соттары осы санаттағы істерді қараған кезде қылмыстық заңды дұрыс қолданып, алаяқтық жасағанда алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алаяқтық жасаудың астарында қасақана әрі жалған ақпарат беру жатқанын түсінетіндіктерін көрсетті.

Бөтеннің мүлкін жымқырудың ең көп тараған тәсілі болып жәбірленушіні жаңылыстыруға бағытталған жәбірленушінің сеніміне қиянат жасау жолындағы алаяқтық іс-әрекеттер болып табылады. Алайда қылмыскер бір эпизодпен шектелмейді. Алаяқтық туралы қылмыстық істердің тәжірибесін зерделеу барысында судьялардың осы қатынасты реттейтін заңдарды дұрыс қолданатындары анықталды, алайда кейде жымқырудың тәсілін анықтауға байланысты қателер жіберілген.

Жәбірленушілердің ақшаларын алудың кең тараған тәсілі бұл мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үймен қамтамасыз етуге, қарыздары үшін банкпен кепілге қойылған, тыйым салынған пәтерлерді сату кезінде қолжетімді баспана сатып алу, үй салу үшін жер телімін алуға және тез арада банктен несие алып беруге көмектесемін деп жәбірленушілерді алдап, сеніміне қиянат жасау болып табылады.

Қылмыскердің бірнеше рет, топтың қатысуымен, ірі, аса ірі көлемде залал келтіруі, олардың біліктілігі алаяқтық әрекеттің тағы бір қыры болып табылады. Алаяқтық туралы қылмыстық істерді қарау тәжірибесін зерттегенде, соттар сотталғанның іс-әрекеттерін дәрежелегенде, ҚР ҚК-нің 190-бабының диспозициясында көзделген мүлікті жымқырудың екі тәсілін көрсете келе, алдау тәсілін бөле көрсетпейтіндері анықталды. Мысалға, Қостанай облысы Алакөл аудандық сотының 2014 жылғы 21 сәуірінде ҚР ҚК-нің 190-бабының 1-бөлімімен айыпталған М-ға қатысты қылмыстық іс қаралған.

Үкімде М. алдау арқылы жәбірленуші К-нің Нокия Х2 маркалы ұялы телефонын иемдеген. Үкімнің сипаттамалы-дәлелді бөлігінде сот сотталған азаматтың адамды алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін жымқырды деп көрсеткен.

Мысалға: Алматы қалалық Алмалы аудандық соты ҚР ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен айыпталған М-ға қатысты қылмыстық істі қараған. Үкімнің фабуласынан, ол Престиж колледжінде оқу бөлімінің бастығы болып жұмыс істегенде, Престиж колледжінің 2013 жылғы түлегі А-ны алдап, сеніміне қиянат жасап, жеңілдетілген оқу бағдарламасымен жоғары оқу орнына түсуге көмектесемін деген сылтаумен, оның жалпы сомасы 240 000 теңге ақша қаражатын жымқырғаны көрсетілген. Сонымен, М. алаяқтық жасаған, яғни бөтеннің мүлкін алдау және сеніміне қиянат жасау жолымен жымқырған [46,40б.].

Талданып отырған кезең ішінде осы сипаттағы істерді қарағанда алдын-ала тергеу орындары, 1-ші сатыдағы соттар, апелляциялық сот алқасының сот

актілерінде материалдық заң ережелерінің елеулі бұзылуының салдарынан кінәлі адамдардың іс-әрекеттері қайта сараланған.

Үкім шығарғанда сот алаяқтық жасағанда алдау – жәбірленушіні жаңылыстыру үшін және оның өз еркімен мүлкін қылмыскердің пайдасына беру үшін, шындықты жасырып немесе қасақана бұрмалау екенін еске алмаған. Жәбірленуші қылмыскер тарапынан алдау әсерінің бар екенінен хабардар болмай, қылмыскердің шынайы ниеті деп ойлап, оның алдауына түскен.

Жәбірленушінің жаңылысып, алаяққа өз еркімен немесе мүлікке құқығын беру алаяқтықтың объективті жағының ерекшелігі болып табылады. Әдетте, мүліктің көшуі тараптардың өзара келісім, мәміле жасасуы сияқты болып көрінеді. Алайда, мұндай келісім заңсыз. Себебі, ол жәбірленушінің еркіне зиян келтіре отырып жасалған. Осылайша, жәбірленушінің мүлікті немесе мүлікке құқығын беруге саналы түрде қатысуы алаяқтықтың қажетті белгісі болып табылады [63,40б.].

Ұрылардың әрекет етуіне, әсіресе қоғамдық көлік ыңғайлы. Соның ішінде көп бағытта жүретін көліктер. Полицейлердің айтуынша, автобус салонының ортасында, үлкен есіктің маңында ұрлық көбірек болады. Бұл – ұрының бірден жалтаруына қолайлы орын. Тәртіп сақшылары сол себепті автобустық мінер және түсер уақытта қатты абай болуға кеңес береді.

Ұрылар көбіне топ болып жұмыс істейді. Бір топта кемінде үш адам, көп дегенде жеті адамға дейін болады. Олардың арасында тек біреуі қалта тонайды. Қалғандары назар аудартушы рөлін атқарады. Автобуста олар бір-біріне жақын тұрады. Ұры олжасын алғаннан кейін оны қолында қалдырмайды, келесіге береді, ол одан кейінгіге, ол басқасына. Соңында есікке жақын тұрғаны затты алып, бірден түсіп кетеді. Тоналған адам не болғанын түсінгенде байбалам салып, жанындағыларын айыптап, оларды тексеруге де әрекет етуі мүмкін. Бірақ топтық жұмыс оған дейін жоспарын орындап үлгереді. Үлкен топтар жолаушыларды тонауға кіріскенде автобус соңынан жеңіл көлік жүріп отырады. Ұры автобустан түскеннен кейін соған мініп, ізін тез суытады.

Әдетте құлаққап киген адамдар ұрының қақпанына оңай түседі. Өйткені оларды итеріп немесе көрініс қойып назарын аударудың қажеті жоқ, оның ойы онсыз да басқа жақта. Мұндай кезде телефон ұрлаған тіпті ыңғайлы. Ұры телефоннан құлаққапты байқатпай суыра қояды, музыка тыңдап тұрған адам дыбыстың өшкенін алдымен құлаққаптағы проблема деп ойлайды, соны шұқылап кетеді. Тоналған адам не болғанын түсінгенде ұры ізін суытып үлгереді. Мұндай жағдай көбіне қоғамдық көліктің билетін алатын кезде, сауда жасап тұрғанда немесе басқа да нәрселермен айналысып жатқан кезде болуы мүмкін.

Тоналған адамдар, әдетте, жағдайдың қалай болғанын түсінбейді. Айналадағылар да оны жиі байқай бермейді. Ұрылардың бір құпиясы – қалтаны, сөмкені қалай ақтарып жатқанын көрсетпеу үшін қолына киім немесе тағы басқа зат ұстап тұрады. Білегіне ілінген киім ұрлығын әшкере етпеуге жақсы көмектеседі. Ұры көп адам ойлағандай емес, сырт келбеті келіскен,

қарапайым, күдік туғызбайтын кейіпте болады. Жымиып, жылы жүз байқатқан адамдарға да көзсіз сену қауіпті. Көшеде жол-жөнекей бір адам сізді тоқтатып, картасын көрсетіп, адасып жүргенін, жол көрсетіп жіберуін өтінеді. Сіз оның картадан нұсқаған нүктесіне үңіліп тұрғаныңызда ол немесе оның сыбайласы қалтаңызды ақтарып үлгеруі мүмкін. Ұрының бірі әдейі байқамаған болып сізді итереді. Кешірім сұрап, назарыңызды аударады. Дәл осы сәтте екінші адам қалтаңызды қағып үлгереді. Бұл да – ұрылардың жиі қолданатын тәсілі. Егер бейтаныс кісі байқамай итеріп, кешірім сұраса, бірден заттарыңызды түгендеңіз. Әуежайда, вокзалда, қонақүйге түскеніңізде қарапайым адам немесе “қызметкер” жүк көтерісуге ұсыныс білдірсе, сақ болғаныңыз жөн. Ақылы немесе тегін көмек тонау болып шығуы мүмкін. Мұндай жағдайларға жасы келген адамдар оңай ұрынып жатады. Қарттың сөмкесін көтерісуді ұры мүмкіндік деп санап, көмегін ұсынады. Егер көпқабатты үйде тұрса, жоғарғы қабатқа жылдам мініп, қарт көтерілгенше сөмкені тіміскілеп үлгереді. Супермаркетте арбаға сөмкені, әмиянды қоя салу – аңғалдық. Қанша жерден сақ болсаңыз да, көңіліңізді аударатын көрініс қойылып жатуы мүмкін. Ұрылардың топ болып әрекет ететінін тағы айтамыз. Тауарға қолы жетпей тұрған бала да, тауар сипаттамасына көзі жетпей тұрған қарт та олардың сыбайласы болмасына кепіл жоқ. Оларға қамқорлық танытып, көмек беріп жатқаныңызда әлдекімнің әмияныңызды алып кеткенін байқамай қаласыз.

Ұрылардан қалай сақтану керек? Ұрыны сырт келбетіне қарап тану мүмкін емес. Олар күдік туғызбайтындай қарапайым киінеді. Дегенмен оның көзінен көп нәрсені түсінуге болады екен. Қоғамдық көлікке мінген қарапайым жолаушы көбіне бір нүктеге ғана қарап, ой үстінде тұрады. Ал ұры автобусқа жұмыс істеу үшін мінеді. Сол себепті оның көзі бір орында тұрмайды, жан-жағына қарай береді, құрбанын немесе серіктесін іздейді. Олар бір-бірімен ым-ишарамен сөйлеседі. Мысалы, затты алдым дегені бет сипау яки жөткіріну болуы мүмкін. Әркімнің тәсілі әрқалай.

Ұрылар адам көп жерде әрекет етеді. Тым ашық жерде тәуекелге бармайды. Сол себепті әмиян, телефоныңызды ішкі қалтаңызда немесе қолыңызда ұстағаныңыз жөн. Адам көп шоғырланған ортада ойға берілмей, сергек болғаныңыз дұрыс. Ұрылар кейде құрбанын аялдамада тұрғаннан-ақ көздейді. Сол себепті құнды заттарыңызды көпшілік ортасында жарқыратпағаныңыз да артық болмайды. Полиция қызметкерлерінің мәліметінше, көбіне әйел адамдар, жас қыздар жиі тоналады. Қазіргі ұрылар бұрынғыдай ұстара, кеңсе пышағы тәрізді өткір заттарды қолданбайды. Оны кезінде сөмкені кесіп, ішіндегісін алу үшін пайдаланған. Қазір смартфондар жиі қолды болады. Олар көбіне қалтада, оңай жерде тұрады. Сол себепті ұрыға арнайы құрал қажет емес [64].

Қоғамдық көліктер, базарлар және халық көп шоғырланған орталықтарда ұрлықшылар қаптаған. Ұрылардың құрығына ілігіп, ұялы телефонынан, ақшасынан айырылған зардап шегушілер өте көп. Ұсталмай, қоғамда үйреншікті ісін жалғастырып жүрген ұрлықшылар қаншама. Полиция

ұрлықтың алдын алуға қанша тырысқанымен, оларға тосқауыл бола алмай отыр. Қоғамдағы қауіпті ескере отырып, жәбірленушінің киімінен және де жәбірленушінің жанында болған сөмкелері немесе басқа да қол жүгінен алынған қалта ұрлығы бойынша ҚР ҚК 188-2 бабымен толықтыруды ұсынамын.

ҚР ҚК 188-2 бабы келесі мазмұнда жазылуын ұсынамын: Қалта ұрлығы, яғни бөтеннің киімінен, жанында болған сөмкелері немесе басқа да қол жүгінен мүлкін жасырын жымқыру мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай:

1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен. мүлкі тәркіленіп, үш мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай:

бірнеше рет: тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған қалта ұрлығы –

мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мынадай:

1) қылмыстық топ жасаған; мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3.2 Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру бойынша отандық және шетелдік тәжірибе

ЖС-ның бастамасымен республика соттарының бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарауда бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру мақсатында 2014 жылы қаралған қылмыстық істерге қатысты қорыту жүргізілді. Қорытудың мақсаты республика соттарының ҚР ҚК-де қарастырылған бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстарды қарау барысында қылмыстық заңның қағидаларын қолдануының біркелкі сот тәжірибесін қалыптастыру болып табылады.

Қорыту барысында республика соттары бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстарды қарау барысында әлі күнге дейін қателіктер жіберетіндіктері, қылмыскердің қылмыстық әрекеттерін кей жағдайларда заңға сәйкес сараламайтындықтары, соның салдарынан шектен тыс жеңіл, не ауыр жаза

тағайындау фактілерінің орын алып отырғандығы анықталды.

Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға байланысты істерді қарау 2014 жылы республика соттары жасырын жымқыру арқылы жасалған бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша барлығы 15 603 қылмыстық істі қараған.

Аталған санаттағы қылмыстық істер Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстарында ең көп мөлшерде қарастырылса, Маңғыстау мен Жамбыл облыстарында ең аз мөлшерде қарастырылған.

ҚР ҚК-нің 188-бабына сәйкес – ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру 4 бөлімнен тұрады, бірінші бөлімі ұсақ-түйек ұрлық болып табылады, қалған бөлімдерінде біліктілік белгілерімен жасаған ұрлыққа жауапкершілігі анықталады.

Сот тәжірибесіне талдау жасау республика соттары аталған санаттағы қылмыстық істерді қарастырған кезде қылмыстық заңдарды негізінен дұрыс қолданатындығын көрсетті. Ұрлықтың жасырын жасалуының екі критерийі бар. Олар объективтік және субъективтік болып бөлінеді.

Объективтік критерийі меншік иесінің ұрлықты жасаған адамның әрекетіне байланысты көзқарасымен анықталады, яғни меншік иесі оның меншігіне қарсы жасалған қылмыстық әрекетті байқамайды. Затының жоғалғанын кейіннен барып біледі. Кейде ұрлық меншік иесінің байқауымен жасалса да, ашық қылмысқа айналмайды. Қылмыскер ұрлықты ақыл-ойы кем адамның, жас баланың көзінше немесе адам қатты мас болғанда немесе ұйықтап жатқан кезде жасағанда, аталған адамдар оның әрекетін қылмыс деп санамайды деп ойлайды.

Сонымен қатар, меншік иесінің немесе басқа адамдардың бірінің мүлікті иелену оқиғасын көріп тұрғанымен, оның қылмыстық сипатын түсінбеген жағдайларда мұндай әрекет жасырын ұрлау деп саралануға жатады [63,366.].

Мәселен, Б. деген азаматқа байланысты қылмыстық іс бойынша РСФСР сот алқасы: Ұйықтап жатқан адамның затын алып кету ашық тонау емес, ұрлық болып табылады, – деп көрсетті. Р-ға байланысты іс бойынша КСРО ЖС-ы алқасы: Жастығына орай қылмыскерді әрекетінің маңызын түсінбейтін баланың көзінше жасалған бөтен мүлкіне қарсы жасалған қылмыс ашық тонау емес, ұрлық болып табылады, – деп көрсетті.

Субъективтік критерийі ретінде қылмыс жасаған адамның бөтеннің мүлкіне қарсы жасаған әрекетіне байланысты көзқарасы танылады. Қылмыстық заң және сот тәжірибесі субъективтік критерийді негізгі критерий ретінде түсінеді. Сондықтан да егер қылмыскер бөтеннің мүлкін жасырын алып кеттім деп есептесе, басқа біреу оны байқап қалса да, оның әрекеті ұрлық деп сараланады.

Бөтеннің мүлкін заңсыз иемденудің жасырын болып табылатыны туралы мәселені шешу кезінде соттар кінәлі адамның өзі жағдайды қалай қабылдайтынын басшылыққа алуға тиіс. Егер кінәлі адам айналасындағылар

үшін өзі байқатпай әрекет жасадым деп санаса, онда ұрлық, тіпті меншік иесі, не өзге адам оның әрекеттерін бақылап жүргеннің өзінде, ұрлық деп саралануға жатады, – деп көрсетті.

Мәселен, И. қызметтік үй-жайға кіріп, жәбірленушінің кабинетінен шығып кеткенін пайдаланып, оның костюмінің қалтасынан әмиянын алып, кабинеттен шыға бергенде жәбірленушімен кездесіп қалады. Жәбірленушінің: Не іздеп жүрсің? - деген сұрағына: Бәленді іздеп жүрмін дей салып, шығып кетеді. Сезіктеніп қалған жәбірленуші костюмінің қалтасынан әмиянын іздей бастайды. И-дің алып кеткенін біліп, іле-шала артынан шығады да, басқа адамдардың көмегімен И-ді ұстап алады.

Бірінші сатыдағы сотта, содан кейінгі сот сатылары да И-дің бұл әрекетін ашық тонау деп саралап соттаған. ҚР ЖС-ның қадағалау алқасы жергілікті соттардың бұл қорытындыларымен келіспей, И-дің әрекетінде ұрлықтың белгісі бар, себебі ол жәбірленушінің әмиянын жасырын жағдайда алдым деп қорытынды жасап, оның әрекетін ұрлыққа ауыстырып қайта саралады.

Қылмыстық істерді қарағанда соттардың назар аударуы тиіс жайт – сотталушының жәбірленушіге күшті қандай ниетпен қолдануы. Сотталушының күш қолдануы кезінде оның ниеті бөтеннің мүлкін иемденуге бағытталды ма, осыны анықтаған жөн. Күш қолдану тонау мен қарақшылық кезінде бөтеннің мүлкін иемдену әдісі болып табылады.

Ұрлықты бөтеннің мүлкін қылмыскердің алған сәтінен немесе бөтеннің мүлкін өзінің пайдасына асырып пайдаланған кезден бастап аяқталды дейміз бе, осыны ажырата білгеніміз дұрыс. Ұрлықты қылмыскер бөтеннің мүлкін жәбірленушінің иелігінен алып қана қоймай, оны өз пайдасына асырса ғана қылмысты – ұрлықты аяқталды деп айта аламыз. Мәселен, қылмыскер ұрланған бөтеннің мүлкін тығып немесе сатып үлгерсе, қылмыс аяқталды деп тануымыз қажет. Мүлік айыпталушыға оның қызметіне байланысты сеніп тапсырылуы мүмкін (сақтау, тасымалдау, уақытша пайдалану үшін) немесе оның қызмет бабына сәйкес, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкіне иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

Бөтен мүлікті иемденуді ұрлықтың түрі ретінде, мүлікті иелігінде болған адамның уақытша пайдалануынан айыра білу керек. Егер сеніп тапсырылған мүлік заңсыз пайдаланылса, бірақ мүлікті өз меншігіне аудару ниеті болмаған жағдайда немесе басқа адамдардың меншігіне аудару ниеті болмаған жағдайда, мұндай іс әрекет ұрлық ретінде қаралмауы тиіс. Бөтен мүлікті заңсыз иеленіп алу немесе талан-таражға салу фактілері бойынша соттар қылмыстық істерді белгіленген мерзімде материалдық және процессуалдық құқық нормаларына сай қарайтындары анықталды. Алайда, қылмыстық заңнамалардың өзгеруі және осы санаттағы қылмыстық істерді қарау тәжірибесі тиісті түсіндірмелердің жоқ болуы себепті республика соттарының осы санаттағы қылмыстық істерді қарау барысында елеулі қателіктер жіберетіндігі анықталды.

Заңға сәйкес, жасалған қылмыстық іс-әрекеттің объективтік жағы меншік иесіне мүлік залалын келтіру немесе басқа мүлік иесінің талан-тараж жолымен,

яғни арнайы лауазымды міндет атқару үшін кінәліге сеніп тапсырылған мүліктің берілуі, заңсыз және қайтарымсыз жұмсалуды, шығындалу, сатылу, пайдалану және іс-әрекет арқылы үшінші тұлғаның пайдасына берілуі болып танылады.

Сотта анықталған мән-жайларға қылмыстық құқық тұрғысында дұрыс бағаламаудың салдарына кінәлінің әрекетін дұрыс сараламаған қылмыстық іс ретінде Алматы қалалық сотының кассациялық сот алқасы сот үкімін өзгертіп, іс-әрекетін ҚР ҚК-нің 189-бабының 3-бөлігінің 1, 2 тармағынан ҚК-нің 190-бабының 3-бөлігінің 1, 2 тармақтарына ауыстырып қайта саралаған О-ға байланысты қылмыстық істі мысалға келтіруге болады. Бірінші сатыдағы сотта анықталған мән жайлар бойынша талан-таражға салды деген ақша қаражаты О-ға сеніп тапсырылмаған. Яғни, ол ақшалар оның құқыққа сай иемденуінде болмаған. О. тек алдау жолымен жасалған жалған құжаттар негізінде ақша қаражатына қол жеткізе алған.

Сот тәжірибесін қорыту барысы көрсеткендей, көп жағдайларда сотталғандарға, бірінші рет қылмыс жасағанда, жасалған қылмыстың ерекшелігін, олардың жеке басының мәліметтерін, іс бойынша жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды ескере отырып, іс бойынша жауаптылық пен жазаны ауырлататын мәнжайлар болмаған жағдайда, сынақ мерзімі тағайындалып шартты түрде және кейбір жағдайларда айыппұл түріндегі жазалар тағайындалған. Бірақ, кейде соттар жаза тағайындауда сотталушыға негізсіз бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауға жол берген.

№ 2 Павлодар қалалық сотының 2014 жылғы 19 мамырдағы үкімі бойынша, Д. ҚР ҚК-нің 189-бабының 3-бөлімінің 1 тармағымен мүлкі тәркіленіп және материалдық жауапкершілікпен байланысты кез келген қызмет атқару құқынан 3 жыл мерзімге айырыла отырып, 5 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу жалпы режимдегі түзеу колониясына тағайындалған.

Үкім заңды күшіне енгенше бұлтартпау шарасы қамауға өзгертіліп, Д. сот залынан қамауға алынған. Сот үкімімен Д. Павлодар қаласы 1 Май көшесі 288-үйде орналасқан Тристар 2009 ЖШС кеңсесінде өзінің жұмыс орнында, қызметтік міндетін атқару барысында ұрлық істеу мақсатымен, 2013 жылғы 8 қаңтардан 2013 жылғы 6 мамырға дейінгі аралықта пайдакүнемдік ниет пен кассадан ақшалай қаражатты қасақана ұрлаған.

Д. өзінің қылмыстық іс-әрекетін жасыру үшін 2012 жылы ломбардқа жүгінген клиенттердің жеке басына қатысты мәліметтерді пайдаланып, олардың атынан компьютерлік бағдарламаға жалған кепіл билеттерін, кепілмен қамтамасыз етілмеген, несиеге берілген сомаларды көрсетіп ресімдеген. Д. аталған уақыт аралығында аса ірі көлемде, яғни 1 920 000 теңге ұрлап, өз иелігіне пайдаланып, Тристар 2009 ЖШС мекемесіне көрсетілген сомаға сай ірі мөлшерде мүліктік залал келтірген.

Сот тұжырымы бойынша, сот отырысы кезінде сотталушы Д-ның қылмыс жасау кезінде жан-жақ ты, толық және объективті кінәлары дәлелденген. ҚР

ҚК-нің 189-бабының 3-бөлімінің 1 тармағымен сотталушы Д-ның іс-әрекетін сот дұрыс саралаған, өйткені ол қызмет бабын пайдаланып, өзіне сеніп тапсырылған бөтеннің мүлікін ысырап етіп, ірі мөлшерде бөтеннің мүлкін ұрлап, қылмыс жасаған. Алайда, Д-ға жаза тағайындағанда сот іс бойынша анықталған, оның жауапкершілігі мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды жеткілікті түрде ескермеген. Сол себепті, апелляциялық сатыдағы сот жазаның көлемін және түрін тағайындағанда сотталушы Д-ның бірінші рет қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын, оның жастығын, асырауында жас баласының бар екенін, келтірілген залалдың толық өтелгенін және жәбірленуші тараптың сотталушыны бас бостандығынан айырмау жөніндегі өтінішін ескеріп, Д-ға ҚР ҚК-нің 63-бабын қолдану арқылы жаза тағайындауды қажет деп тапқан [63,38-39б.].

Елімізде төтенше жағдай кезінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Оған облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері, сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының басшылары бейне байланыс арқылы қатысты. Мемлекет басшысы өз сөзінде індеттің таралуын ауыздықтау үшін Төтенше жағдай және карантин режимін бұзғандарға қатысты шараларды қатаңдату қажеттігін айтты.

– құқық бұзушылықтың көбеюіне, ең алдымен, ұрлыққа, тонауға, талан-таражға салуға, биліктің заңды талаптарына бағынбауға жол бермеу керек. Осыған байланысты қоғамдық орындардың күзетін, оларды жарықтандыру және бейнебақылаумен жабдықтау шараларын күшейту керек. Бұған полицияның бүкіл құрамын жұмылдыру қажет, – деп тапсырды Президент [65].

Тәжірибедегі кейбір материалдарға сәйкес, ұрлық жаппай тәртіп бұзушылықтар болған кезде орын алады. Сол себепті, да ұрлықтың нақты сараланған нышанына төтенше жағдайлар және соғыс кезіндегі ұрлықты жатқызу қажет. Осы норма осы жайттар орындалғанда ұрлық қылмысын алдын алу. Төтенше жағдайлар және соғыс кезінде айыпты өзінің байқалмай, ұсталмай қалуына байланысты осы қылмысқа баруы мүмкін.

Осыған сәйкес, төтенше жағдай, табиғи зілзала, техногендік және өзге де апаттар, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі қауіптілігі жоғары ұрлық жасауды, ҚР ҚК-нің 188-бабының 4-тармағының 4 бөлігіне қосуды ұсынамын.

ҚР ҚК 188 бабының 4-тармағының 4 бөлігі келесі мазмұнда жазылуын ұсынамын:

Мынадай: қылмыстық топ жасаған; мұнай-газ құбырынан; аса ірі мөлшерде жасалған ұрлық; төтенше жағдай, табиғи зілзала, техногендік және өзге де апаттар, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі жасалған ұрлық – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ұрлық жасаудың басым бөлігі біздің елдегі жазаның жеңілдігіне қатысты, ал әлем елдерінде ұрылар қалай жазаланады?

Иранда бірінші рет ұрлық жасаған ұрының оң қолының төрт саусағы кесіледі. Екінші рет қайталаса сол аяғының табанының жартысынан

айырылады. Үшінші рет ұрлық жасаса түрмеге қамалады. Ал төртінші рет - соңғы, қаладағы орталық алаңға шығарып, көпшіліктің алдында дарға асылады. Айта кетейік, бұл елде ұрылар көпшіліктің алдында жазаланады, олар қылмыстың және жазаның деңгейіне қарамастан, яғни, ауыр немесе жеңіл қылмыс жасаса да халықтың алдында тиісті жазасын алады. Осының нәтижесінде, Иранда ұрлықтың қылмыстар арасындағы көрсеткіші төмендеген.

Біріккен Араб Әмірліктерінде ұрлық жасаған адамның қолын кесу жазасы әлі де бар. Бұл елде бірінші ұрлығы үшін ұрының бір саусағының жартысы кесіледі. Екінші рет қайталаса бір саусағы, үшінші рет ұрлық жасаса қолы кесіледі. Бұл жаза Біріккен Араб Әмірліктеріне көршілес елдер де бар. Қытайда да ұрылардың саусағы мен қолын кесу жазасы болған. Алайда қазір ҚХР Қылмыстық Кодексіне сәйкес, ұрыларды жасаған қылмысының ауырлығына қарай 3-10 жылға бас бостандығынан айыру және айыппұл салу, өмір бойына түрмеге жабу, өлім жазасын беру, мүлкін тәркілеу сияқты жаза түрлері тағайындалады.

Солтүстік Кореяда қылмыстың бірқатар түрі үшін өлім жазасы беріледі, сол қылмыстардың арасында ұрлық бар. Ұры көпшіліктің алдында атылады. Ал, Нигерияда ұрлық жасаған адамның оң қолы кесіледі. Егер ол бір қолмен қалса да қылмысын қайталап, екінші мәрте ұрлық жасайтын болса, сол қолынан да айырылады. Ресей тарихында қылмыскерлерді ауыр жазалаудың бірқатар түрі болған. Әсіресе, ұрыларды жазалауда билікке келген әр патша өзінше өзгеріс енгізіп отырған. Шыбықпен сабау, мұрын, құлақ кесу, табанға шеге қағу, маңдайына В әрпін күйдіріп басу (вор деген сөз). Ал қазір РФ-ның заңына сәйкес, қылмыстың ауырлығына қарай 5 жылға дейін мерзімге қоғамдық еңбекке жегу, айыппұл салу, бас бостандығын шектеу және 2-10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазалары бар. Жапония елінде де ұрылардың қолы кесіледі. Бұл елде қол алысып амандасуға болмайды және кейбір деректерге сенсек, ұрлық үшін жазалау мен амандасудың арасында тығыз байланыс бар. Есесіне, ұзақ уақыттан бері күшін жоймай келе жатқан жазаның нәтижесі шексіз.

Әлемде ұрлық үшін қатаң жаза қолданатын елдер жетерлік. Ал Қазақстанның Қылмыстық Кодексіне сәйкес, ұрлық жасаған адамға қылмысының ауырлығына қарай түрлі мөлшерде айыппұл салынады, 3-10 жылға дейін бас бостандығы шектеледі немесе 3-10 жылға сотталады [66].

Бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсіру заты ретінде бөтен мүлік ұрланған мүліктің өзге адамға тиесілі екендігін білдіреді. Ол ұрлаушы үшін бөтен болып табылады. Ұрлаушының ол мүлікті иеленуге шамаланған да, нақты да меншік құқығы немесе заңды иелену құқығы жоқ. Басқаша айтқанда, бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсіру заты болу үшін мүлік қастандық жасаған сәтте ұрлаушыдан басқа тұлғаның меншігінде немесе заңды иелігінде болуы тиіс. Әрекет жасалған сәтте ұрлық жасап отырған тұлғаның меншігінде немесе заңды иелігінде болған мүлік бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсіру заты болуы мүмкін емес. Оның үстіне, аталған тұлға ұрланған мүлікке меншік

құқығы жоқ екендігін ескеріп немесе заңды иелену құқығы негізінде өзінікі еместігін біле тұра әрекет жасайды [67,261б.].

Кеңестік заңи қайнар көзде қалыптасқан және қазіргі кезде де қолданатын тұрақты қылмыстық-құқықтық қорытындыларға сай, қылмыс объектісі – осы қоғамға қарсы іс-әрекеттер қастандық істейтін және қылмыстық заңнамаға сәйкес қоғамдық қатынастар жиыны. Ал А.А. Исаев құқық нормасы оның мазмұнына қарай өзгеріп отыратын, барлық қоғамдық қатынастардың құқық арқылы реттеле бермейтіндігін алға тартқан [68,13б.].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың заты айыптының иелігіне жалпы (үлсетік немесе бірлескен) меншік құқығында жататын мүлік болып табылады (ерлі-зайыптылардың, оттұлғаның және бірлесіп еңбек шаруашылығын жүргізетін басқа да тұлғалардың мүлкі). Иелерінің пайдалануында, билік етуінде немесе иелігінде тұрған жалпы меншікті де бөтен мүлікке жатқызу қажет. Бұл пайымдау әрбір иеленушінің толық мөлшерде жалпы меншікке өзінікі сияқты қарай алмайтынына негізделген. Олардың шектеулі меншік құқығы ғана болады, себебі жалпы меншіктегі мүлікке қатысты иелену, пайдалану және билік ету құқығы оның қалған қатысушыларының келісімісіз жүзеге асырыла алмайды. Басқа тұлғалардың (бірге иеленушілердің) жалпы бірлескен иелігіне бере отырып, субъект оларға сол мүлікті сеніп тапсырады. Сонымен қатар, әрбір иеленушіге басқа тұлғалар жалпы иелікке берген бөтен мүлік сеніп тапсырылады. Сөйтіп, айыптының жеке (дербес) иелігіне жатпайтын мүлік бөтен болып табылуы тиіс.

Жәбірленушінің отбасы мүшесі және жақын туысы ұрлық немесе күштеп алу үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыла алмайды. Бұл туралы әрекеттегі қылмыстық заңда ешқандай ерекшеліктер немесе ескертулер қарастырылмаған. Қандай да бір қылмыстық-құқықтық қатынасты реттейтін арнайы норма жоқ болса, жалпы норманың қолданылатыны белгілі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ меншікке мүліктік қастандық жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы мәселе осы күнге дейін әртүрлі шешіліп келе жатыр. Ежелгі Рим заңгерлері Нерва мен Кассий зайыбы ұрлық жасауы мүмкін емес, себебі ортақ өмір сүріп жүргендіктен, күйеуінің мүлкінің иеленушісі болып табылмайды деп есептеген. Сабин, Прокул, Юлиан зайыбы күйеуінің мүлкі өз пайдасына айналдырып, ұрлық жасай алады, бірақ белгіленген құқықтың себебінен ұрлықтан шығатын талап жоқ деп ойлаған. Ульпиан да солар сияқты пікір айтқан: зайыбы, келіні, немеренің зайыбы біріншісі – күйеуінен, екіншісі – енесінен, үшіншісі – атасынан ұрлауы мүмкін, бірақ ұрлықтан шығатын талап бойынша жауапты емес. Егер де зайыбы күйеуінің заттарын ажырасқаннан кейін ұрлаған болса, онда бұрынғы зайыбы ұрлық үшін жауап береді (Павел). Юстинианның дигесттерінде (25 кітап. Титул II) ерлі-зайыптылардың мүлікті басып алуы ұрлыққа теңестірілмеген.

XIX-XX ғғ. аралығында еуропалық құқықта отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік қастандықтар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы мәселенің үш шешу жолы болған: 1) туыстардың және ерлі-зайыптылардың

ұрлықтарының жазалануы (француз және бельгиялық заңнама); 2) отбасылық ұрлықтар жалпы негіздер қылмыстық жазаланатын болып танылған, бірақ олар үшін қылмыстық жауапкершілікке тек қана жәбірленушінің шағымы бойынша тарту (австриялық, болгар, венгриялық және норвегиялық заңдар); ерлі-зайыптылар мен жақын туыстардың арасындағы мүліктік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілікке жол бермеу. Ал алыс туыстар арасында жасалатын қастандықтар жеке айыптау тәртібімен қылмыстық жазаланатын болып табылған (Германия және Италия заңдары).

Кеңестік қылмыстық заң отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік қылмыстарды азаматтардың жеке меншігіне қарсы қылмыстардың бір түрі деп көрсеткен. Ата-аналар мен балалардың арасындағы мүліктік құқықтар аясындағы қарым-қатынастар аталған кезеңде дәстүрлі түрде бөлек меншік режиміне негізделген. Сондықтан: балалардың ата-аналарының немесе асырауында жүрген тұлғалардың заттарын өз бетінше алуы белгілі-бір жағдайларда ұрлықтың белгілерін білдіруі мүмкін. Бұны аталған қағиданың кеңестік заманда іс жүзінде қолданылуы да растады. Мысалы, П.-ң күштеу әрекеттерін қолдану және мүлкін жоюмен қорқыту арқылы ата-анасынан ақша талап етуін дәлелді түрде күштеп алу деп бағаланған.

Шынында да, Октябрь революция заманынан дейінгі құқықта ерлі-зайыптылар мүлкіне қатысты бөлінушілік режимі орын алған. 1918 жыл 22 қазанындағы Азаматтық жағдай актілері, некелік, отбасылық және қамқорлық құқықтар туралы заңдар кодексі ерлі-зайыптылар мүлкінің бөлінушілік принципін жариялап, революцияға дейінгі заңнама жолымен бағыт алды. Практика аталған қағидаға қарсы шығып, 1926 ж. ҚазАССР-дің неке, отбасы және қамқорлыққа алу туралы заңдар кодексінде 1969 жылғы ҚКСР неке және отбасы туралы кодексмен қабылданған шектелген ортақтық режимі бекітілді. Бұл режим қазіргі заңнамаға диспозитивті түрдегі ереже ретінде енгізілген.

Қалыптасқан нарықтық қоғамда жайт күрт өзгеріске ұшырады. Әйел адамдарының ер адамдармен тең мүмкіндіктері бар (кейде тіпті ер адамдардан да оңтайлы пайдаланады). Сол үшін, отбасылық құқық үшін ҚР К-да бекіген жеке мүлікке деген саяси-құқықтық жолды нақты өзгеруін елемей өту мүмкіндігі жоқ. Қазіргі уақытта ерлі-зайыптылардың біріккен мүлікке бөтен меншік сияқты қарауының (әсіресе неке келісім-шарттарын жасасу кезінде) мағынасы бар және қылмыстық құқық шеңберінде қаралуы қажет.

Өзге елдердің де қылмыстық құқығында осы мәселені шешуге қатысты ортақ пікір қалыптаспаған. Испания елінің ҚК-нің 268 бабының 1 бөлігіне сай, заңнамаға сәйкес іс жүзінде немесе ерлі-зайыптылардың бірге тұрмауы, ажырасуы немесе некенің заңды тұрғыда болмауы туралы сот процесінің қорытындысында ажыраспаған ерлі-зайыптылар, сонымен қатар өрлеме және төменгі жақын туысқандар, туыстар, асыранды ағайындылар немесе туған, бірінші буындағы туыстар қорқыту немесе күштеу әрекеттерін қолданбай бір-бірімен жасаған меншіктік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылады және тек қана азаматтық-құқықтық жауаптылық субъектілері

болады. Осы қағида қылмыс жасауға қатысқан өзге тұлғаларға қатысты қолданыс таппайды (268 б. 2 б.). Осы ұстанымды ҚР заңнамасына сәйкес стандартымен тең етсек, яғни ол отбасылық жайтына қарамастан, сот мен заң алдында бәрі тең деп айтылған тұлғалардың сот мен заң алдындағы теңдік қағидатына қарсы болады.

Франция елінің қылмыстық заңнамасында да сипатталып көрсетілген мәселенің жауабы тең. Яғни, Францияның ҚК 311-12 б. сәйкес, қалай да бір адамның өзінің төменгі немесе өрлеме буын жақындарына, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың сот үкімінің немесе рұқсатқа сәйкес бөлек тұрған жайттарды қамтымағанда, жұбайына залал келтіретін ұрлық жасауы қылмыстық қудалауға негіз болмайды. Ағылшынның заңына сәйкес, ерлі-зайыптылардың біреу екіншісіне зиян Жасауы олар ерлі-зайыпты болмаған кезде де қолданатын қылмыс секілді жазаланады. Голландияның ҚК-нің 316 бабына сәйкес, тонаған адам және ұрлаған немесе оған қатысушы қылмыс қиянат жасалған тұлғанның жұбы болып табылса және ол жұбы немесе мүліктен сот тәртібімен алыстамаған болса қылмыстық қудалау тоқтайды. Германияның, Польшаның, Швейцарияның қылмыстық заңнамасы қарастырылып жатқан зияндар үшін ерекше тәртіппен қылмыстық жауаптылықты қолдану үлгісін сипаттайды. Яғни, Германия елінің ҚК §247 Отбасының затын ұрлау делінген және былай сипатталды: Алайда ұрлық өз асыраушысынан немесе туысынан я болмаса айыптымен бірлесіп тұратын тұлғадан жасалған болса, бұл іс-әрекет жәбір алушының шағымына сай ғана қылмыстық тәртіп бойынша қарастырылады. Осы қағида отбасыда жасалған алаяқтық (§263), сенімді қылмыстық мақсатпен теріс пайдалану (§266), алдап- арбау арқылы пайда табу (§265a) сияқты қылмыстарға қарастырылады. ФРКК-ні сәйкес, күштеп алу үшін айыптылар және күштеу арқылы ұрлық жәбірленушінің шағымының бар-жоғына қарамастан заңмен қудаланады. Швейцарияның ҚК 147, 146, 143 және 137-139, баптарына сәйкес, отбасы мүшесіне немесе туысына залал келтірген заңсыз иелік ету, ұрлық, ысырап қылу, мәліметтерді заңсыз алу, алаяқтық және деректерді өңдеуге арналған құрылғысы бар алаяқтық қиянат жасаушылық тек жәбірленушінің арызы бойынша ғана қудаланады. Польша елінің қылмыстық заңында аталған мәселені шешуде дәл осындай әдіс қолданылады. Егер алдап-арбау, иелену, ұрлық ең жақын тұлғаға зиян келтірген болса, онда қудалау жәбірленуші шағымы бойынша қозғалады (Польша елінің ҚК 278, 284-287, 279 бб.). Күштеу ұрлығы үшін жауапты аталған заңнама бойынша жалпы ұғымдармен жүктеледі. Швецияның ҚК бойынша, күйеуіне немесе зайыбына, төменгі буын қандас туысына және жоғарғы, келініне, туған бауырына, неке жағынан туысына, күйеу баласына немесе айыптының басқа осыған ұқсас туысқанына қатысты мүлік алаяқтық, ұрлау және басқа да арам әрекет, бөтен мүлікті сенімді теріс пайдалану және иелену дың басқа да жағдайларында қылмыстық іс жәбірленуші жағынан қылмыстық қудалау мағынасымен қылмыс туралы хабарландыру келіп түскенде, талап еткен немесе қылмыстық қудалау қоғам мүдделерінің қорғау үшін қажет болғанда жайтта қозғалады (8 тараудың

13 б., 10 тараудың 9 тараудың 10 б 12 б.,). Швецияның ҚК сәйкес, тонау немесе ауыр ұрлық, ауыр тонау, ауыр бөтен мүлікті иелену және ауыр алаяқтық, сенім білдірудің ауыр салдарға алып келгенді сенімін теріс пайдалану сияқты мүліктікке қылмыстарға ерекше қудалау тәртібіне қарастырылмайды. Қазіргі ҚР қылмыс заңнамасы отбасылық бөтеннің меншік заңсыз айналдыруға түсулер ұғымын қарамағанды. ТМД елдеріндегі арналған 1996 жылдың 25 ақпан Қылмыстық Модельдік кодекс 244 бабының ескертпесіндегі мүшелері отбасы және қатысты басқа да меншігі жақын туыстарының болып табылатын айыпты мүлікке ұрлық, елену, немесе ысырап ету алаяқтық жасалған кезде қылмыстық қудалауды жәбірленушінің арызы бойынша жүзеге асыру ұсынылғандығы. Қазіргі кезде отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік қатынастар отбасылық және азаматтық заңнамамен реттеледі. Бұл жағдайда отбасындағы мүліктік қатынастардың екі мүліктік режимі болады: бөлек мүлік режимі. (жалпы бірлескен және жалпы үлестік меншік) және жалпы мүлік режимі. Жалпы режим деп мүлікті тек өзара келісім арқылы иеленуді және пайдалануды айтады. Отбасындағы мүлікті ерлі-зайыптылардың қайсысы мүлікті билік ету мәмілесін жасағанына қарамастан, олар өзара келісу арқылы жұмсайды. Бөлек режим өзара келісуді талап етпейді және отқұлғаның әрбір мүшесі өзіне ғана тиесілі мүлікті өз бетінше иеленуге, пайдалануға және билік етуге құқылы екендігін білдіреді. Отбасы мүшелерінің бірінің тарапынан заңсыз иелену (бөліп алу) заты болуы мүмкін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін қылмыстық жауапкершілік туралы мәселелерді шешу кезінде бөтен деп тапқан жөн. Мәлім болғандай, меншік құқығы – бұл тұлғаның өз бетінше, өз қалауы бойынша өзіне тиесілі мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығы болып табылады. Бұл тұжырымдама ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне жатпайды, себебі ерлі- зайыптылардың біреуінің өз бетінше, яғни екіншісінің келісімісіз және тек өз еркі бойынша ортақ мүлікке қатысты барлық құзіреттіліктерді жүзеге асыруға құқығы жоқ. Бәлкім, аталған жағдайда ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісіне сеніп тапсырылған мүлкі туралы сөз қозғауға болатын шығар (неке қиылған немесе неке келісім-шарты жасалған жағдайда). Сондықтан ерлі-зайыптылардың бірінің ортақ мүлікті екіншісінің рұқсатынсыз алуы және билік етуі қылмыстық құқықпен қорғалып, иелену (ажырасқаннан кейін бірлесіп тапқан мүлікті алу) немесе ысырап ету (ұрлық некеде болған кезде жасалған) деп бағалану керек. Бұл жағдайда сеніп тапсырылған мүлік ұғымын анықтаған кезде ескеру қажет.

Ерлі-зайыптылардың меншік ұрлауы ерлі-зайыптылардың екіншісі бірінің еркіне қарсы өзге немесе ортақ мүліктерін тек қана айыптының мүдделерін бағалау мақсатымен бөліп алуын сипатталады. Дегенмен, осындай билік ету негізі бір ортақ қажеттіліктерді жасауға бағытталған болса, онда өзгенің меншігін заңсыз айналдыру белгілері болмайды.

Соттың өз тәжірибесінде отбасы болғанға дейінгі әрқайсы тұлғаның өз мүлкінде болған, сонымен қатар олардың біреуі бірлесіп отбасы болғанда мұра немесе сыйлық ретінде алған және осының ғана жекелігі болады меншіткі ерлі-

зайыптылардың жымқыруын тонау немесе ұрлық деп бағалайды. Өзге отбасы келісім-шартында қарастырылған меншікті де осылай негіздеуге болады.

Дегенмен, нарықтық жайттарда осындай дәстүрлі тәсілдердің қайта қарауды талап етеді. Баяндалған жағдайда мүліктерді ерлі-зайыптылардың бірі екеуінің біреуіне сеніп тапсырылу мүмкін. Айыталушының іс жүзінде меншікті бірлесіп иеленуге құқықты— ол ортақ үйде, пәтерде немесе басқа да жалпы ғимаратта бар. Осы фактіні заттың иесі болмайтын ерлі- зайыптылардың екіншісінің іс жүзінде оны пайдаланады. (облигациялармен танысу, акциялардың пакеттерімен, олардың сақталуын, жұбының жеке көлігін алу және т.б.). Осы жайтты ерлі-зайыптылардың біреуінің жеке меншігін екіншісінің сеніп берген меншікке жатқызып, оның заңсыз алу фактісін жойып жіберу деп есептеу деп табу керек. Осыған ерлі- зайыптылардың біреуіне ғана мүлік құқығы негізінде тиісті меншік оны екіншісі иелігіне және пайдаланбайтын жерге қойылатын жағдайлар жатқызылмайды. Айталық, жабық сейфте кілтті тек иесі жұбына сақтап қоятын басқа да сақтау жерінде сақталуы. Осындай заттарды есірткі пайдаланатын, ішімдікке салынған және т.б. жұбы алған жағдайда, иеленуші емес жұбының әрекеттерін өзге меншікті білдіртпей бөтеннің меншік заңсыз айналымға түсу – ұрлау деп немесе маңызды жайттарында қарай өзгеше бақылау керек.

Расында, жұптардың немесе олардың бірінің иелігінде әр түрлі мөлшердегі және әр-түрлі бағалы тұтынушылық, әлеуметтік, өндірістік, мәдени және басқа да жағдайдағы меншік болуы мүмкін. Осылардың иелігінде тек күнделікті жеке пайдалану заттары (үстел, шаңсорғыш және т.б.) ғана емес, сондай-ақ экономикалық бағалы өте жоғары меншік те (акциялар, кәсіпорындар және басқа да құнды құжаттар, т.с.с.) бола алады. Қандай зат болса да, құқық ерлі-зайыптылардың өздерінің қиянаттарынан белгілі бір, оның нәтижесінде құқықтық - қылмыстық қорғаушы құралдары болғаны қажет.

Бірқатар жағдайларда ерлі-зайыптылардың олардың меншігіндегі мүлікті иеленуі мен пайдалануы үшінші тұлғалардың мүдделерін қозғайды. Бұл жағдайда ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі акциялары беретін құқықтарын олардың іске асыру тәртібі де маңызды. Бұл тәртіп ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігінің жалпы режиміне бағыну керек, яғни акциялар беретін құқықтар екеуінің де өзара келісуі бойынша жүзеге асырылу керек. Бұл арада ерлі-зайыптылар мен үшінші тұлғалардың мүдделері қақтығысады.

Әрекеттегі бағалы қағаздар туралы заңнама мен Бағалы қағаздар нарығы жөніндегі комиссияның нормативтік актілері акциялардың ерлі-зайыптылардың жалпы бірлескен меншігінде болу жағдайын мүлде қарастырмаған. Сәйкесінше, акционерлер реестрінде акция иеленушісі ретінде олардың біреуі көрсетілген. Акционерлер реестріндегі жазу – акциялар беретін қандай да бір құқықтарды жүзеге асыру үшін жалғыз негіз болып табылады. Бұл жағдайда акциялар беретін құқықтарды ерлі-зайыптылар өзара келісіп емес, тек біреуі ғана іске асыруы мүмкін. Мұндай жағдай ерлі-зайыптылардың

бірінің жалпы бірлескен меншігін ұрлауы болып табылып, зиян келтірілген жағдайда қылмыстық тәртіппен жазалануы тиіс.

Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі сияқты, нарықтық қатынастар жағдайында бөтен мүлікке заңды тұлғалардың ортақ меншігі де жатқызылуы мүмкін. Осы тұрғыда қылмыстық құқық теориясында мынадай пікір бар. Атап өткендей, ҚР АҚ 192 б. 3 т. сәйкес, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар (мемлекеттік және муниципалды кәсіпорындарды, сондай-ақ иеленуші қаржыландыратын мекемелерді қоспағанда) оларға құрылтайшылар (қатысушылары, мүшелері) салымдар (жарналар) ретінде берген мүліктің, сондай-ақ сол заңды тұлғалар басқа да негіздермен сатып алған мүліктің иеленушілері болып табылады.

Осыған орай, кейбір дереккөздер ұйым құрылтайшылары (қатысушылары) олардың сол ұйым меншігіне берген мүлікті иелену құқығынан айырылатынын көрсетеді. Бұл жағдайда құрылтайшылардың (қатысушылардың) заңды тұлғаның мүлкіне деген ешқандай ортақ меншігі пайда болмайды. Сондықтан айыптының өзі акционері, қатысушысы, үлескері немесе құрылтайшысы болып табылатын ұйымның мүлкін заңсыз алуы және өз пайдасына айналдыруы ұрлықтың басқа барлық белгілері бар болған жағдайда бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу болып қарастырылады.

Бұл жағдайда бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу орын алып отыр, бірақ бұл іс-әрекетті айыптыға сеніп тапсырылған мүлікті [11,44б.] бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп бағалау керек (ҚК 189 б.). Мысал үшін шаруа (фермерлік) қожалығының ұрланып жатқан мүлкін келтірейік. Сырттай қарағанда, бұл жағдайдағы шаруа (фермерлік) қожалығы мүшесінің аталған шаруашылықтың мүлкін өзінің немесе өзге адамдардың меншігіне заңсыз, өтеусіз алуы бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу болып табылады. Шаруа қожалығының мүлкі қылмыс субъектісіне сеніп тапсырылған болып есептеледі, себебі оның иелену, пайдалану және билік ету құқығын басқа иеленушілер шектеп қойған. Ол туралы азаматтық заңнамада тікелей айтылған. Мысалы, ҚР АҚ 257 б. шаруа (фермерлік) қожалығының мүлкін оның мүшелері, егер заңда немесе олардың арасында жасалған келісім-шартта өзге нәрсе қарастырылған болмаса, бірлескен меншік құқығы негізінде иеленеді делінген. Шаруа (фермерлік) қожалығы мүшелерінің бірлескен меншігінде осы қожалыққа берілген немесе сатып алынған жер телімі, жас көшеттер, шаруашылық және басқа да құрылыстар, мелиоративті және басқа да ғимараттар, өнімді және жұмысшы мал, құстар, ауыл шаруашылық және басқа да техника мен құрал-жабдықтар, көлік құралдары, құрал-саймандар және қожалық үшін оның мүшелерінің ортақ қаражатына сатып алынған басқа да мүлік бар болады. Шаруа (фермерлік) қожалығының қызметі нәтижесінде алынған жемістер, өнімдер және табыстар шаруа (фермерлік) қожалығы мүшелерінің ортақ мүлкі болып табылады және олардың арасындағы мәміле бойынша қолданылады.

Қазіргі уақытта шаруашылық серіктестікке немесе қоғамға оның жекелеген мүшелері сеніп тапсырылған жалпы бірлескен немесе үлестік

меншікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу жағдайлары кеңінен таралған. Мұндай меншік түріне жататын мүлікті бөтен деп тану керек. Бұл арада бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу субъектілері көбінесе олардың басшылары немесе мүлікті басқаратын өкілдері болып табылады. Шынында да, акционерлік корпорацияларды басқаратын тұлғалар қолдарында экономикалық билік бар болғандықтан, акционерлерге зиян келтіретіндей өз басын байытуға қажетті көптеген мүмкіндіктерге ие. Бөтен мүлікке жасалатын мұндай қастандықтар иелену немесе ысырап қылу дер бағалану керек.

Нарық жағдайларында, коммерциялық ұйымдар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүліктік мүдделерін ұсыну және қорғау мақсатында өзара келісім-шарт жасау [11,45б.] арқылы коммерциялық ұйымдар болып табылатын ассоциациялар немесе одақтар түрінде бірлестіктерді құра алады. Біздің елімізде заңды тұлғалардың бұлай бірігуінің ерекше түрі шетелдік фирмалармен бірлескен кәсіпорындар болып табылады. Шетел инвестицияларын тарту және тиісті тәртіппен қорғау мақсатында бірлескен кәсіпорындардың ортақ мүлкі Қазақстан тарапы үшін бөтен болып есептелу керек. Мұндай кәсіпорындардың мүлкін иелену немесе ысырап ету арқылы талан-таражға салғаны үшін ҚР ҚК бойынша жауапкершілік қарастырылған. Бұл, егер бірлескен кәсіпорын туралы келісім-шартта өзге нәрсе қарастырылмаған болса, ҚР заңдарына сәйкес, мұндай кәсіпорындардың мүлкінің және олар шығаратын өнімнің сақталуы үшін материалдық жауапкершілікті ҚР мемлекеттік кәсіпорын немесе қоғамдық ұйым өз мойнына алады.

Мүлікті жалпы бірлескен және жалпы үлестік меншіктен алуды бағалау туралы мәселе қылмыстық-құқықтық әдебиетте бұрын Ресей авторлары арқылы қарастырылған және бұл туралы әртүрлі пікірлер бар. А.И. Парог, В.В. Мальцев айтқандай, жалпы меншік (үлестік те, бірлескен де) меншікке қарсы қылмыстардың заты бола алмайды. В.А. Владимировтың пікірінше, жалпы бірлескен меншік құқығы негізінде ерлі-зайыптыларға немесе жеке көмекші шаруашылық мүшелеріне тиесілі мүлікті бірлесіп иеленушілердің біреуі басқалардың мүдделеріне қайшы өз бетінше жұмсаған жағдайда, ол мүлік қылмыстың заты ретінде қарастырыла алмайды, себебі ол адам үшін мүлік бөтен болып есептелмейді.

Осы бойынша, соңғы пайымдау дау тудырады. Жалпы бірлескен меншікті заңсыз алуды да бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп қарастыру керек, себебі жалпы үлестік меншіктен мүлікті алу жағдайындағыдай, қылмыстың заты бөтен меншік болып табылады. Жалпы үлестік меншіктің жалпы бірлескен меншіктен басты ерекшелігі – біріншісінде бірлескен иеленушілердің әрқайсысының ортақ мүлікке меншік құқығындағы үлесі анықталған, ал екіншісінде - анықталмаған. Алайда, соттың шешімі бойынша келісімге жете алмаған жағдайда емес, бірлескен меншік қатысушыларының келісімі бойынша ортақ мүлікке сол тұлғалардың үлестік меншігі белгіленуі мүмкін (ҚР АҚ 209 б. 5 б.). Сөйтіп, жалпы бірлескен меншік жағдайында да иеленушілердің аталған

мүлікте нақты үлестері болады, бірақ олар тұспалданып, қажет болмағандықтан [11,46б.] іс жүзінде бөліп шығарылмайды. Иеленушілердің біреуі жалпы бірлескен меншікті заңсыз алған жағдайда ол осы мүліктегі болжанған үлесіне және қалған иеленушілерге қастандық жасайды. Мысалы, ерлі-зайыптылардың біреуі жеке тұлғаның мақсатымен ортақ ақшаға сатып алынған автомобильді заңсыз пайдаланған жағдайда ол сол мүліктің құрамындағы бастапқыда бөлінбеген жұбайының үлесіне қастандық ойлатыны анық (ажырасқан жағдайда бұл үлес дәл анықталады).

Сонымен қатар жекешелендіру кезінде ұрланған мемлекеттік және муниципалды мүлік те бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің заты бола алады. Аталған мүлік те бөтен және жекешелендіруді жүзеге асыру бойынша тікелей құзіреттіліктері бар лауазымды тұлғаларға, билік өкілдеріне сеніп тапсырылған болып табылады. Мұндай жағдайда бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп жекешелендіру туралы заңнама ережелерін бұза отырып, мүлікті өз меншігіне заңсыз, өтеусіз (немесе жекешелендіріліп жатқан объектілердің негізгі және айналым құралдарының бағасы әдейі төмендетіліп, ақысын едәуір арзандатқан жағдайда) айналдыруды айтады.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында Ресейде бағасы триллион долларлық халық мүлкі мен құнсыздалған табиғи ресурстар жеке тұлғаларға бар болғаны 5 млрд. долл. сатылды. Бұл жағдайда ваучерлермен жасалған әртүрлі астыртын әрекеттер маңызды рөл атқарды. Заң бойынша жекешелендіруге жатпайтын жүздеген ірі кәсіпорындар (оның ішінде қорғаныс сипаттағы кәсіпорындар) белгісіз жолмен жекелеген адамдардың, тіпті шетелдіктердің қолына түсті. Кәсіпорындарды сатып алудың алаяқтық әдістерінің бірі коммерциялық банктердің ҚР Үкіметін кепілдік несиелендіру болды. Осы жолмен (несиелерді қайтармаған жағдайда) мемлекет иелігінен 500 ірі кәсіпорын, оның ішінде түсті металл комбинаты және Солтүстік-Батыс теңіз порты (Санкт-Петербург) су тегін (шамамен 30 есе арзан) сатылып кетті.

Тұлғаның иелену, пайдалану және билік ету құзіреттілігі бар, және иеленуші тұлғаның оны иеленушіге немесе басқа адамға тапсыру міндеті пайда болатын мүлікті сеніп тапсырылған, демек бөтен мүлік деп санау қажет. Осыған байланысты табылған немесе айыптының қолына кездейсоқ түскен меншікті бөтен мүлік, демек қылмыс деп тану және оның ҚР ҚК 189 [11,47б.] бабымен шектеу (мұндай норма 1959 ж. ҚКСР ҚК – інде болған) туралы мәселе пайда болады.

Украина Қылмыстық кодексі тарихи ерекше, көркемдік, ғылыми немесе мәдени маңыздылығымен табылған немесе айыптының қолына кездейсоқ түскен бөтен мүлікті, сондай-ақ қойманы меншіктенгені үшін жауапкершілікті қарастырады. 2001 ж. Украина ҚК 193 бабы бойынша, табылған немесе тұлғаның қолына кездейсоқ түскен бөтен мүлікті меншіктенгені үшін азаматтардың 50-ге дейін салық салынбайтын ең төменгі табыстары мөлшеріндегі айыппұлмен немесе екі жылға дейінгі түзету жұмыстарымен, я болмаса алты айға дейін қамауға алынады. Сонымен бірге, аталған қылмыстың

заты – кез-келген бөтен мүлік емес көркемдік, ғылыми, маңызды, тарихи, мәдени бағалы мүлік, сондай-ақ қойма болып табылады. Кейбір ресейлік ғалымдар да осы ұстанымды қолдайды. Мысалы,

З.А.Незнамова тарих пен мәдениет ескерткіштеріне жататын заттары бар қойманы иеленуді мемлекеттік мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп есептеп, ҚК 164 б. бойынша бағалау керек деп санайды. Фролов М.В. қарапайым заттары бар қойманы табылған сәттен бастап; тарих немесе мәдениет ескерткіштеріне жататын заттары бар қойманы мұндай қойманы билік органдарына беруге қажетті мерзім ішінде немесе бергеннен кейін бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу заты ретінде қарастыруды ұсынады. Ал Безверхов А.Г. керісінше, жалпы ереже бойынша тұлғаның табылған қойманы иеленуі бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсудің немесе басқа мүліктік қылмыстың құрамын құрамайды деп пайымдайды. Алайда, оның пікірі бойынша, бұл ереже еңбек немесе қызметтік міндеттері шеңберіне қойма табуға бағытталған қазу және іздестіру жұмыстары жататын тұлағалрағ қолданылмайды. Осы сияқты, басқа тұлға тапқан қойманы заңсыз иелену бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу немесе өзге мүлікті қылмыс ретінде бағалану керек.

Қарастырылып жатқан қылмыстың заты айыпты тапқан немесе оның қолына кездейсоқ түскен, басқа иеленушінің тек қана құнды мүлкі болуы мүмкін еді. Мүлікті бағалы деп тану туралы мәселе оның бағасына қарай шешілген, бірақ оның тарихи немесе мәдени маңыздылығы, иеленуші үшін маңыздылығы және басқа да осыған ұқсас жағдайлар ескерілген. Айыптының әрекеттері мен еркімен қатар, заңды иесі жоғалтқан, бірақ өзінің [9,48б.] сипаты, саны және басқа сипаттамалары бойынша тастама болып есептелмеген мүлік табылған болып саналған. Мүлік бұрын ешкімнің иелігінде болмаған, бірақ дегенмен де оның иеленушісі бар болған жағдай да осылай бағаланады. Мұндай мүліктерге орналасқан жеріне қарамастан мемлекеттің иелігіне жататын қоймалар, асыл металл сомтумалары, асыл тастар және т.б. жатқызылып, оларды иелену талдау жасалып жатқан қылмыстың құрамын құраған.

Тұлғаның қолына кездейсоқ түскен мүлік деп иеленушінің иелігінен жоғалғанының себебінен емес, басқа себептермен шығып кеткен және айыпты тауып алмаған, бірақ қалыптасқан жағдайлардың себебімен басқа жолмен алынған мүлік саналған (адасып келген мал, өзен ағызып әкелген мүлік, пошта арқылы қателесіп келген пошта жолдамалары және т.б.).

1959 ж. ҚК қарастырылып жатқан қылмыс бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсуден иелену нысанымен ерекшеленеді. Олардың арасындағы негізгі айырмашылық – бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу кезінде кінәлі өзінің белсенді әрекеттерімен ұрланған мүлікті иеленушінің жеке қорларынан алып, өзінің заңсыз иелігіне, пайдалануына және билік етуіне айналдырады, ал талдау жасалып жатқан қылмыста ол иелену сәтінде ешкімнің иелігінде болмаған, бірақ айыптының еркі мен әрекеттеріне қарамастан одан шығып

кеткен мүліктің есебінен заңсыз пайда табады.

Қазіргі қылмыстық заңда аталған норманы қалпына келтіру қажеттігі туралы басқа да авторлар пікір білдірген. Шет мемлекеттердің қылмыстық құқығы да осы жолмен дамуда. Мысалы, Испания ҚК жоғалтылған немесе иеленушісі белгісіз, көркемдік, тарихи, мәдени немес ғылыми құндылығы бар затты оңай олжаға айналдыру мақсатымен меншіктенгені үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

АҚШ қылмыстық заңнамасы бойынша, жоғалған немесе ұмытылып кеткен мүлікті тауып, өзіне алған тұлға оның иеленушісінің иелену құқығын бұзушы деп танылуы мүмкін. Алайда ол ұрлық жасауда айыпты деп екі жағдайда танылады. Біріншіден, мұндай адамның мүлікті тапқан кезде оны өзіне алу ниеті бар болады. Егер бұл ниет кейінірек пайда болса, ол ұрлық жасады деп табылмауы мүмкін. Екіншіден, мүлікті тапқан кезде оның иеленушісін білсе немесе оның қайда екенін шамаласа [11,496.]. Оның үстіне, соңғы жағдайда иеленушінің жеке басын анықтау үшін қисынды күш салынуы қажет.

Кінәлінің көшеде тауып алған мүлікті меншіктенгені үшін жауапкершілік туралы мәселе қарастырылған Брукс ісі бойынша шешім шығарған кезде сот былай қаулы етті: (Табылған) мүлікке және оны құрылымдық иелену құқығы бұрынғыдай иеленушінің қолында болады; егер оны тапқан тұлға иеленушінің мүддесі үшін емес, пайдалану үшін иеленіп алса, ол иелену құқығын бұзғаны үшін айыпты болып табылады. Әрі қарай былай делінген: егер мүлікті тауып алған және оны тапқан кезде өзіне алған тұлғаның мүліктің сипатына және табылған жағдайларына қарай иеленушісі табылатынын немесе мүлік жасырылмаса және оған адал ниетпен қараса (өзін ұстаса) анықталатынын болжауға қисынды негізі бар болса, онда бұл іс-әрекет ұрлық деп танылады.

Табылған немесе айыптының қолына кездейсоқ түскен мүлікті иелену туралы норманы қайта жаңғырту туралы мәселені шешу үшін аталған қылмыстың затын анықтап, осы сияқты іс-әрекеттердің қоғамдық қауіптілік көлемін белгілеу қажет.

Бөтен мүлік ұғымына сәйкес, ешкімнің заттарын бұлай деп санауға болмайды. А.А.Пинаев пайымдағандай: иеленушінің (иелік етушінің) қорларынан шығып кеткен немесе оларға келіп түспеген мүлікті өз пайдасына айналдыру бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу болып табылмайды. Сөйтіп, иеленушісі жоқ табылған заттар (тастап кеткен зат) немесе біреудің иелігіне әлі келіп түспеген заттар иелену заты болып табылмайды (ормандағы аңдар, теңіздегі балық және т.б.). ҚР АҚ 1 т. сәйкес, иеленушісі тастап кеткен немесе меншік құқығынан бас тарту мақсатымен басқа жолмен қалдырылған жылжымалы заттар тасталған болып табылады. ҚР АҚ 13 тарауына сәйкес, иеленуші өз мүлкін иелену құқығынан бас тартқан жағдайда меншік құқығы тоқтатылады.

Иесіз затты әдейі белгілі жерде қалдырылған заттан айыра білу керек. А.Г.Безверховтың анықтамасы бойынша, иеленуші (иелік етуші) затты қасақана

өзі білетін жерге тастап кеткен зат қалдырылған болып табылады: жиналып алқапта тастап кетілген астық; алқаптағы астық баулары; тұраққа қойылған автомобиль; арнайы жерлерде (ғимаратта, үйде, сақтау орнында, вокзалда, әуежайда және т.б. жерлерде) қараусыз тастап кетілген заттар. Затты иеленуші немесе заңды иесі тастап кеткеніне қарамастан, ол сол затты билеу және бақылау құқығынан айырылған жоқ және өзіне ыңғайлы кез-келген сәтте оны пайдалану немесе жұмсай алады. Бұл жағдайды қылмыс субъектісі нақты жағдайға, заттың сипаты мен қасиеттеріне және т.б. қарай ұғынады. Осы негізде қалдырылған заттарды заңсыз иелену табылған затты иелену емес, жалпы ережелер бойынша бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп бағаланады. Г.Е.Колоколов жазғандай: Бұл арада билік етуді қалайтын ерік өзгермеген, ал тұлғаның затқа деген іс жүзіндегі көзқарасы алыстатылғанымен, тоқтатылмаған. Заттың өз иесінен алыс немесе жақын жерге алшақтауы зат иесінің басқару билігін жоймайды.

Ұмытылған және жоғалған заттың да осындай қасиеттері болады. Иесі белгісіз жерде қалдырып (түсіріп) алған зат жоғалған болып саналады. Иеленуші (иесі) өзіне белгілі жерде абайсыз (кездейсоқ) қалдырып кеткен зат ұмытылған болып табылады. Ұмытылған зат иеленушіге (иесіне) белгілі жерде тұрады және оның затына қайтып оралуға немесе басқа жолмен қайтарып алуға мүмкіндігі бар. Осы негізбен ұмытылған заттар бөтен болып табылады және айыпты иеленушінің (иесінің) сол затқа қайтып оралатынын білген болса, ол ұрлық заты болып табылуы мүмкін. Оны сондай-ақ істің нақты жағдайлары (зат ұмытылған жер, зат қалдырылғаннан бері өткен уақыт, заттың қасиеттері және т.б.) растауы мүмкін. Сот тәжірибесі де осы тәсілдерді қолданады. Иеленушінің өзіне белгілі жерде (мейманханада, вагон купесінде, мекеме ғимаратында және т.б.) ұмытып кеткен затын иеленуді, айыпты иеленушінің затына қайтып оралатынын білген болса, бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп есептеуге негіз ретінде алуға болады. Мысалы, пойыздың машинисі И. мен оның көмекшісі Е. жәбірленушінің электр пойыз вагонында ұмытып тастап кеткен әйелдер сөмкесі мен оның ішіндегі ақшасын және заттарын заңсыз меншіктеп алғанын сот бөтен мүлікті ұрлау деп бағалаған.

Сот И. мен Е.-ң әрекеттерін дұрыс бағаламаған. Аталған жағдайда машинист пен оның көмекшісі әйелдер сөмкесін алу үшін ешқандай кедергілерді еңсермеген, бөтен заңды иелікке басып кірмеген, затты иеленушінің қалған мүлкінен бөліп алмаған. ҚР АҚ 245 б. сәйкес, иесі ұмытып немесе жоғалтып алғаннан кейін анықталған зат табылған болып есептеледі. Сонымен бірге, жоғалған затты тапқан адам оны жоғалтқан адамға немесе заттың иеленушісіне, я болмаса сол [11,51б.] затты алуға және иесіне қайтаруға құқығы бар кез-келген өзіне таныс адамдардың біріне шұғыл хабарлауы тиіс (табылған зат туралы айтылған ҚР АҚ 245 б. 1 б.). Мұндай міндеттің бар болуы машинист пен оның көмекшісіне әйелдер сөмкесі оны иеленушісіне тапсыру міндетін анықтау арқылы заңмен сеніп тапсырылғанын дәлелдейді, ал олардың әрекетін ҚР ҚК 189 б. бойынша (айыптыға сеніп тапсырылған мүлікті

бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу) бағалау қажет. Заңды фактілер әрекеттердің (заңды немесе заңсыз), сондай-ақ оқиғалардың салдарынан пайда болады. Аталған жағдайда оқиға (заттың табылуы) бөтен мүлікті сеніп тапсыру фактісінің туындау себебіне айналып отыр.

Ұмытылған және жоғалған затта айыптыға сеніп тапсырылған мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу заты болып табылады және мұндай заттардың айыптының заңсыз иелігіне заңсыз айналдырып алу ҚР АҚ 248 б. бойынша бағалану керек. Жоғалған зат деп иеленуші (иесі) еркіне қарсы (кездейсоқ жағдайларды себебінен немесе соларға байланысты) айырылып қалған және өзіне белгісіз жерде орналасқан заттарды айтады. Азаматтық заңнама бойынша заттың жоғалуы (одан айырылу) меншік құқығының тоқтағанын білдірмейді, бірақ иеліктің тоқтауы деп қарастырылады.

Табылған зат бөтен мүлік болып табылады, себебі жоғалған затты тауып алған адам оны жоғалтқан адамға немесе заттың иеленушісіне, я болмаса сол затты алуға және иесіне қайтаруға құқығы бар кез-келген өзіне таныс адамдардың біріне шұғыл хабарлауы тиіс. Егер зат ғимараттың ішінде немесе көлікте табылған болса, оны сол ғимараттың немесе көлік құралының иесіне тапсыру қажет. Бұл жағдайда табылған зат берілген адам белгілі-бір құқықтарға ие болып затты тауып алған адамның міндеттерін мойнынан алады. Табылған заттың қайтарылуын талап етуге құқығы бар адамның тұрғылықты жері белгісіз болған жағдайда, затты тауып алған адам тапқан заты туралы полицияға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органынан хабарлау керек. Затты тауып алған адам оны өзінде сақтауға немесе милицияға, жергілікті өзін-өзі басқару органына немесе аталған адамға сақтауға тапсыруға құқылы. Егер табылған зат туралы полицияға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына хабарланған күннен кейінгі алты айдың ішінде табылған затты алуға күзиреттілігі бар адам анықталмаса немесе затты иелену құқығы бар екендігі туралы өзі хабарламаса, затты тауып алған адам оны иелену құқығына ие болады. Аталған ҚР АҚ нормасы іс жүзінде орындалып жүр ме? Жоқ, және мұндай әрекетсіздіктің басты себебі – оны қылмыстық заң деңгейінде қылмыстық деп танымау.

Табылған затты бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп оны немесе сақтау мүмкіндігі болмаған жағдайда оны сатудан түскен қаражаттарды өзінің заңсыз иелігіне немесе билігіне заңсыз айналдырып алуды айтады. Бұл әрекет субъект иеленушіге немесе оны алуға құқығы бар адамға, сондай-ақ иеленушісі белгісіз болса, полиция немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тапқан заты туралы хабарламай, оны иелену құқығын заңсыз алған жағдайда заңға қайшы болып табылады. Сонымен қатар, билік органдарына хабарлағаннан кейінгі алты ай өткенге дейін табылған затты заңсыз иелену, пайдалану, билік ету заңға қайшы келеді.

Қараусыз немесе адасып келген я болмаса басқа да қараусыз үй жануарларын ұстап алған адам оларды иеленушісіне қайтаруға міндетті, ал егер жануарлардың иеленушісі немесе оның тұрғылықты жері белгісіз болса, ұстап алған күннен бастап үш күннен кешіктірмей олардың табылғаны туралы

иеленушісін іздестіру шараларын қабылдайтын полиция немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына хабарлауы тиіс. Жануарлардың иеленушісі табылғанға дейін оларды тауып алған адам өзінің иелігіне және пайдалануына қалдырады немесе қажетті жағдайлары бар басқа адамға сақтауға және пайдалануға беріледі (ҚР АҚ 246 б.). Егер қараусыз қалған үй жануарларының табылғандығы туралы хабарланған күннен кейінгі алты айдың ішінде олардың иеленушісі табылмаса немесе өзі құқықтарын жария етпесе, жануарларды бағып, пайдаланып отырған адам оларды иелену құқығына ие болады (ҚР АҚ 246 б.).

Табылған заттардың ерекше бір түрі қойма болып табылады. Иеленушісі анықталуы мүмкін емес немесе заң бойынша оларды иелену құқығынан айырылған қойма, яғни жерге көмілген немесе басқа әдіспен жасырылған ақша немесе құнды заттар қойма көмілген жер (жер телімі, құрылыс және т.б.) иесіне және оны тауып алған адамға, егер арасында өзге мәміле жасалмаған болса, теңдей үлеспен бөлінеді (ҚР АҚ 247 б. 1 б.). Мұндай жағдайларда қылмыстың субъектісі қойма табылған жердің иеленушісі болып табылмайтын және елу пайыз сыйақы алып оны иеленушісіне қайтаруға міндетті тұлға болып табылады. Мысалы, тұрғын ғимаратты жалдап алушы белгілі-бір шаруашылық құрылыста, жер телімінде және т.б. қойма тауып алды делік. Ғимаратты жалдап алушы тек үйдің өзін ғана емес, оған тиесілі бар мүлікті иелену құқығы алатындықтан, онда ол қойманы да иелену құқығын алады деп санауға болады, себебі ол егесінің өзі сияқты қойма туралы білмеген болса да, шын мәніндегі иеленушісіне айналады.

Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне жататын заттары бар қойма табылған жағдайда олар мемлекеттің меншігіне тапсырылуы тиіс. Бұл жағдайда жер телімінің немесе қойма жасырылған басқа мүліктің иеленушісі және қойманы тауып алған адам қойма құнының елу пайызы мөлшерінде сыйақы алуға құқылы (ҚР АҚ 247 б. 2 б.). Аталған норма табылған қойманы өз меншігіне айналдырудың қоғамға қауіптілік дәрежесінің жоғары екендігін көрсетеді, себебі ҚР АҚ 247 б. бойынша тарихи немесе мәдени құндылықтар табылған сәттен бастап олар бірден мемлекеттің меншігіне өтеді.

Рим заңгерлері қойма – thesaurus – деп ашылғаннан кейін иеленушісі табылмайтындай бұрын белгілі-бір жерде жасырылған кез-келген құндылықты атаған. Егер мұндай қазына біреудің жерінде табылса, б.д II ғасырында қойманың жартысын тауып алған, қалғанын – жердің иесі алған. Олардың арасында ортақ меншік пайда болған. Егер тауып алған адам жердің иеленушісінің рұқсатысыз қойма іздесе, онда соңғысы қойманы түгелдей өзіне алған.

Табылған немесе айыптының қолына кездейсоқ түскен мүлікті (жоғалған заттың табылуы (ҚР АҚ 227, 228 бб.), қараусыз қалған жануарларды (ҚР АҚ 246 б.) және көмбені (ҚР АҚ 247 б.) бөтен мүлік деп табу керек, ал оның иеленушісіне қайтарылмауы ҚР ҚК 189 бабымен толықтай қамтылады және қосымша бағалауды талап етпейді.

Қойманы меншіктеніп алуды меншікке қарсы қылмыс деп тапсақ, онда

қайтыс болған адамның денесіндегі және көмілген жеріндегі мүлікті бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу затына жатқызу туралы мәселе туындайды, себебі қойма сияқты мұндай мүлік көбінесе құнды және жерге жасырылған (қабірге көмілген) болады. Қылмыстық заңды қолдану практикасы көмілгенге дейін өлген адамның денесіндегі және оның жанындағы заттарды бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу заты деп табады, себебі оларды мұра етіп тапсыру мүмкін. Көмілген жерде, қабірде, сағанада және т.б. жатқан заттар бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу заты болып табылмайды, себебі бұл арада меншік құқығының субъектісі жоқ. Мұндай заттардың ұрлануы өлген адамдардың денелерін және олардың көмілген жерлерін қорлау болып саналады (ҚР ҚК 275 б.). Мұндай пікір қылмыстық-құқықтық әдебиетте де кеңінен таралған. Бұл әрекеттердің объектісі меншікке қарсы емес, адамгершілікке қарсы қылмыстардың объектісі болып саналады.

Алайда соңғы уақытта қылмыстық құқық теориясында аталған мәселені шешуде басқа тәсіл қолданып жүр. Көмілген жерлерден заттарды алумен байланысты әрекеттерді бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп бағалау ұсынылуда. Мысалы, А.Г.Безверхов жерлеу кезінде қолданылатын заттардың жерленген адамның туыстары үшін субъективті ғана маңызы бар емес, олар көбінесе өзінің құндылығымен ерекшеленеді деп пайымдайды. Сонымен қатар, аталған заттарды қалдырылған деп табуға болмайды. Олар қайтыс болғандарды мәңгі есте қалатындай ету, жерленген жерге келетін туысқандардың сезімдерін риза ету үшін арналған және қалдырылған, сондай-ақ тек ол бағалы заттардың бөтеннің меншігіне жатпайды.

Біз бұл пікірмен келіспейміз, себебі бұл жағдайда ұрлаудың міндетті белгісі жоқ – иеленушінің өзінің жоқ болуы себебінен иеленушіге мүлікті зиян келтіру. Мұндай жағдайда туысқандарды заттардың иеленушілері деп табуға болмайды, өйткені олар мүлікті иелігінен шығарып тастаған.

ҚР Конституциясы бабының жоғарыда аталған барлық меншік түрлерін теңдей құқықтық қорғау туралы ережелерін заң шығарушы толықтай қабылдап, Қылмыстық кодекске 1997 ж. заңмен бөтен мүлік ұғымын енгізді. Бүгінгі таңда мемлекеттік, жеке немесе басқа да мүлікті талан-таражға салғаны үшін жауапкершілікті ажыратып қарастыратын жеке нормалар жоқ. Кез-келген мүлік бөтен деген түсінікпен қамтылатындықтан, бұл барлығын оны қылмыстық-құқықтық құралдармен қорғау мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Әрекеттегі ҚК-ң бұрынғы кодекстен айырмашылығы да осында. Бұрынғы кодексте мемлекеттік және қоғамдық мүлікті талан-таражға салғаны үшін екі түрлі жауапкершілік қарастырылған.

Жалпы бірлескен меншікті заңсыз алуды да бөтеннің мүлкін заңсыз айналымға түсу деп қарастыру керек, себебі жалпы үлестік меншіктен мүлікті алу жағдайындағыдай, қылмыстың заты бөтен мүлік болып табылады. Жалпы үлестік меншіктің жалпы бірлескен меншіктен басты ерекшелігі – біріншісінде бірлескен иеленушілердің әрқайсысының ортақ мүлікке меншік құқығындағы үлесі анықталған, ал екіншісінде - анықталмаған. Қылмыстық құқықта бөтен

мүліктің ерекше түрі ҚР ҚК 189 б. қарастырылған сеніп тапсырылған мүлік болып табылады. Бөтен мүлік ұғымының шектерін анықтау үшін, Қазақстандағы нарықтық қатынастардың дамуы жағдайларында шектері қатты кеңейген сеніп тапсырылған мүлік ұғымының мазмұны туралы жаңашыл түсінік қажет.

Азаматтық заңдар жылжымалы және жылжымайтын мүлік түрлерін ажыратып көрсетеді. АҚ 117 бабының 1 бөлімінде жылжымайтын мүлікке, біріншіден, жер учаскелерін, жер қойнауы учаскелерін, оқшауланған су қоймаларын және екіншіден, үлкен аумақты алып жататын: ормандар, көпжылдық егістіктер, ғимараттар, құрылыстар. Азаматтық заңдар жылжымайтын мүлікке кәсіпорындарды мүліктік кешен сияқты етіп теңестіреді; мемлекеттік тіркеуге алынған әуе және су кемелері; суасты кемелері; өзен-теңіз жүзу кемелері; ғарыш объектілері (АҚ 117 бап 2 б.). Жылжымайтын мүлікке жатпайтын заттар, оның ішінде ақша мен құнды қағаздар бар, жылжымалы мүлік болып табылады. (АҚ 130 бап 3 б.). Меншікке қарсы қылмыс заты жылжымалы мүлікпен қоса жылжымайтын мүлік те бола алады. Қарастырылып отырған қылмыстың заты бөлінбейтін немесе күрделі заттар, негізгі зат пен соған қатысты зат (АҚ 120 бап), жемістер, өнім және жануарлар болуы мүмкін (АҚ 120,121 б.б.).

Жылжымайтын мүлікке қол сұғудың өзіндік ерекшеліктері бар. Жылжымайтын мүліктің құқықтық режимі жылжымалы мүліктің құқықтық режимінен ерекшеленеді. Жылжымайтын мүліктің негізгі бөлігі меншікке қарсы қылмыстың құрамына жатпайды. ҚР-ның 1998 жылғы 2 наурыздағы

№211 Тек қана мемлекеттің меншігі болып табылатын объектілер туралы Заңының 2 бөліміне сәйкес тек ҚР-ның меншігі болып табылатын табиғат ресурстары: ауылшаруашылығы иелігіндегі жерлер, сондай-ақ, ҚР-ның заңдарына сәйкес жеке меншікке беруге болмайтын басқа да объектілер: жер асты қойнаулары, ормандар, сулар. Басқа заңдарда бұл жағдай нақтыланады. Мысалы, ҚР-ның жер туралы Заңының 2 – бөлімінде жеке меншікке беруге болмайтын жерлер туралы жазылған. Оларға жатады: жалпыға пайдалануға арналған жерлер (алаңдар, көшелер, трассалар, жолдар, жағалаулар, парктер, ағашы көп кішкене парктер, бульварлар, скверлер және т.б.); транспорт және байланысқа арналған жерлер; қорғаныс қажеттілігіне арналған жерлер; АЭС-ндегі апаттың салдарынан радиоактивті қалдық бөлігінен уланған аумақта жатқан жер учаскелері; ұлттық, мемориалдық қорықтар мен дендропарктер, ботаникалық бақтар, қорықтар, архитектура мен табиғат ескерткіштері алып жатқан жерлер; денсаулық сақтау, демалатын, тарихи-мәдени мақсатқа арналған жерлер; ауылшаруашылығына арналған жерлер; орман қорына арналған жерлер; су қоймаларына арналған жерлер; пішен шабуға, мал жайылымына және тұрғындарға арналған басқа да жерлер; азаматтарға жеке шаруашылығын жүргізуге, құрылысқа және тұрғын үйге қызмет көрсетуге берілген немесе берілетін жерлер және басқа да қызметтегі жер үлестері; тұрғындар орналасқан пункттегі жерлер, бақша өсіруге, шаруашылық

жүргізуге, дачалар құруға арналған жерлер; пайдалы қазбалы кені бар, қазылып қалпына келтірілген және қазылмаған жерлер; ҚР-ның айрықша боп есептелетін меншігінің бірі: жануарлар әлемі (07.07.2006 жылғы Жануарлар әлемін пайдалану мен қорғау туралы заңның 4 бөлімі); республика территориясында орналасқан барлық сулар (су объектілері) (ҚР-ның Су кодексінің 4 бөлімі); жер асты қойнауы (ҚР-ның жер асты қойнауы туралы заңының 3 бөлімі). Осы санамаланған құндылықтарымызға қол сұғуды заң бойынша мемлекет меншігі болып табылса да, қылмыстық заңымыз меншікке қарсы қылмыс деп танымайды. Жоғарыда айтылғандарды меншікке қарсы қылмыстық зат деп танымайтын себебі, оларды қылмыстық зат деп танылмау үшін тән болатын белгінің бірі – оларға адам еңбегі сіңбеген дегенді критерий етіп алған. Қылмыстық заңдар бұл объектілерге қол сұғуды экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаға қарсы жасалған қылмыс деп таниды.

Табиғат объектілері табиғи қалпынан шығып, және оның өзгеруіне адам еңбегі сіңсе, ол жағдайда меншіктілікке қарсы қылмыс мүлкі бола алады (кесіліп дайын болған орман материалдары, орылған шөп, егілген жеміс ағаштары және т.б.). Ауылшаруашылық кешені мен мекемелердің жеке меншігіндегі су қоймаларынан заңсыз балық аулау, су жануарларын ұстау, немесе сол мекеме ұстаған су жануарлары мен балықтарды алып қою немесе солардың иелігіндегі жерде мекендейтін жабайы жануарларды атып алу сияқты әрекеттер меншікке қол сұғушылық болып есептеледі.

Табиғи және қолдан жасалған ағашты-бұтақты аумақтың жиынтығы болып табылатын, орманды биоценозды құрайтын және әр түрлі мақсатта қолданылатын орман мемлекетіміздің ереше байлығы болып табылады. (ҚР Орман туралы кодекстің 1,7 баптары). Сонымен қатар, осы кодекстің 5 бабы кейбір ағашты-бұтақты аумақтарды мемлекеттік орман қорына жатқызбайды. Мысалы, осы қорға кірмейді: бірді-екілі ағаштар, сондай-ақ теміржол мен автомобиль жолдарының, басқа транспорт және коммуникация жолақтары мен каналдардың бұрылыстарындағы ағашты-бұтақты өсімдіктер; сауықтыру орындарындағы, тұрғындар орналасқан пункттер (қала ормандарын қоспағанда), азаматтарға ұжымдық бағбандық пен саяжай құрылыстарына, жеке шаруашылығын жүргізуге, құрылысқа және тұрғын үйлерді қамтамасыз етуге арнап берілген жерлердегі бірді-екілі ағаштар мен ағаштар тобы.

Табиғаттың бұл объектілеріне олардың табиғи түрдегі жағдайында қол сұғу әр түрлі сараланады. Былай, мемлекеттің орман қорына кірмейтін жасыл алқаптардағы (мысалы, қала және басқа да тұрғындар орналасқан пункттер, темір, автомобиль жолдары мен каналдардың жиегіндегі ағаштар) ағаштарды заңсыз кесу әрекетін ҚК 340 бап бойынша қарастыруға болады.

Азаматтардың жеке меншігі иелігіндегі (ҚР Жер туралы Кодексінің 36 бабы) ағаш пен бұталарды, иесінің рұқсатынсыз, заңсыз кесу әрекеті біреудің жеке меншігіне қол сұғу болып табылады да ҚК немесе АҚ сәйкес баптарымен жауапкершілік туындайды.

Ұрлау және басқа да меншікке қарсы қылмыстардың мүлкі ақша және

құнды қағаздар болуы мүмкін. Ақша дегенде заңды төлеу құралы болып табылатын ұлттық және шетелдік валютаны да түсінуге болады. ҚР-ның ұлттық ақша бірлігі болып Қазақстан тенгесі бола алады, ол бүкіл Қазақстан территориясында өз құны бойынша қабылдануға тиісті. (АК 127 б.). Шет елдік валюта ретінде өзіне лайықты елінде немесе мемлекеттер тобында айналымда жүрген және заңды төлем құралы бола алатын, сондай-ақ айналымнан алынып тасталған немесе алынып жатқан, бірақ алмастыруға болатын шет мемлекеттердің банкнот түріндегі ақша бірліктері, қазына билеттері, тиындар; шет мемлекеттер мен халықаралық ақшалай немесе алыс-беріс бірліктерінің ақша бірліктеріндегі құралдары. Айналымнан шыққан валюта ұрлық заты болып егер ол өзінде нумизматикалық, тарихи, көркемдік немесе ғылыми құндылыққа ие болса ғана есептеледі. Құнды қағаз болып мүліктік құқықтың міндетті реквизиттерімен және (немесе) жолға қойылған форманы бақылаумен куәлік беретін, тек оның барында ғана әрекет орындалып, берілетін құжат есептеледі. Құнды қағаздың берілуімен бірге оның куәлік беретін барлық құқықтар жинақталып өтеді. (АК 129 бап). Құнды қағаздарға мемлекеттік облигация, облигация, вексель, чек, депозит және жинақ сертификаттары, ұсынушының банктегі жинақ книжкасы, коносамент, акция, рәсімделген құнды қағаздар және құнды қағаз жайлы заңға сәйкес соған жатқызылған басқа да құжаттар. (АК 132 бабы.). Азаматтық заңдар берілу тәсіліне қарай құнды қағаздардың үш түрін ажыратады: а) талапкерге берілетін құнды қағаздар (яғни, ешқандай формалдылықсыз берілетін құнды қағаздар); б) өз атына тіркеп регистрация жолымен алынатын құнды қағаздар, иесі бар құнды қағаздар; в) ордерлік құнды қағаздар, яғни белгілі бір адамның қолдану құқы біткен соң басқа жаңа иенің қолына өтіп кететін құнды қағаздар; (АК 132,133 б.б.). Бұлардың ішінде ұрлық заты болып тек талапкерге берілетін құнды қағаз болуы мүмкін. Ұрлықтың кейбір тәсілдерінде (мысалы, алаяқтық пен қорқытып алушылықта) ордерлік құнды қағаз болуы мүмкін. Коммерциялық банктердің пластик кредит карталары мен алыс-беріс карталарын ұрлауды аяқталған ұрлыққа жатқызуымызға болады, мұнда ұрының қаржыға қолы жетпейді .

Құнды қағаздардан бөлек меншікке қарсы қылмыстық зат болып азаматтық заңда құнды қағаз деп танылмаған, бірақ иеленушінің белгілі бір мүліктік құқығын куәландыратын, мысалы, белгілі бір жұмысқа немесе мүлікке деген құқық, суррогат құнды қағаздар есептеледі.

Қандай да бір мүліктік құқықты өзіне қажетті реквизиттерді енгізбейінше өздігінен бермейтін құжаттар (мысалы, тауар накладнойы, квитанциялар, транспортта жүруге арналған билеттер, сенімхаттар, т.б.) тобы қылмыс заты болып табылмайды. Легитимационды белгілер ұрлық заты болып табылмайды: гардероб номероктері, сақтау камерасының жетондары, т.б. Мұндай заттарға ие болу ұрлыққа дайындық әрекет деп танылады.

Мүлікпен қатар, меншікке қарсы қылмыс ретінде иеленушінің мүлікке ие болу құқығына қол сұғу бар: иелік ету, пайдалану құқығы. Қылмыс құралы ретінде мүлікке пайдалану құқығын алудың орны бар, егер айыпкер, мысалы

күштеп алса заңсыз түрде мүлікті қолдануда бір немесе бірнеше құқықты ала алады, барлық үшеуін емес.

Жеке жағдайларда кейбір қылмыстардың заты ретінде мүліктік құқық пен мүліктік міндеттер қатысады. (бір адам екіншісінен мүліктік құқығын сұрауы мүмкін). Күштеп тартып алуда қылмыстық қол сұғу құралы ретінде мүліктік мінез болуы мүмкін.

Оқшашар құрал, әскери жинақ немесе жарылғыш заттар, сондай-ақ радиоактивті заттар немесе наркотик құралдары мен психотропты заттар немесе әсері күшті және улы заттар белгілі бір құнға ие болса да олар материалдық қажеттілікті қанағаттандырмайды. Олардың бақылауға алынбауы қоғамдық қауіпсіздікке және тұрғындардың денсаулығына қауіп төндіреді. Осы озбырлықтардың күшіне бұл заттарға меншікке қарсы қылмыс құралы ретінде қарамайды, оған қоғамдық қауіпсіздік пен халықтың денсаулығына қарсы қылмыс ретінде қарайды. Соған байланысты бұл қылмыстардың негізгі объектісі ретінде қоғамдық қауіпсіздік немесе халық денсаулығы, меншік болса, ол екінші, қосымша объект қатарында Айтылғандарға қорытынды ретінде мыналарды айтуға болады.

Жеке меншік экономика категориясы сияқты ол еңбек өнімін игерудің лайықты нысанын тудыратын өндіріс өнімдері мен құралдарына ие болудағы тарихи қоғамдық анықталған қатынас. Меншіктік қатынас мүлкі мен меншікке қарсы қылмыс мүлкі екі түрлі ұғымдар. Меншік мүлкі ретінде кез келген материалдық құндылық танылса, көрсетілген қылмыс мүлкі қатаң анықталған белгілерге жауап беруі керек.

Қылмыстық құқықта меншікке қарсы қылмыс мүлкі физикалық, экономикалық және заңдық қасиеттерге ие болу керек. Мүлік ретінде тұтынушылық және айырбас құнына ие материалды әлемнің заттары танылады.

Заттық (физикалық) белгі болмағанда, адамның идеясы мен көзқарастары, оның намысы мен адамгершілігі қарастырылып жатқан қылмыстың мүлкі бола алмайды. Қарастырылып отырған қылмыстың жеке түрлері бойынша мүлік ретінде мүлікке деген құқық, мүліктік құқық және тіпті мүліктік мінездің әсері қатыса алады. Бүгінгі күнге проблема ретінде меншікке қарсы қылмыс мүлкіне, тағы да айта кетелік, оның ішінде ұрлыққа, электр және жылу энергияларын жатқызу немесе жатқызбау туралы сауал қалды. Энергияның көрсетілген түрлері бүгінде өндірілуіне адам күші жұмсалатын, осылайша, айырбас және тұтынушы құнына ие спецификалық мүлік ретінде қарастырылуы тиіс, деп көрсетіледі. Олардың заңсыз ұрлануы айыпкерге мүліктік пайда әкелумен бірге, мүлік иесіне үлкен шығын әкеледі [11].

Ойымды қорытындылай келе, шетелдік және отандық ғалымдардың бұл қылмысты толық зерттеуі, бізге осы тақырыпты зерттеуге кедергі бола алмайды. Өйткені, бізде қателіктер бар. Осы ғалымдардың ойларына сүйене отырып, заңдағы және тәжірибе барысында қателіктерді жоюға болады. Қазіргі кезде үлкен қалаларда адамдардың мүлкін, ақшасын, заттарын, ұялы телефондарын жасырын жымқыру көп орын алуда. Сондықтан бұл қылмысты,

оған әсер ететін себептер мен факторларды анықтауға, зерттеуге бел будым. Ұрлық бойынша әрқашанда оны жасау себептері мен шарттары анықталмайды. Ал бұл тақырыпты терең зерттеу, осы қателіктерді жоюға өз септігін тигізді.

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР-ның Конституциясы республикадағы мемлекеттік меншік пен жеке меншікті бірдей таниды және бірдей қорғайды. Ата заңымыз бойынша мүлікті пайдалану қоғам игілігіне қызмет етуге тиіс, сонымен қатар меншік міндет жүктейді. Меншік объектілері мен субъектілері, меншік иелерінің өзінің құқықтарын жүргізу шектері мен көлемі, меншікті қорғау кепілдіктері, заңнамада көрсетіледі.

Мүлік иесінің заңды құқықтары азаматтық құқықтық заңмен, сондай-ақ мүлік құқығына қарсы қоғамға зиян іс-әрекеттің нәтижесінде зиян жасалған сәтте қылмыстық құқықтық заң бойынша да қаралады. Мүлікке қарсы қылмыстардың топтық объектісіне – мүлік иесінің билік ету, және иелену оған пайдалану құқығын құрайтын мүлікке қатысты қоғамдық қатынастар саналады.

Ғалымдардың бұл тақырыпты толық зерттеуі, оны қайталап зерттеуге кедергі бола алмайды. Себебі бізде қателіктер кездеседі. Осы тақырыпты зерттеген ғалымдардың пікірлерін теория және тәжірибе барысында қателіктерді жоюға қолдануға болады. Ал бұл мәселе біздің заңнаманы салыстырмалы түрде зерттеуге бағыттайды.

Бұл зерттеу жұмысының тақырыбын таңдаған себебім, қазіргі кезеңде халық нарықтық экономика жағдайында, өзінің қажеттілігіне сай меншікті қанша қажет болса, сонша алуда, өзгенің еңбегімен келген меншікті, біреулер оны бұрыс жолмен оны өз меншігіне айналдыруда. Көбінесе ұрлық қылмысына жастар барады, яғни жастар өзінің физикалық жағдайына сеніп жасайды. Ал ұрлық қылмысын қайталап жасаушылар, өзінің тәжірибесіне сүйенеді. Бұл дегеніміз, осы ұрлық қылмысын ауырлатып жібереді.

Қазіргі уақытта үлкен қалаларда адамдардың мүлкін, ақшасын, заттарын, ұялы телефондарын жасырын жымқыру көп орын алуда. Сондықтан да ұрлық қылмысына әсерін тигізетін себептер мен факторларды зерттеу қажет. Әр кезде ұрлықты жасаудағы себептер мен шарттары анықталмай жатады. Жасырын жымқыру тақырыбын терең зерттеу, осы тақырыптағы қателіктерді жоюға негіз болды.

Ұрлық көбінесе жастармен көп жасалады, сондықтан да бұл қылмысты алдын алу қажет. Ұрлықты болғызбау, ұрлықты алдын алу мақсатында оның ауыр қылмыс ретінде қаралатының жәнede осы қылмысқа барған жағдайда үлкен жаза тағайындалатынын жастарға, қылмыскерлерге ашық, нақты айту қажет. Осындай жұмыстарды, яғни ұрлық қылмысын алдын-алу шараларын мектептерде, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында жүргізу қажет болып табылады. Ұрлықты болғызбау, алдын-алу шараларын жүргізуде құқық қорғау органдары қызметкерлері белсенділік танытуы тиіс. Елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыру үшін, сонымен қатар барлық заңды мүдделерді қорғау мақсатында қылмыстылықты алдын алу, қылмыспен күрес шараларын күшейту керек болып табылады. Ата заңымыздың 1 бабына сәйкес ҚР өзін зайырлы, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет ретінде

қарастырылған, мемлекетіміздің ең қымбат байлығы - тұлға және тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен өмірі танылады, ҚР Конституциясы адамзатқа, қоғамға қарсы іс-әрекеттерді жасауға тікелей тыйым салады.

Әрбір қоғамда өзіне сай идеологиясы болатынын ескерсек, біздің еліміздегі осы уақытқа дейінгі нәтижесіз келе жатқан кем тұсымыз, дүние танымы мен көзқарасы өзгерген жастарды дұрыс жолға бағыттайтын тәлім-тәрбие жұмысының аздығы, яғни жастарға беретін тәрбиенің осалдығы десек болады. Бұл жағдайды жастар қауымының мәселесімен айналысатын мамандар да жоққа шығармайтыны рас. Жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа бару себебі, оларда бос уақыттың көп болуы, өзіне ұнайтын пайдалы істермен айналыспаушылығы, құқықтық білімнің аздығы, сонымен қатар балаларға деген ата-ананың тарапынан белгілі бір бақылаудың аздығы, бақылаудың өз дәрежесінде болмауы табылады.

Бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелерін саралау, әрине отандық сонымен қатар шетелдік зерттеушілер үшін өзекті әрі тың тақырыптардың бірі болып табылады. Ғалымдардың пікірлеріне талдау жасау барысында әрбірінің көзқарасы әр түрлі болып отыр. Бұл туралы жоғарыда да тоқталып өттік. Бірақ әрбір пікірдің өзіндік ғылымға қосар үлесі бар екендігіне дауа жоқ. Осы тұрғыдан қарастырғанда, бұл диссертациялық жұмыс тақырыбының арқау болып отырған, бөтеннің мүлкін жасырын жымқырудың өзекті теориялық және тәжірибелік мәселелері өзінің өзектілігін айқын аңғартады. Жоғарыда айтылғандар диссертация тақырыбын таңдауға ықпал етіп, оның өзектілігі мен маңыздылығын анықтады. Қарастырылып отырған мәселелерді зерделеу мынандай ұсыныстар мен қорытындыларды шығаруға мүмкіндік береді:

Қоғамдық көліктер, базарлар жәнеде халық көп шоғырланған орталықтарда ұрлықшылар қаптаған. Ұрылардың құрығына ілігіп, ұялы телефонынан, ақшасынан айырылған зардап шегушілер өте көп. Ұсталмай, қоғамда үйреншікті ісін жалғастырып жүрген ұрлықшылар қаншама. Полиция ұрлықтың алдын алуға қанша тырысқанымен, оларға тосқауыл бола алмай отыр. Қоғамдағы қауіпті ескере отырып, жәбірленушінің киімінен және де жәбірленушінің жанында болған сөмкелері немесе басқа да қол жүгінен алынған қалта ұрлығы бойынша ҚР ҚК 188-2 бабымен толықтыруды ұсынамын.

ҚР ҚК 188-2 бабы келесі мазмұнда жазылуын ұсынамын:

1. Қалта ұрлығы, яғни бөтеннің киімінен, жанында болған сөмкелері немесе басқа да қол жүгінен меншігін білдіртпей жымқыру – меншігін тәркіленіп немесе онсыз, 1000 АЕК-ке дейінгі көлемде айыппұл салуға не сол көлемде түзеу жұмыстарына не 800 сағатқа дейінгі уақытқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не 3 жылға дейінгі уақытқа бас бостандығын шеттетуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Мынадай: адам тобының алдын ала сөз келісуімен мүлкі тәркіленіп, үш мың АЕК-ке дейінгі көлемде айыппұл салуға не сол көлемде түзеу

жұмыстарына не 1200 сағатқа дейінгі уқытқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын айыруға не сол уақытқа бас бостандығынан шектеу қарастырылады.

3. Мынадай: бірнеше рет: мүлкі тәркіленіп, 2 жыл 7 жыл бойынша дейінгі мерзімге бас бостандығын айыруға, не сол мерзімге бас бостандығынан шектеуге жазаланады.

4. Мынадай: қылмыстық топпен жасалған; меншігі тәркіленіп, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге жазаланады.

Елімізде төтенше жағдай кезінде, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді. Мемлекет басшысы өз сөзінде індеттің таралуын ауыздықтау үшін «Төтенше жағдай және карантин режимін бұзғандарға қатысты шараларды қатаңдату қажеттігін айтты, құқық бұзушылықтың көбеюіне, ең алдымен, ұрлыққа, тонауға, талан - таражға салуға, биліктің заңды талаптарына бағынбауға жол бермеу керек. Осыған байланысты қоғамдық орындардың күзетін, оларды жарықтандыру және бейнебақылаумен жабдықтау шараларын күшейту керек. Бұған полицияның бүкіл құрамын жұмылдыру қажет»—деп тапсырды Президент.

Тәжірибегі сүйене отырып, ұрлық қылмысы елімізде жаппай тәртіпсіздіктер болған кезде де орын алатынына көз жеткізуге болады. Соғыс, төтенше жағдай уақытында айыпты өзінің білінбей қалуын, ұсталмайтын мүмкіндігінің болуына байланысты ұрлық қылмысын әбден жасауы мүмкін. Соғыс, төтенше жағдайлар кезінде жасалған ұрлық, ерекше сараланған ұрлықтың нышаны болып табылады. Бұл норма осындай жағдайлар болған сәтте ұрлық қылмысын алдын алады, болғызбайды.

Осыған сәйкес, төтенше жағдай, табиғи зілзала, техногендік және өзге де апаттар, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі қауіптілігі жоғары ұрлық жасауды, ҚР ҚК-нің 188-бабының 4-тармағының 4 бөлігіне қосуды ұсынамын. ҚР ҚК 188 бабының 4-тармағының 4 бөлігі келесі мазмұнда жазылуын ұсынамын: Мынадай: төтенше жағдай, табиғи зілзала, техногендік және өзге де апаттар, жаппай тәртіпсіздік кезіндегі істелген ұрлық – меншігі тәркіленіп, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге жазаланады. Заңға сәйкес болмашы мөлшер деген сөз тіркесі болуы дұрыс емес, сондықтанда ҚР ҚК 3-бап 10 бөлімін аз мөлшері деп ауыстырған дұрыс.

Бөтеннің мүлкін жасырын жымқыруға ықпал ететін негізгі жағдайлар:

- 1) ұрлықшылардың құқықтық санасының төмен болуы;
- 2) ұрлық жасаушылардың отбасында, қоғамда дұрыс тәрбиеленбеуі;
- 3) мүліктің иесі мүлікті жеткілікті түрде қорғамауы;
- 4) ұрланған мүлікті сатып алушылардың болуы;
- 5) отбасындағы қолайсыз жағдай және де материалдық жағдайдың төмен болуы;
- 6) құқық қорғау органдарының тиімсіз жұмысы.

Қойылған міндеттерді шешу көтерілген мәселелер бойынша ғылыми

әдебиетті дәйекті зерделеуге, қазақстандық және шетелдік заңнаманы қарастыруға, талдауға негізделген болып табылады. Диссертацияның парақтарында қалыптастырылған ұсыныстар мен қорытындылар қолданыстағы заңнаманы құқық қолдану тәжірибесінде жетілдіру үшін пайдалану мүмкін. Зерттеу нәтижесінде алынған теориялық қорытындылар, заң шығарушылық ұсыныстар мен тәжірибелік тұжырымдар диссертацияның әр бір бөлімі мен тарауының аясында қалыптасқан. Осының негізінде, алға қойылған мақсаттарға жеттік және бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру мәселелері бойынша қойылған міндеттер толық түрде шешімін тапты. Диссертацияның барлық ережелері қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқығы, криминология, криминалистика және басқа да құқықтық және құқықтық емес ғылымдармен байланысты салаларды оқыту барысында орта және жоғары мамандандырылған оқу орындарында пайдаланылуы мүмкін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 2020 жылғы 1-тоқсандағы ҚР-дағы қылмыстық жағдай туралы.
<https://stat.gov.kz/news/ESTAT353564>
- 2 Екінші мәрте ұрлық жасаған адамның жәбірленушімен татуласуына жол жоқ. Жаңартылған Қылмыстық кодекстің талаптары қатал
<https://informburo.kz/kaz/eknsh-mrte-rly-zhasaytyndara-keshrm-zho-ylmysty-kodekske-rlya-atysty-tay-anday-zgertuler-engzld.html>
- 3 ҚР. Конституциясы. -1995. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
- 4 ҚР Азаматтық кодексі. - 1999. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000410_
- 5 ҚР-ның Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы: ЖШС «Баспа», 2001. – 332б.
- 6 Тельнов П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлении. – Москва: Юрид.лит., 1974. – 208с.
- 7 Кудрявцев В.Н. Общая теория квалификации преступлений. – М., 1972. – 35с.
- 8 Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. – М.: Госюриздат, 1960. – 137с.
- 9 Коржанский Н.И. Объект посягательства и квалификация преступлений. Волгоград, 1976. – 24б.
- 10 Кузнецов А.В. Уголовное право и личность. – М., 1977. – 65-66с.
- 11 Атаханова Г.М. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі мен заты. – Алматы. 2017. – жалпы 116 б.
- 12 Айқын. 26.08.2018. Ұрлыққа ұмтылғандар неге көп?
[//https://old2.aikyn.kz/2018/07/26/62144.html](https://old2.aikyn.kz/2018/07/26/62144.html)
- 13 А.Б. Баданова, Б.А. Сериев Меншікке қарсы қылмыстардың ХХІ ғасырдағы құқықтық жағдайының қарқынды дамуы. ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – №4 (72). – 2015. – 224б.
- 14 Пірзадаев А.Н. ҚР-ның жаңа қылмыстық кодексіндегі кейбір меншікке қарсы қылмыстардың реттелуінің ерекшеліктері. ҚР Заңнама институтының жаршысы. – Астана, 2014. – №4 (36). – 122-126б.
- 15 ҚР Қылмыстық кодексі. – 2014. – №226-V//
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- 16 Мал ұрлығы үшін 12 жыл арқалауға болады.
<https://inbusiness.kz/kz/news/mal-urlygy-ushin-12-zhyl-arkalauga-bolady>
- 17 А.И. Бойцов Преступления против собственности. – СПб.: Юридический центр Пресс, 2002. – 73 с.

- 18 Бақтығалиев Н. Меншікке қарсы қылмыстар. Заңгер. ҚР-ның құқық жаршысы. – Алматы, 2018. – №3(200). – 55-58б.
- 19 Б.А.Куринов Научные основы квалификации преступлений. – М., 1984. – 21,22б.
- 20 Ибрайым Е.С. Қарақшылықтың қылмыстық құқықтық сипаттамасы. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Юриспруденция» сериясы, 2017. – №1 (47), – 104-108б.
- 21 В.Я. Таций Объект и предмет преступления в советском уголовном праве. – Харьков, 1988. – 88 с.
- 22 Л.Л. Кругликов Проблемы теории уголовного права. – Ярославль, 1999. – 12 с.
- 23 Е.И. Каиржанов Интересы трудящихся и уголовный закон. – Алма-Ата, 1973, – 160 с.
- 24 А.А. Пинаев Проблемы дальнейшего совершенствования советского уголовного законодательства об ответственности за хищения: автореф.дис.доктр.юр.наук. – Киев, 1984, – 4 с.
- 25 Г. Борзенков Преступления против собственности // Человек и закон. 1998. – №7. – 26 с.
- 26 Под ред. И.Я.Казаченко, З.А.Незнамова, Г.П.Новоселова Уголовное право. Особенная часть. – М., 1997. – 190 с .
- 27 Г.А. Кригер Квалификация хищений социалистического имущества. М., – 197 с.
- 28 По ред. И.И.Ветрова и Ю.И. Ляпунова Уголовное право. Особенная часть. – 196 с.
- 29 С.М.Кочои Ответственность за корыстные преступления против собственности. – М., 2000. – 81-82с.
- 30 Т.Л.Сергеева Уголовно- правовая охрана социалистической собственности в СССР. – М., 1954. – 15с. Г.А.Кригер Квалификаця хищений социалистического имущества. –М., 1971. – 29с.
- 31 Б.А. Куринов Уголовная ответственность Сирота С.И.Преступления против социалистической собственности и борьбе с ними. – Воронеж, 1968, –14с.
- 32 Право собственности в СССР: Проблемы, дискуссии, предложения.- М.,1989. – 4с с.
- 33 Под ред. А.А. Пионтковского, П.С. Ромашкина, В.М. Чхиквадзе Т.2. – М., 1971. – 123с.
- 34 В.Г.Беляев Применение уголовного закона. – Волгоград, 1998. – 49б.
- 35 Г.М. Атаханова Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісін анықтаудың теориялық мәселелелері. Әл-Фараби атындағы

- ҚазҰУ Хабаршысы. «Заң» сериясы, 2016. – №1 (77), – 362б.
- 36 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. – Алматы: Жеті Жарғы. 1999. – 21б.
- 37 Кудрявцев В.Н. Теоретические основы квалификация преступлений. М: Государственное издательство юридической литературы, 1975. –124с.
- 38 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне түсінік. – Алматы: Жеті жарғы. 2001. – 693б.
- 39 Смирнов В.Г. Объект уголовно-правовой охраны и правопорядка. Сб. ученых трудов. Вып.14. – Свердловск. 1971. – 15б.
- 40 <https://www.zakon.kz/4621807-men-1178aza1179stan-za1187darynda.html>
- 41 <http://kzdocs.docdat.com/docs/index-18523.html?page=3>
- 42 Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть. Курс лекций. М., 1996. – 147с.
- 43 Устименко В.В. Специальный субъект преступления. Харьков. 1989. – 68с.
- 44 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім. – Алматы: Жеті Жарғы. 2000. – 53б.
- 45 Никифоров Б.С. Уголовно- правовая охрана личной собственности в СССР. Изд. АН СССР, 1954. – 92с.
- 46 Федоров М.И. Понятие объекта преступления по советскому уголовному праву. Вып.4. М. 1957. – 55с.
- 47 Утевский Б.С., Вышинская З.А. Практика применения законодательства по борьбе с хищением социалистического имущества. М., 1954. – 21с.
- 48 Пионтковский А.А. Учение о преступлений. М., 1961. – 138с.
- 49 Наумов А.В. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Дәрістер курсы, М., 1997. – 154б.
- 50 Меньшагин В.Д. Усиление охраны личной собственности граждан. М., 1948. – 41б.
- 51 Филимонова А.А. Некоторые вопросы судебной практики по делам о разбоях. Ученые записки юр.фак., вып.4.Казах.ун-та, 1957. – 201с .
- 52 Гагарин Н.С. Квалификация некоторых преступлений против социалистической собственности. Алма-Ата, «Казахстан», 1973. – 26с.
- 53 Владимиров В.А. Квалификация похищений личного имущества. М., 1974. – 61с.
- 54 Загородингов Н.И. Преступление против жизни, М., 1961. – 124с.
- 55 Розенберг Д.Н. О понятии имущественных преступлений в советском уголовном праве. Ученые записки, вып.3. Изд. Харьков. Юр. Института, 1948. – 73с.

- 56 Брайнин Я.М. Советское уголовное право. Часть Особенная, вып. 2. изд. Киев.ун-та, 1952. – 57с.
- 57 Шаргородский М.Д. Ответственность за преступления против личности. Общее учение о составе преступления. М., 1957. – 250с.
- 58 Владимиров В.А. Квалификация похищений личного имущества. М., 1974. – 32,66с.
- 59 Пионтковский А.А., Меньшагин В.Д. Курс советского уголовного права. Т 1. – 415с.
- 60 Хоразашвили Б.А. Вопросы сотива поведения преступника в советском праве. Тбилиси, 1963. – 96с.
- 61 Карпец И.И. Индивидуализация наказания. М.,1961. – 115 с.
- 62 Минимальные стандартные правила ООН, касающихся отправления правосудия в отношении не совершеннолетних. Основные международные документы. Права человека М., 1989. – 268с.
- 63 Құрықбаев А. Бөтеннің мүлкіне қарсы қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесі. Заңгер №8(169), 2015. – 36-40 б.
- 64 А.Қыдырханова Қалта ұрылары қандай тәсілдерді жиі қолданады? <https://baribar.kz/93253/urylar-qalaj-bajqatpaj-tonajdy-zhii-qoldanylatyn-adister/amp>
- 65 ҚР Президенті 23 наурыз 2020 ж. төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді. <https://www.akorda.kz/kz/events/kazakstan-prezidenti-totenshe-zhagdai-zhonindegi-memlekettik-komissiyany-otyrysyn-otkizdi>.
- 66 Әлем елдерінде ұрылар қалай жазаланады? // https://tengrinews.kz/world_news/alem-elder-uryilardyi-kalay-jazalaydyi-350253/
- 67 А.Т. Жукенов Квалификация хищений: Теория и судебная практика. – Алматы: «Норма-К», 2008. – 261с.
- 68 О.А. Мотин Частный интерес в системе объектов уголовно-правовой охраны: автореф.дис. – Волгоград, 2005. – 13б.